

Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С.,
Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ОҚУЛЫҚ



Алматы 2025

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
оқулық



УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
С20

ҚР ҒЖБМ РОӘК-нің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы «Кәсіптік білім, бастапқы әскери дайындық бойынша мұғалімдерді даярлау, химиялық инженерия мен процестер және мәдени тынығу жұмысы, мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» бағыттары бойынша «Оқу-әдістемелік бірлестігі баспаға ұсынған» белгісімен (грифімен) баспаға ұсынылды (Хаттама №2, 31.05.2024 ж.).

Пікір жазғандар:

Тұрсұн Х.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Альжанова Э.Е., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Халықаралық туризм және меймандостық университеті.

Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е.

Қазақстан тарихы: оқулық.

Жоғары оқу орындарының «Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы білім алушыларына арналған оқулық. – Алматы: «Асыл» баспасы - 2025. - 323 б.

ISBN 978-601-339-419-0

Оқулықта «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің оқу бағдарламасындағы тақырыптар бойынша мәтіндер мен оқу-әдістемелік қосымшалар қамтылған. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан территориясында орын алған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, үдерістерді, тарихи заңдылықтарды тығыз байланыста қарастырып, қайшылықтарға толы көптеген саяси-әлеуметтік бетбұрыстар мен ұлт-азаттық қозғалыстардың төңкерістердің, дүниежүзілік соғыстардың, экономикалық өзгерістердің тарихы жаңа қырынан көрсетілген.

Оқулық жоғары оқу орындары «Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы білім алушылары мен оқытушыларына, тарихшы мамандарға, мектептердің ұстаздарына, оқушыларға және қалың оқырман қауымға арналған. Оқулықты оқу-әдістемелік кешен ретінде пайдалануға болады.

Оқулық «Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту» (ЖТН: АР19679946) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

ISBN 978-601-339-419-0

© Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е., 2025

Мазмұны

КІРІСПЕ	4
1. ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	
1.1. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы және ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті.....	6
1.2. Атқа міну мәдениетінің генезисі.....	20
2. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА	
2.1. Моңғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері.....	36
2.2. Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.).....	56
2.3. Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. - XVIII ғ. басы).....	68
3. ЖАҢА ДӘУРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (XVIII ғ. - XX ғ. басы)	
3.1. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы.....	82
3.2. Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғ. соңғы ширегі – XX ғ. басы).....	90
3.3. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі.....	100
3.4. «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы.....	113
4. КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН	
4.1. Қазақстан Қазан төңкерісі және Кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде.....	124
4.2. Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы.....	137
4.3. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары.....	153
5. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН	
5.1. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылысы.....	168
5.2. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және рухани дамуы.....	183
5.3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты.....	190
ҚОРЫТЫНДЫ	201
ӘДЕБИЕТТЕР	202
ГЛОССАРИЙ	207
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОСЫМШАЛАР	
Қосымша А. Тест сұрақтары.....	215
Қосымша Б. Практикалық сабаққа арналған сұрақтар.....	249
Қосымша В. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыс тақырыптары тізімі.....	317
Қосымша Г. «Қазақстан тарихы» пәнінен сабақта және сабақтан тыс уақытта көрсетуге ұсынылатын тарихи фильмдер тізімі.....	319
Қосымша Д. Тарихи фильм мазмұнын талдауға арналған жұмыс қағазы.....	321
Қосымша Е. Интернет сілтемелері және электронды қосымшалар.....	322

КІРІСПЕ

Тәуелсіз елімізде өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи сананы қалыптастыру мақсатында Отандық тарих ғылымының мазмұны бірнеше мемлекеттік бағдарламалар негізінде айтарлықтай толықты. Жинақталған тарихымызды болашақ ұрпаққа жеткізу міндеті әрдайым алдыңғы орынға қойылуда. Сондықтан, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызына байланысты «Қазақстан тарихын» оқытудың орны ерекше. Өйткені, кез-келген мемлекеттің азаматы өз халқының, мемлекетінің тарихын білуге міндетті. «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту өз елін, тарихын, мәдениетін сүйе білуге үйретеді.

Бүгінде «Қазақстан тарихы» пәні еліміздегі жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытылады. Пәннің мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Пәнді оқытудың міндеттері: білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктермен таныстыру; Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын анықтау; дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау; Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау; қазіргі тарихтың азаматтық ұстаным мен ғылыми дүниетаным қалыптастыратын негізгі оқиғалары туралы тарихи білімдерді жүйелеу болып табылады.

Сондықтан, студенттерден пәнді оқу негізінде Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білуі, түсінуі, тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын, адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра алуы, қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеруі, заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделеу, тарихи құбылыстар мен үдерістерді жүйелеу және оларға сыни баға беру дағдыларын меңгеруі күтіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында ұлттық мәдени құндылықтарымызды сіңіруді, елімізде өмір сүретін ұлттардың мәдениеттеріне құрмет көрсетуді, жастарға тарихи сананы қалыптастыруды да мақсат етеді. Бұл тұрғыдан мемлекетіміздің болашағы саналатын жастарға тарихты оқытудың әдістері мен технологияларының маңыздылығы өте жоғары.

Қолдарыңыздағы оқулық Қазақстан тарихы бойынша білім алушыларға жүргізілетін дәрістер мен оларды бекітуге бағытталған сабақтарда пайдаланылатын оқу-әдістемелік әдебиеттер қатарын толықтырып, тәуелсіз еліміздің тарихы туралы жазылатын жаңа туындыларға мәліметтер береді

деген сенімдеміз. Сонымен қатар, еліміздің тарихын жастардың жадына тарих тағылымы ретінде сіңіріп, тарихи санасын заманауи талаптар тұрғысынан қалыптастыруға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін дамыту мақсатында ұсынылып отырған оқулықтың электронды нұсқасы да әзірленді. Оқулықтың мұқабасында көрсетілген QR код арқылы кіруге болатын интернет сайтындағы электронды нұсқасында Қазақстан тарихы бойынша әр тақырыпқа қажетті дәрістік мәтіндер, бақылау сұрақтары, практикалық сабаққа арналған сұрақтар, тестілер, өзіндік жұмыс тақырыптары, глоссарий, видеодәрістер мен тақырып бойынша карталар, схемалар, суреттер, құжаттарды қамтитын слайдтарға, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта пайдалануға ұсынылатын фильмдерге, интернет сілтемелері және электронды қосымшалар берілді. Мұның барлығы білім беруді оңтайландыруға бағытталған.

Оқулық кіріспеден, Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XXғ. басы), Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында, Қазақстан әлемдік қауымдастықта (1991-2022 жж.) деп аталатын 5 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден, глоссарийден және оқу-әдістемелік қосымшалардан (Қосымша А, Б, В, Г, Д, Е) тұрады.

1 ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1.1. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы және ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті

1. Қазақстан тарихы курсының мақсаты мен міндеттері.
2. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы.
3. Қазақстан территориясындағы тас ғасыры.
4. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі.

Қазақстан тарихы курсының мақсаты мен міндеттері. Тарих – жеке тұлғалардың, халықтардың, әр түрлі әлеуметтік топтардың, бүкіл адамзаттың нақты және алуан түрлі әрекеттері, оқиғалары мен үрдістерінің тұтас жиынтығы. Ғылым ретінде тарих үздіксіз үнемі даму үстінде. Қоғамның табысты дамуы тарих сабақтарын терең білмей мүмкін емес. Себебі, қазіргі күн мен болашақ өткенге негізделген.

«Тарих» – арабша «оқиғалар туралы әңгіме» дегенді білдіреді. Тарих ғылымы философия, саясаттану, әлеуметтану, құқықтану, мәдениеттану, тағы да басқа қоғамдық ғылымдар сияқты адамзат қоғамының дамуын зерттейтін қоғамдық ғылымдар қатарына енеді. Бірақ, бұл ғылымдардың ешқайсысы тарих сияқты жалпы адамзат қоғамының дамуын қамти алмайды. Гуманитарлық білімнің синтезі тек тарих ғылымы аясында мүмкін болады. Табиғат пен қоғамның уақыт пен кеңістіктегі өткен жолы ретінде тарих ғылымы адамзат қоғамының өткенін жан-жақты зерттейтін ғылым саласы [1] болып табылады.

Тарих әрқашан идеологиялық күрес пен азаматтардың саяси ойларына әсер ететін құрал болып қала береді. Осыған байланысты, үнемі нақты саяси бағытты қалыптастыру және қоғамның серпінді дамуына ықпал ету үшін барлық аспектілерді ескеру қажет.

Қазақстан тарихы бүкіл адамзат тарихының толық бір бөлімі, өйткені ол дүниежүзі тарихы, Еуразия тарихы, көшпенділер өркениеті, түркі халықтары тарихы, Орталық Азия елдері тарихымен ұштасып жатады. Қазақстан тарихы – Қазақстанның территориясында ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейін болған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, процестерді, тарихи заңдар мен заңдылықтарды аша отырып, тұтас қарастыратын ғылым.

Ұлтының тарихын білу арқылы өзіңнің орныңды, ортаңды біліп, өзіңді-өзің тани алатындай жағдайға келгенде ғана толыққанды азаматы бола аласың. Сондықтан, Қазақстан тарихын білу барлық азаматтарға – шарт.

Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы. Тарихи процестерді сараптау құралы ретінде қызмет ететін тетіктің бірі – кезеңдеу. Ол ең алдымен тарихи дамудың дәуірлері мен кезеңдерінің шартты белгілеріне қарай жіктеумен айқындалады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап Қазақстан тарихын жазуда жаңа өзгерістер пайда болды. Ұлттық тарих пайымдауда, зерттеуде, оқытуда

өркениеттік бағыттағы әдіснамаға негізделді. Көшпенділер өркениеті мәселесі еуроцентристік көзқарастан біршама арылып, тарихи дамудың дәуірлері мен кезеңдерін шартты белгілеріне қарай жіктеуге қол жеткізілді.

Кезеңдеу – тарихтағы ең маңызды және ең даулы мәселе. Негізделген кезеңдеу болмаса, тарих ғылым ретіндегі өзінің маңызды ерекшеліктерін жоғалтады. Осыған сай, әлемдік тарихнамада кезеңдеуге деген зерттеу ұстанымдары өзгергендігін, бір кезеңдеудің екіншісімен алмастырылғанын және оған саяси-әлеуметтік жағдайдың ықпалын аңғартатын жағдайлар аз емес. Кезеңдеусіз тарих ғылымы өмір сүре алмайды, себебі ол тарихшыға субъективизмнен алшақ болуға көмектеседі [2]. «Барлық кезеңдеулер, әлемдік тарихты болсын, не жекелеген мемлекеттердің кезеңдеулері болсын, үздіксіздік пен өзгеріс түсініктеріне негізделеді. Үлкен мәнділікке ие бола отырып, тарихи кезеңдер маңызды ұзақ мерзімді үздіксіздікпен ерекшелену керек. Кезеңдер арасындағы өтпелі уақыттар ескі жалғасушылықты жойып, жаңасын құрастырумен сипатталады» [3]. «Тарихымызды кезеңдеу мәселесі – тарих ғылымындағы ең маңызды мәселелердің бірі. Әрбір саяси-әлеуметтік өзгерістер тарихи кезеңдеуге өзіндік ықпал етеді, ондағы ұстанымдарды анықтайды» [4].

Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесі толық аяқталған жоқ. Бұрынғысынша ежелгі, орта, жаңа заман, қазіргі заман деп бөлінеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан тарихын М. Қозыбаев:

«1. Адам баласы қазақ даласында пайда болып, өмір сүрген белес.

2. Сақ, үйсін, қаңлы, алшын, ғұндар заманасы.

3. Түрік тектес тайпалар дәурені.

4. Қыпшақ белесі.

5. Моңғол үстемдігі.

6. Қазақ халықтары: халықтың, ұлттың қалыптасуы.

7. Отаршының бұғауында.

8. Қазақ халқы кеңес империясының уысында.

9. Қазақ халқы егеменді тәуелсіз ел» [5] кезеңдерін жалпы Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттік құрылыстар тұрғысынан бөліп көрсетеді.

Қазіргі таңда ұсынылатын кезеңдеу:

Адамның тарихқа дейінгі кезеңі – 2,6 млн. – 1 мыңжыл. б.э.д.

Ұлы даланың ежелгі тарихы (1 мың жыл бұрын – б.з.5 ғ.).

Түркілік кезең (6-12 ғғ.).

Ұлттық мемлекеттің қалыптасуы (13-17 ғғ.).

Отарлау кезеңі (18-20 ғғ.).

Кеңестік кезең (1917-1991жж.).

Тәуелсіздік кезеңі (1991ж. – бүгінгі күнге дейін).

Адамның пайда болу мәселелерін зерттеу орасан көп теориялар туғызды, олардың ішінен екі негізгі концепцияны жеке қарастыруға болады. Философиялық-діни (адамды құдай жаратты) және материалистік, бұған

сәйкес адам табиғи эволюция мен еңбек қызметінің нәтижесінде жануарлардан (приматтардан) шықты [6].

Антропогенез – адамзаттың пайда болуы мен қалыптасуы теориясы бойынша:

I. Ең ежелгі адам – Елті адам «Homo habilis» - ерте палеолит - 2,6 млн жыл бұрын;

II. Тік жүретін адам – «Homo erectus» - питекантроп (1891, Ява), синантроп - 1927, Қытай, Чжоукоудян) - ерте палеолит;

III. Неандерталь адамы – Германия, 1938 – Өзбекстан, Тесік Тас - орта палеолит, мустье;

IV. Саналы адам – кроманьон - Франция - кейінгі палеолит (1 сурет).



1 сурет. Антропогенез (Иллюстративная история Казахстана с древнейших времен до наших дней (в 3-х томах). Т.1. От эпохи палеолита до монгольского нашествия. – Алматы: РОНД, 2001, - 240 с.)

Глоттогенез – тілдің пайда болуы теориясы. Қазіргі ғалымдардың көпшілігінің пікірінше, адамда биологиялық тұрғыдан тілдік қабілет бар, ол ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Ал, культурогенез – халық пен ұлт мәдениетінің пайда болуы мен қалыптасу процесі. Бұл категорияның өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан ол ұлт пен оның мәдениетінің дамуы нәтижесінде құрылған жалпы негізде дамиды табиғи, әлеуметтік анықталған процесс. Ол мыңдаған жылдар бұрын қалыптаса бастады және жалпы тарихи тағдырмен, геосаяси мүдделермен, аумақтың тұтастығымен, құндылық-семантикалық мәдени кеңістіктегі мәдениетаралық диалог дәстүрлерімен байланысты көптеген этностардың мәдениеттерінің алуан түрлілігін біріктіреді.

Культурогенез тұрақтылықпен сипатталады және мәдениеттің социодинамикасы негізінде дамиды. Бұл құрылыстың және қалыптасудың белгілі бір принциптерімен сипатталатын мәдени процес. Бұл –интегративті функцияны орындайтын философиялық тұжырымдамалық аппараттың бөлігі, мәдени генезис туралы зерттеу жүргізуге көмектесетін мәдениет теориясының категориясы.

XX–XXI ғасырлар тоғысында зерттеушілердің палеоантропологиялық жаңалықтары адам эволюциясының жаңа маңызды белгілерін енгізді. 1974

жылы ахеологиялық экспедиция барысында табылған ең қызық олжалардың бірі австралопитектер сүйек қалдықтарындағы әйел адамның қанқасы болды. Әйел сүйегі қанқасының 40 пайызы сақталған. 3,18-3,2 млн. жыл бұрын өмір сүрген әйелдің бас сүйегі, омыртқа, қабырға, жауырын сүйектерінің қалдықтары калий-аргон анализ негізінде, әйелдің 25 жастағы, бойы 105 см, салмағы 27 кг болғаны анықталып, ғылымдағы тұжырымдалған сенсациялық жаңалық болды. Табылған әйел сүйек қанқасы ғылымда «Люси» деп шартты түрде аталды [7].

Материалдардың жинақталуы нәтижесінде тарихтың дәстүрлі бір сызықты тізбегі адам эволюциясының көп сызықты моделімен алмастырылатыны айқын бола бастады. XX ғасыр 90-жылдарының соңында адамның ортақ атасы анықталмады және антропологиялық әдебиетте оның ежелгі дәуірі мен биологиялық портреті туралы бірыңғай көзқарас болмады.

2002 жылы Париж антропологтары М.Пикфорд және Б.Сеню Кениядағы Тужен төбелеріндегі екі аяқта жүретін, адам тістері бар және молекулалық биологияға сәйкес антропоидтар мен адамның эволюциялық тармақтары бөлінген кезеңде өмір сүрген оррорин деп аталатын адам қалдықтарын тапты.


Әлемдік сенсация 2002 жылдың жазында Чадтан Л.Ликидің көне адамды табуы болды. Миының көлемі 750 г-нан асатын Тұмая деп аталатын адамның бас сүйектері, мойын омыртқаларының құрылымы тік жүруі 7 миллион жыл бұрын қалыптасқанын және бұл Австралопитектердің меншігі емес екенін дәлелдеді. Бұл – ең көне гоминид болды.

70 мың жыл бұрын белгісіз себептермен адамзат саны 2 мың адамға дейін азайып, содан кейін неандертальдықтар, қазіргі адамның атасы бола бастады. Кроманьондықтардың популяциясы артып, шамамен 25 мың жыл бұрын адамзат саны өсе бастады. Бүгінде қазіргі заманғы түрдегі Адамның пайда болу күнін көрсететін жаңа деректер пайда болуда. Мәселен, 2003 жылы американдық зерттеушілер анықтаған Эфиопиядағы Афар шөлінен табылған олжаларды (*Homo sapiens* (Канжера, Омо) айтуға болады. Олар бет ерекшеліктері қалыптасқан адам дамуының негізгі кезеңіне жатады және «*Homo sapiens idaltu*» деп белгіленеді [8]. Бұл жаңалық қазіргі адамның Африкада 160 мың жыл бұрын пайда болғанын растайды.

Қазақстан территориясындағы тас ғасыры. Адамзат тарихы археологиялық дәуірлеу бойынша маңызды үш дәуірге бөлінеді (*1 кесте*): тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі. Мұндай дәуірлеу адамның пайдаланған еңбек құралдарының материалы бойынша аталған. Оның ішінде ең ұзаққа созылғаны – тас дәуірі болды. Ғылыми таным тас дәуірін өз ішінде үш кезеңге бөліп қарайды.

1. Палеолит (б.з.д. 2,6 млн - 12-10 мың жыл);
2. Мезолит (б.з.д. 12 мың - 5 мың жыл);
3. Неолит (б.з.д. 5 мың - 3 мың жыл).

1 кесте. Тас дәуірі кезеңдері.



Бірінші кезең – *палеолит (көне тас ғасыры)*. Бұл – ең ежелгі кезең. Көне тас ғасыры ежелгі, орта және соңғы палеолит болып бөлінеді.

Палеолит дәуірінің еңбек құралдары Оңтүстік өңірде (Жамбыл облысындағы Қаратау қаласының солтүстік-шығысында), Талас ауданында орналасқан Бөріқазған және Тәңірқазған деген тұрақтардан және Оңтүстік Қазақстан облысының территориясындағы Қошқорған, Шоқтас, Қозыбай деген тұрақтардан табылған [9]. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстандағы экспедиция кезінде палеолит дәуіріне жататын тұрақты Х.Алпысбаев ашты. Орталық Қазақстан жеріндегі ерте палеолит ескерткіштеріне Жаман Айбат, Құдайкөл, Обалысай жатады.

Ерте палеолитте адамдар тобыр болып қорғану және шабуыл жасау, аң аулау және жиын-терін үшін бірлесіп, қоғамдық қатынастары жетілмегендігімен ерекшеленді.

Мустье кезеңінде адам от пайдалануды үйренді. Ортаңғы палеолиттің мустье дәуірінде жаңа адамдар типі – неандертальдықтар қалыптасты.

Соңғы палеолит б.з.д. 35-30 мыңжылдықтардан б.з.д. 12-10 мыңжылдықтардың аралығын қамтиды. Адам ұжымының қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы нышаны ретінде рудың шығуымен тікелей байланысты болды. Алғашқы қауым өнері – мамонт сүйегі мен тастардан мүсін жасау, сүйек бетіне бедерлі ою-өрнек, үңгір қабырғаларына түрлі-түсті сурет салу ісі пайда болды [10]. Осы кезеңде рулық ұйым барлық жерлерде ана жағынан топтасып, әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп болжанады. Кейінгі палеолит ескерткіштерінен ең көрнектісінің бірі – Орталық Қазақстандағы Батпақ тұрағы. Бұл тұрақтан 300-ге жуық тас құралдар табылды.

Мезолит. Дүние жүзіндегі тас дәуірінің классификациясы бойынша көне тас дәуірімен жаңа тас дәуірінің арасында өтпелі дәуір – мезолит (мезо-орта, лит-тас) – орта тас дәуірі (2 сурет) деп аталады. Кезеңнің ерекшеліктері:

климат жылынып, мұз ери бастады (б.з.д. 13 мыңжылдық), ірі жануарлар азайып, ұсақ аң-құстар пайда болды, садақ пен жебе және бумеранг, микролитеттер, қайық, балық аулау құралдары пайда болды.



2 сурет. Мезолит дәуірі (б.з.д.12-5 мыңжыл.) (Sokmen M.A., Bakirci C.M., *Arkeolojide Artı Ürün ve Artı Değer Kavramları*.

<https://evrimagaci.org/arkeolojide-arti-urun-ve-arti-deger-kavramlari-1490?read-complete=true>)

Б.з.д. 12 мың жылдықтан 5 мыңжылдың аралығын қамтыған орта тас дәуірі болып саналатын мезолит кезеңіндегі жетістік - садақ пен жебенің кең қолданылуы болып табылады.

Мезолит дәуірінің басты ерекшеліктерінің бірі – садақ пен жебенің кеңінен қолданыла бастауы, еңбек құралдарын жасау барысында сына техникасының (микролиттерді жасау) таралуы және халықтың жиі қоныс ауыстыруы болды. Бұл кезеңде аңшылық негізгі кәсіптің бірі болып қала берді. Аң аулайтын жерлер азайған сайын, тұрғындар жаңа мекендер іздеуге мәжбүр болды. Осы себепті халықтың бір бөлігі қазіргі Қазақстанның солтүстік аймақтарына – Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай және Орал өзендерінің аңғарларына қарай көшіп-қонып отырды.

Жаңа тас дәуірі деп аталатын неолит кезеңі шамамен б.з.д. 5-3 мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Бұл дәуірдің негізгі жетістігі болып жер және мал шаруашылығын игеру, өнімді еңбектің пайда болуы (неолиттік төңкеріс) болды. Сондай-ақ, неолит кезеңінде басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуы, атап айтқанда, қыш құмыра ісі, тоқыма ісі қоғамның дамуына өз ықпалын тигізбей қоймады. Ол тас өңдеу техникасының әбден жетілген кезі. Қыспа ретушь техникасының жетілуімен бірге, тасты өңдеудің

жаңа технологиялық әдістері: *тегістеу, бұрғылау, аралау* әдістері дамыды.

Бұл кезеңде еңбек құралдарының жаңа түрлері көбейе түсті. Адамдар тас балта, кетпен, дәнүккіш, келі мен келсап сияқты құралдарды жасауды меңгерді. Сонымен бірге нефрит пен яшма секілді әдемі тастардан түрлі әшекейлер – *білезіктер мен алқалар* дайындалды. Бұл – зергерлік бұйымдардың алғашқы үлгілері болатын.

Неолит дәуірінің аса маңызды белгісі табиғаттың дайын өнімдерін иемдену орнына терімшілік мен аң аулаудың орнына келген өндіруші шаруашылыққа негіз болған *мал шаруашылығы мен егіншіліктің* пайда болуы еді.

Неолит дәуірінде алғашқы адамдардың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі тұрғындарында кен кәсібінің бастамалары пайда болды. Қыш құмыра ісі (керамика), тоқымашылық дамыды. Қазақстандағы неолиттік тұрақтарға: Шығыс Қазақстандағы *Усть-Нарын*, Солтүстік Қазақстандағы *Пеньки*, Орталық Қазақстандағы *Зеленая Балка* тұрақтары жатады.


Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Энеолит. Археологиялық кезеңдерге бөлу өлшемдеріне сәйкес, адам өміріне мыс құралдар енген дәуірді энеолит деп атайды. Әдетте, бұл шақпақ тас индустриясының құлдырап, тас құралдар жиынтығының кемуіне алып келді.

Энеолит термині грек тіліндегі "lithos" – тас және латын тіліндегі "aeneus" – мыс сөздерінен шыққан. Тас ғасыры мен қола дәуірінің аралығындағы археологиялық өтпелі кезең, яғни мыс-тас кезеңі.

Бұл кезең тас дәуірінен металды қолдану дәуіріне өтпелі уақыт болып саналады. Энеолит дәуірінде адамдар алғашқы рет табиғи мысты өңдеп, тұрмыста пайдалана бастады.

Қазақстан жерінен табылған энеолит дәуірінің ескерткіштері әзірге көп емес. Оларға Иманбұрлық, Сексеуілді 1, 2 қоныстарының қабаттарын, Павлодарға жақын жерде Ертіс өзенінің жағасында орналасқан Железинка поселкесінің маңынан табылған обаны жатқызуға болады.

Қазақстан аумағында энеолит кезеңінің ерекше ескерткіші – Солтүстік Қазақстандағы Ботай тұрағы (б.з.д. 3-2 мыңжылдық) (*3.1 сурет, 3.2 сурет*) [11]. Ботай мәдениетінің қалыптасуына неолиттік Атбасар және Маханжар мәдениетін құрған тайпалар қатысты. Ботай мәдениетін археолог В.В. Зайберт ашты.



3.1 сурет. Ботай мәдениеті тұрағы (Ботай мәдениеті. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8598>)

Бұл тұрақ 15 гектар жерді алып жатыр. Тұрақты қазу барысында 158 тұрғын үй табылды. Үйлер кәдімгідей көше-көше болып салынған. Үйдің қабырғасының бір метрге жуығы – кәдімгі жер. Одан жоғары тұсы – топырақпен дуал етіп шенделген қабырға. Қабырғаларға бөрене мен сырғауылдар салынған. Үйлердің қабырғалары жануарлар терісімен жабылған, ал үйдің төбесінде түтін шығатын тесік қалдырылған, ортасына ошақ орнатылған. Қазба жұмыстары барысында тастан жасалған құралдар – садақтың ұштары, найзалар, пышақтар мен балталар табылды. Сүйектен жасалған ине, біздер және қыштан жасалған бұйымдар да ұшырасты. Жылқы сүйектері өте көп табылды. Ботайлықтар бүкіл Еуразия даласында алғашқы жылқы малын қолға үйреткендер болды.



3.2 сурет. Ежелгі адамдар тұрағы (Иллюстрациялық сурет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті музей қорынан алынды).

Солтүстік Қазақстан территориясында бірегей ескерткіш болып табылатын Бестамақ қорымы энеолит пен орта ғасырлар дәуірі аралығында әрекетте болғаны белгілі.

Маңғыстау өңірінде табылған ескерткіштер энеолит дәуірі мәдениетінің екінші аймағына жатады [12]. Маңғыстау түбегіндегі белгілі энеолит тұрақтары – Шебір, Жыңғылды, Қошқарата. Энеолит мәдениеті бұл өңірге Еділ-Жайық бойындағы хвалын тайпалары арқылы және біздің заманымыздан бұрынғы 3-2 мыңжылдықтарда Орталық Азиядан қоныс аударған келтеминар мәдениетінің өкілдері арқылы келген деген болжам бар.

Қола дәуірі. Адамдардың металл қорыту ісін меңгеруі қоғам дамуының алға басуына жол ашты. Қола дәуірінде (б.з.д. 2-1 мыңжылдық) кен өндірушілер табиғи таза мыстың қоғам сұранысына жеткіліксіздігіне байланысты, металды өздері қорыта бастады. Алғаш қорытылған металл таза мыс емес, қола (мыс пен қалайының қосындысы) болып шықты. Кездейсоқ қорытылып алынған қоланың сапасы мыстан артық болды. Осы заманда мыс, мырыш, қорғасын, қалайы сияқты түсті металдарды қорытып сараптау басталды. Б.з.д. 2 мыңжылдықта Қазақстан территориясында зергерлік бұйымдар жасау өнері дами бастады. Алакөл жерінен табылған алтын білезік, Жетісудағы Мыңшұңқыр қорымынан табылған алтын сырға соған дәлел бола алады.

Қола дәуірі 3 кезеңге бөлінеді (2 кесте): ерте Федоров (б.з.д. XVIII-XVI ғғ.), орта немесе Алакөл (б.з.д. XV-XII ғғ.) және соңғы немесе Замараев (б.з.д. XII-VIII ғғ.) кезеңі.

Бұл дәуірде Қазақстан даласын, Оңтүстік Сібір мен Орал өңірін шығу тегі жағынан бір-біріне жақын, өзіндік материалдық және рухани мәдениеті қалыптасқан тайпалар мекендеген. Олардың мәдениеті 1914 жылы алғаш рет Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов ауылынан табылған қоныс орнына байланысты Андронов мәдениеті деп аталды. 1927

жылы археолог М.П. Грязнов Андронов мәдениетіне жататын қоныстар мен қорымдарды Батыс Қазақстан аумағынан тапты. Қола дәуірі мәдениетті зерттеуші қазақстандық ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, К. А.Акишев, А.Г. Максимова, С.С. Черников, А.М.Оразбаевты атап өтуге болады.

Андронов тайпалары Қазақстанның барлық жерін мекендеген. Андронов мәдениетіне жататын ежелгі қоныстардың бірі – Арқайым қаласы. Ол қазіргі Қазақстанның Қостанай облысы мен Ресейдің Челябин облысының шекарасына жақын маңда орналасқан. Арқайым — ежелгі адамдардың құрылыс салу, қоғамдық өмірді ұйымдастыру және металл өңдеу ісінің жоғары деңгейде болғанын дәлелдейтін ерекше археологиялық ескерткіш. Зерттеушілер бұл қонысты алғашқы қала типіндегі орталықтардың бірі ретінде бағалайды.

Андронов тайпаларының қоныстанған негізгі аудандарының бірі – Орталық Қазақстан [13]. Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері қазақ даласы арқылы өткен саяхатшылардың да назарын аудартады. Ф. Скибин, М. Трошин, швед ғалымы Ф. Стромберг, Г. Миллер XVIII ғасырдың екінші жартысында осы аймақтың археологиялық ескерткіштеріне қызығушылық танытып, бірнеше экспедициялар ұйымдастырды. Соның ішінде, құнды мәліметтер қалдырғандар И. Фальк, П. Паллас, П. Рычков, И. Георги. XIX ғасырда ежелгі қорымдардың біразы тонауға ұшырағанына байланысты жойылды, олар туралы С. Броневский, А. Базирев, т.б. жазбаларынан білуге болады.


Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері мен жәдігерлері туралы Н. Ядринцев, Г. Потанин, В. Радлов, Н. Коншин, И. Кастанье сынды ғалымдардың мәліметтері аса маңызды [14] болып табылады.

1933 жылы Нұра экспедициясының маңызды жаңалығы Дәндібай ескерткішінің табылуы болды.

Орталық Қазақстанның кешенді түрде зерттелуі 1946 жылдан бастап Ә.Марғұланның жетекшілігімен жүргізілді [15]. Қола мәдениетінің қалыптасуында мыс кеніштері маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда ежелгі металлургия орталықтарының қалдықтары сақталған.

Қола дәуірінің ерте кезеңі Солтүстік Қазақстанда Феодоров кезеңі деп аталады, ал Орталық Қазақстанда бұл кезеңді Нұра кезеңі деп атайды және ол б.з.д. XVIII-XVI ғғ. қамтыды. Қола дәуірінің орта кезеңі Солтүстік Қазақстанда Атасу кезеңі, ол б.з.д. XV-XII ғғ. қамтиды. Б.з.д. XII-VIII ғғ. – Беғазы-Дандыбай кезеңінде Андронов мәдениеті тайпаларының экономикасында, тұрмысы мен мәдениетінде өзгерістер болды. Бұл өзгерістер қоғамның жаңа шаруашылық негізіне байланысты болды.

2 кесте. Қола дәуірі кезеңдері.



Андроновтықтардың тілі – үндіиран. Антропологиялық тұрпаттары – еуропеоид нәсіліне тән болған. Қоғамдық құрылымда аналық (матриархаттық) жүйеден аталық (патриархаттық) құрылымға өту процесі жүрді. Андроновтықтарда бірнеше ірі патриархалды туыстық жанұялар бірігіп, рулық қауым құрған. Бірнеше туысқан ру тайпаға бірікті.

Кейінгі қола дәуірінде табиғат күштеріне табыну (Күн, Ай, жұлдыздар) кеңінен тарады. Сонымен қатар ата-баба рухына сыйыну мен о дүниеге сену нанымдары маңызды орын алды.

Адамзаттың сол кезеңдегі рухани мәдениеті мен дүниетанымын бейнелейтін басты дереккөздердің бірі – тасқа қашалып салынған суреттер (петроглифтер). Қазақстан аумағындағы Таңбалы, Ешкіөлмес, Қаратау, Маймақ, Тарбағатай, Бөкентау сияқты тарихи орындарда табылған суреттер дүниежүзілік мәдени мұраның құрамына енген. Бұл бейнелерде көбінесе жабайы бұқалар, қос өркешті бактриан түйелері, сондай-ақ екі доңғалақты арбалар, соқа мен жер жырту көріністері бейнеленген. Олар сол дәуірдегі адамдардың тұрмыс-салтын, еңбек әрекетін және діни нанымдарын көрсететін маңызды археологиялық деректер болып саналады.

Андроновтықтардың қоғамдық құрылысында мал шаруашылығы мен металлургия саласына ерлердің еңбегі көп қажет болғандықтан, ер адамдардың рөлі жоғарылап, әкелік отбасылық қатынас орнады.

Кейінгі қола дәуірінде, әсіресе Орталық Қазақстан аумағында, жаңа археологиялық мәдениет – Беғазы-Дәндібай мәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениет б.з.д. XII–VIII ғасырлар аралығын қамтиды. Оған тән басты

ерекшеліктердің бірі – андрон мәдениетінің дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа мәдени элементтердің пайда болуы. Солардың қатарына мазарлардың ерекше түрлері, жерлеу ғұрпының өзіндік өзгешеліктері мен қыш ыдыс-аяқтардың жаңа үлгілері жатады.

Қола дәуірі Қазақстан аумағында кеңінен таралып, ежелгі қоғамның әлеуметтік, шаруашылық және рухани дамуына зор ықпал етті.

Алматы өңірінен б.з.д. II–I мыңжылдықтың басына жататын Андронов мәдениетіне тән қоныс орындары мен қорған-обалар табылды. Бұл ескерткіштер ғылымда «Тянь-Шань» және «Көлсай мәдениеті» деген атаулармен белгілі.

Андроновтықтар ою-өрнекпен безендірілген керамика ыдыстарын, қола балталар мен орақтарды, сондай-ақ тастан өңделген еңбек құралдарын жасаған. Бұл олардың металл өңдеу мен қолөнер ісін жақсы меңгергенін дәлелдейді.

Сол кезеңге тән жартастарға қашалған суреттер (петроглифтер) – ежелгі адамдардың рухани өмірі мен дүниетанымының көрінісі. Күннің ыстығына күйген жазық тастарға салынған бейнелердің арасында екі доңғалақты күйме арбалар, күн басты құдайлар, ғұрыптық билер, аңшылық көріністер мен тұрмыстық сюжеттер жиі кездеседі.

Ешкіөлмес жартастарындағы суреттердің ең ежелгілері қола дәуіріне жатады (4 сурет). Олардың ішінде жануарлардың жекелеген суреттерімен қатар, аңшылық, құрбандық шалу, тайталас, қастерлеу, қасиетті неке сияқты көріністер берілген көп мәнерлі композициялар да кездеседі. Әсіресе, Ешкіөлмес жотасының петроглифтерінде ұрыс көріністері мен арбалары бар композициялар жүзден асады. Жартастарға граффити – қашау техникасымен ойылып салынған 1-2 см-ден аспайтын кіп-кішкентай бейнелер әсемділігімен ерекше көзге түседі.



4 сурет. Ешкіөлмес петроглифтері
(<https://old.archaeology.kz/mura?id=396> сайтынан алынды)

Ешкіөлмес петроглифтері ежелгі тұрғындардың діни-мифологиялық дүниетанымымен байланысты киелілік маңызы бар суреттер. Археологиялық ескерткіш Алматы облысы, Ескелді ауданы, Көксу аңғарында орналасқан. Ешкіөлмес жотасындағы жартасқа таңбаланған суреттерді алғашқы рет 1970 жылы Л.И.Скрынник ашты.

Таңбалы петроглиф тас кешені (5 сурет,) Жетісудағы жартасқа салынған өнердің бірегей көне ескерткіші болып табылады. Ескерткіш Тамғалы шатқалында, Қарабастау ауылынан 4 шақырым жерде, Аңырақай тауында, Алматыдан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде орналасқан. «Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтері» тарихи объектісі 2004 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген Орталық Азиядағы жартас өнерінің алғашқы ескерткіші болып табылады [16].



5 сурет. Тамгалы тас кешені. Күнбасты бейне. («Таңбалы» қорық-музейі сайтынан алынды. <https://tanbaly.kz/kz/petroglyphs>)

Қазақ даласын ерте замандардан бастап мекендеген ежелгі тарихи-этникалық қауымдастықтар осы өлкенің табиғи жағдайына бейімделіп, соның негізінде ерекше археологиялық мәдениет қалыптастырды. Өңір тұрғындарының өнідіріс шаруашылығына ауысу нәтижесінде экономикалық шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі, жартылай көшпелі бақташылық қалыптасты.

Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы мен ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті туралы қорытынды ретінде бірнеше маңызды аспектілерді атап өту керек. Алдымен, адамның тарихқа дейінгі эволюциясы көптеген миллиондаған жылдар бойы жалғасып, түрлі физикалық және әлеуметтік өзгерістерді қамтыды. Адамның санасы мен қоғамның дамуы, оның алғашқы құрал-жабдықтарын қолдануы және топтық өмірге көшуі, табиғатқа бейімделу процесі эволюциялық үдерістің маңызды кезеңдерін құрады. Бұл даму кезеңінде адамзат өзіне қажетті дағдыларды меңгеріп, табиғи ортаға бейімделіп, тіршіліктің түрлі қырларын түсінуге ұмтылды.

Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті де ерекше маңызға ие. Осы кезеңде металлды өңдеу технологиялары мен оған негізделген өндіріс әдістері адамзат тарихында жаңа дәуірдің басталуын көрсетті. Көшпелілердің қоғамы табиғатқа тікелей тәуелді болғанымен, олардың қолөнері мен металлургиялық тәжірибелері тек шаруашылықтың емес, мәдениеттің де дамуына ықпал етті. Бұл өркениет алтын, күміс, мыс, темір сияқты металдарды пайдалану арқылы өндірістің жаңа деңгейіне көтерілді, нәтижесінде көшпелілер қоғамының әлеуметтік құрылымы да өзгерді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан аумағы – Homo sapiens-тің қалыптасу ошақтарының бірі екендігін дәлелдеңіз.
2. Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы туралы баяндаңыз.
3. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениетін сипаттаңыз.
4. Палеолит, мезолит, неолит дәуірлеріндегі тілдің, рационалды білімнің дамуы, діни түсініктердің қайта құрылуын айқындаңыз.
5. Жетісу аумағында соңғы қола дәуіріндегі Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуын қарастырыңыз.
6. Ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы жағдайында ежелгі Қазақстан аумағындағы энеолит және қола дәуірін зерттеудегі жаңа көзқарастарды атаңыз.
7. Жетісу аумағында соңғы қола дәуіріне жататын Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуы туралы айтыңыз.

1.2 Атқа міну мәдениетінің генезисі

1. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы.
2. Сармат-Алан тайпалық одағы.
3. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі.
4. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері.
5. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы.

Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Ерте темір дәуірінде (б.з.д. I мыңжылдық) Еуразия далаларында ірі тайпалық бірлестіктер қалыптаса бастады. Бұл тайпалар арасындағы мүдделік қақтығыстар, сондай-ақ олардың отырықшы-егінші халықтармен орнатқан қарым-қатынастары қоғамның біртіндеп әскериленуіне алып келді. Тарихи деректерде бұл кезеңде сахнаға гректер, парсылар, скифтер, сақтар, сарматтар сияқты ірі этникалық бірлестіктер шыққаны айтылады. Этникалық жағынан туыс, өмір салты мен даму деңгейі ұқсас тайпалар арасында тығыз мәдени байланыстар орнады. Мұның нәтижесінде бір-біріне жақын, ортақ ерекшеліктерге ие далалық мәдениеттер қалыптасты.

Скиф-сақ заманында тайпалардың материалдық мәдениетінде қару-жарақтың, ат әбзелдерінің айрықша түрлері пайда болып, «скиф-сақ аң стилі» деген атау алған өзіндік өнер кең таралды. Археологтар бұл мәдениеттің негізгі үш белгісін «скифтік үштік» деп атайды. Олар: қару-жарақ, ат әбзелдері, аң стиліндегі өнер туындылары.

Ерте темір дәуірінде далалық тайпалардың қоғамы ерекше қарқынмен дамыды. Металл өңдеу ісі, қолөнер мен сауда айырбасы өркендеді. Тайпалық одақтар күшейіп, олардың ішінде патшалар мен әскери ақсүйектер билік жүргізе бастады. Қайтыс болған билеуші немесе беделді адамдарды жерлеген кезде олардың қымбат бағалы заттары – қару-жарағы, ат әбзелдері,

әшекейлері бірге қойылған. Мұндай үлкен жерлеу құрылыстары ғылымда «патша обалары» деп аталады.

Қазіргі замандағы ғылыми көзқарас бойынша, бұл қоғам ерте мемлекеттік құрылым деңгейіне көтерілген. Ғалымдар б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия даласында қалыптасқан бұл дамыған қоғамды «Дала өркениеті» деп атауды ұсынған.

Біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықта сақ тайпалары Үндістанның солтүстігінен бастап, Ауғанстан, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстігіне дейінгі кең аумақта мекендеген.

Ежелгі грек тарихшысы Геродот (б.з.д. V ғ.) сақтарды «азиялық скифтер» деп атаған. Сақтар туралы деректер ежелгі парсы дереккөздерінде де кездеседі. Мәселен, Ахеменидтік сына жазбаларында олар үш негізгі топқа бөлінеді:

- сақ-хаумаварга – «хаома сусынын дайындайтын сақтар»,
- сақ-тиграхауда – «шошақ бөрік киген сақтар»,
- сақ-парадарайа – «теңіздің арғы жағындағы сақтар».

Сақтар туралы алғашқы жазба деректердің бірі «Авеста» мәтіндерінде де ұшырасады.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, сақтардың негізгі антропологиялық типі еуропеоидтық болғанымен, олардың құрамында моңғолоидтық элементтер араласады. Антропологтардың деректеріне сәйкес, моңғолоидтық белгілер сақ тайпаларында шамамен 20%-ды құраған.

Сақ тайпаларының саяси тарихында олардың парсылармен соғысқандығы туралы деректер бар. Мысалы, Кир патша сақ патшайымы Томириспен соғысып, I Дарий сақтарды жеңуге тырысқан. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырдың 30-жылдарында сақтар Александр Македонский бастаған грек-македон әскерлеріне қарсы соғысқан. Сонымен қатар, сақтар Парфия мемлекетінің құрылуына, Грек-Бактрия патшалығының құлауына және Кушан империясының құрылуына қатысқан.

Сақтар мал шаруашылығы мен егіншілікті ұштастырып, көшпелі мал шаруашылығы біртіндеп үстем жағдайға ие болды. Экономиканың бұл түріне көшу дала тайпаларының өміріндегі экономикалық прогресті білдірді. Мал шаруашылығы шикізаты негізінде қолөнер дамыды. Сақтар доңғалақты көліктер, былғары және ағаш ыдыстар, қола және темір қару-жарақтар мен сауыт-саймандар, қылыштар, акинак қанжарлары және басқа да заттар жасады.

Сақ үстемдігі кезеңінде Еуразия даласында Батыс пен Шығыс елдерін, Жерорта теңізі мен Қытайды байланыстыратын транзиттік халықаралық сауда басталды.

Сақ қоғамында тайпалық қатынастардың ыдырау процесі жүрді, патриархалдық қатынастар дамып, жеке және отбасылық меншік пайда болды.

Сақ заманынан жеткен ескерткіштер:

1. Есік обасы – 1969-1970 жылдары К. Ақышев бастаған археологиялық экспедицияның қазба жұмыстары негізінде, б.з.д. V-IV ғ. жәдігері «Алтын адам» ескерткіші табылды. Бұл қорымда табылған алтын киімді сақ бекзадасы, оның қасында жерленген ат әбзелдері, ыдыстары әлем тарихында үлкен жаңалық болды. Жәдігерлер арасында аса құндыларының бірі – 26 таңбасы бар күміс табақша (6 сурет). Бұл археологиялық олжа сақтарда жазу болғанын дәлелдейді.



6 сурет. Есік обасы. Күміс табақша (Қайратұлы Б. Күміс тостаған. 2017 жыл 27 шілде. <https://egemen.kz/article/155666-kumis-tostaghan>)


2. Бесшатыр қорымы (7 сурет)- Шылбыр шатқалы, Іле өзені бойындағы сақ мәдениеті мен сәулет өнерінің жарқын бейнесі. Бесшатыр – сақ тайпалараның сакралды орталықтарының бірі. 18 патшалық қорғандар табылған.



7 сурет. Бесшатыр қорғаны (Бесшатыр – тарихтың алтын көмбесі. <https://e-history.kz/kz/news/show/1932>)

3. Берел қорымы – Шығыс Қазақстан, Қатонқарағай жерінде сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш.

4. Шілікті обасы – Шығыс Қазақстан Зайсан ауданында орналасқан. 1960 ж. бастап Ресей ғалымы С. Черников зерттеді. Қазба жұмыстары кезінде 600-ге жуық алтын заттар табылды. 2003 жылы осы жерде үшінші Алтын адам табылды (археолог Ә.Т. Төлеубаев) (8 сурет).



8 сурет. Шілікті қорғаны және алтын бұйымдар. (Шілікті – шежірелі мекен. https://el.kz/shilikti_shezhireli_meken_24966/)

Сармат – алан тайпалық одағы. Сармат атауы біздің заманымыздан бұрын III ғасырдан бастап кездесе бастайды. Жазба деректерге сүйенсек, сарматтар б.з.д. II ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан мен Қара теңіздің

солтүстік аймағын мекен еткен. Алайда, жазба деректерде сарматтар туралы дерек өте аз кездеседі.

Сарматтар алғашында, яғни б.з.д. VIII ғасырда «сауроматтар» деп аталды. Олар біздің заманымыздан бұрын екінші ғасырдан бастап Оңтүстік Орал мен Еділ бойын, Қазақстанның батыс аумағына қоныстанды. Бірақ, б.з. IV ғасырында ғұндардан жеңіліп, батысқа қарай қоныс аударып кетеді.

Сол заманда өмір сүрген барлық тайпалар сияқты сарматтар да ержүрек жауынгерлер болды. Сондай-ақ, сармат тайпасы дай (дах) – массагет, исседондармен туыстас болып келген және роксоландар мен алаңдар және аорстар, сирақтар т.б. тайпалар сарматтардың құрамында болды.

Сармат тайпалары туралы алғашқы мәліметтерді бізге ежелгі грек және рим тарихшылары жеткізген. Солардың қатарында Геродот, Диодор Сицилиялық, Үлкен Плиний және Полибий бар [17]. Бұл деректер сарматтардың шығу тегі, географиялық орналасуы, әскери-саяси байланыстары мен мәдени ерекшеліктері туралы құнды мәлімет береді.

Диодордың жазбасына қарағанда, сарматтар бір кезеңде сақтардың жеріне басып кіріп, олардың аймақтарын иемденіп, жергілікті халықты бағындырған. Оның айтуынша, сарматтар бұрын Мидия жерінде өмір сүрген, кейін Танаис (қазіргі Дон) өзенінің бойына қоныс аударған.

Геродот сарматтар туралы деректерінде бұл тайпаның ерекше бір қырын атап өтеді – оның пайымдауынша, сармат қоғамында әйелдердің рөлі жоғары болған. Тіпті, кейбір сармат тайпаларын әйелдер басқарған. Бұл мәліметті археологиялық қазбалар кезінде табылған әйел адам жерленген жауынгерлік қабірлер де растайды.

Геродот сондай-ақ сарматтардың шығу тегі жайлы қызықты аңыз келтіреді. Онда сарматтар – скиф жігіттері мен амазонкалар арасындағы некенің нәтижесінде пайда болған халық деп сипатталады. Аңыз бойынша, амазонкаларға үйленген скифтер Танаис өзені бойына қоныстанған.

Үлкен Плиний өз еңбектерінде сарматтарды мидиялықтармен туыс деп көрсетсе, Геродот сарматтар мен скифтердің тілі ортақ болғанын, яғни сармат тілі скиф тілімен бірдей екенін жазады.

Б.з.д. V–IV ғасырларда сарматтар мен скифтер қатар өмір сүріп, бейбіт қатынаста болған. Бұл кезеңде скиф саудагерлері шығыс елдеріне жолында сармат жерін еркін өте алған. Сонымен қатар, парсыларға қарсы соғыстарда сарматтар скифтердің сенімді одақтастары ретінде танылды.

Атей патша билік құрған тұста да бұл одақтастық жалғасты. Сармат жасақтары скиф патшасының сарай әскері құрамында қызмет еткен. Уақыт өте келе сарматтардың жекелеген топтары Еуропалық Скифия аумағына көшіп қоныстанды. Бірақ, III ғасырда бұл достық қарым-қатынастың соңы сарматтардың скифтерге қарсы басқыншылық шабуыл жасауымен аяқталды.

Сарматтар жауынгерлігімен ерекшеленеді. Олар көрші скифтерге қарағанда алдыңғы Азия, Солтүстік Кавказ бен Парфияға сәтті басқыншылық жорықтар жасап, үстемдік етті. Сарматтардың құрамында болған роксоландар Понтия патшасы Митридатпен соғысып, скифтерді жақтады.

Бірақ, кейін кезінде өздері соғысқан Митридатпен одақтасып, Римге қарсы басқыншылық жорық жүргізді. Алайда, соғыс барысында сармат тайпалар одағының бірі аорстар Рим әскеріне көмектесіп, сирактарды талқандауға қатысады. Ал, сирактар ол кезде Боспор патшалығының одақтасы болатын.

Алан тайпалары халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде ғұндарға қосылып, Испанияға дейін барды. Кейіннен ғұндар Батыс Қазақстанға қоныстана бастаған кезде сарматтар олармен етене араласып, біріге бастады.

Аландар б.з.д. I мыңжылдықтың соңы мен б.з. I мыңжылдығының басында Батыс Қазақстан мен Солтүстік Кавказ территориясында қоныстанды. Аландар этногенезінің алғашқы кезеңі Орта Азия мен Қазақстанның ішкі аудандарымен байланысты. Бірінші мыңжылдықтың басында алан тайпаларының бір бөлігі батысқа қоныс аударады да, басым бөлігі Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы кеңістікте мекендейді. Мұны сол өңірдегі этнотопонимдерден көруге болады. Мысалы, Маңғыстау мен Үстірттегі қамалдар Қоңыралан, Сүмбетеміралан, Алаңқала т.б. деп аталады.

Аландар мәдениеті Арал-Каспий теңіздерінің солтүстігіндегі қорғандар бойынша зерттелген. Аландар да көшпелі мал шаруашылығы дамып, қой, жылқы өсірді.

Сарматтар иран тілді болды. Бірақ, сарматтар мекендеген жерге ғұндардың келуіне байланысты, олар түркі тілінің ықпалына көшеді. Сарматтар жайлы жазба деректерге қарағанда, жан-жақты, көлемді мәліметтерді, негізінен, археологиялық ескерткіштер береді.

Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі. Ежелгі қазақ даласындағы этникалық, саяси, мәдени үдерістерде ғұн тайпаларының алатын орны ерекше. Осынау жоғалып кеткен халық аты жауынгерліктің, қаталдық пен батырлықтың бейнесіндей көрінеді. Атилла бастаған ғұндар Еуропа елдеріне жортуыл жорық жасап, оларды құлазытып кетеді. Олар халықтардың ұлы қоныс аударуын бастайды. Мұның бәрі Еуропа тарихынан мәлім. Тарихи әдебиетте олар «хунну» немесе «сюнну» деген атпен белгілі.

Ғұндар б.з.д. IV-III ғасырларда қазіргі Монғолия мемлекетінің территориясында, Қытайдың батысында және Оңтүстік Сібір жерлерінде көшпелі ғұн тайпаларының күшті саяси бірлестіктері қалыптасты.

Ғұндар жазба деректерде алғашқы рет б.з.д. 822 жылы аталады, ол кезде олар Қытайға үлкен жорық жасаған. Б.з.д. III ғ. Ғұндардың Қытайға шабуылы үдей түсті. Сондықтан да, Қытай императоры Ұлы Қорғандарын салдырды. Бұл кезде ғұндар туысқан рулардың одағы ретінде қалыптасып, оны сайланған көсем басқарды. Б.з.д. 209 жылы Туман атты көсемнің баласы Мөде өзін «сенгир» деп жариялап (сенгир-ұлы) Ғұн мемлекетін құруға әрекет ете бастады [18].

Алдымен Ғұндардың шығыстағы көршілері дунхулар талқандалды. Одан кейін ғұндар өздеріне батыстағы юечжи мен үйсіндерді, оңтүстіктегі лоуфень мен байян тайпаларын бағындырды. Ғұндардың күшеюі Қытайдың назарынан тыс қалған жоқ, ол кезде Қытайда жаңа Хань әулеті билікке келген болатын. Ғұндар мен Қытай арасындағы соғыс б.з.д. 188 жылы

Қытайдың жеңілуімен аяқталды. Қытай императоры Гао-ди өз әскерімен бірге Байден тауында қоршауға түсті. Императорды Мөденің мейрімділігі ғана құтқарып қалды. Көп ұзамай Қытай мен Ғұндардың арасында бітім орнады. Ол бітім бойынша Қытай ғұндарға жылсайын салық төлеуге тиіс еді. Мөде өлгеннен кейін бейбіт кезең бірнеше ондаған жылдарға созылды. Оны император Уди бұзды. Соғыс б.з.д. 129 жылы басталып, екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды. Қытайлар Ғұндарды Ордостан ығыстырса, б.з.д. 90 жылы Яньшань тауының жанында күйрей жеңілді. Сенгир Хулагу өз бітімінің шарттарын талап етті. Бірақ бейбітшілік ұзақ болмады. Б.з.д. 59 жылы Ғұн мемлекетінде өзара қырқысулар басталады. Сенгирлердің билікке таласын қытай дипломатиясы өршітіп отырды.

Деректерде ғұндар мен қаңлылардың өзара қарым-қатынасы туралы да мәліметтер сақталған. 55 жылы Ғұн мемлекеті – оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Солтүстік батыс Монғолиядағы Қырғыз Нұр көліне таяу жерде теріскей ғұндардың билеушісі Шөже (Чжи Чжи) өз ордасын орнатады. Олар үйсіндерге шабуыл ұйымдастырып тұрды. Шөже мен Қытай елі арасындағы қақтығыс, әсіресе, Шөже қытай елшілерін өлтірткеннен кейін одан әрі ушығып кетті. Шөже мен оңтүстік ғұндар арасындағы бәсеке тартыс күшейе түсті. Осы кезде үйсіндер мен қаңлылар арасында да соғыс өршіген еді. Қаңлылар одақтас ретінде Шөжеге ұсыныстар жасап, Талас өңіріндегі жерлерді беріп, әскеріне қолбасшылық құқығын берді. Оған қоса қаңлы билеушісі қызын берді. Бірақ, оның үміті ақталмады. Шөже үйсіндерді күйрете алмады. Керісінше, шаньюй мен қаңлылардың арасында үлкен соғыс басталды. Шежірелерге сүйенсек Шөже қаңлылардың әдет ғұрыптарын мойындаудан бас тартты және ашумен қаңлылардың қызын (әйелін), оған қоса, бірнеше атақты ақсүйектерді өлтіріп, Талас өзеніне лақтырып тастады делінген деректер бар. Бұл үшін Шөже қаңлы билеушісінің қосынан қуылып, Таластың жоғарғы жағына кетіп, шаһар сала бастайды.

Шөженің күшейе түсуі және оның үйсіндерді дүрліктіріп, шапқыншылық жасай бергені, Қытайды қайта алаңдатып, соғыс басталады. Әскері екіге бөлініп, қалың қол Шу алқабы мен Таласқа жетіп, Шөже салдырған қаласының түбінде қосылады. Қытай әскері камалды бұзып, Шөженің 1518 адамы тұтқынға алынып, олардың түгелдей басы кесіледі.

Ғұндардың қоныс аударуының екінші толқыны 93 жылы басталды. Олар бірқатар тайпаларды бағындырып, екіншілерін соңынан ертіп, Сырдария бойы мен Арал өңіріне, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтарына орналасады. IV ғасырда олар Европадан бой көрсетті.

Тарихшылардың басым көпшілігінің деректеріне сүйенетін болсақ, ғұндар түріктердің арғы ата бабалары, олардың Қазақстан жеріне келіп кіруіне байланысты, шығыс иранның қаңлы тайпаларының түріктенуі басталады. Б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысынан бастап Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан тайпаларының антропологиялық тұрпаты өзгереді де, моңғол тұрпаттылар пайда бола бастайды.

Ғұн державасы аса үлкен қуатқа Атилланың басшылығымен жетті. Оның тұсында Ғұн державасының территориясы кеңейіп, 4 бөліктен тұрды: Солтүстік шекараларда ғұндар патшалығы батысқа қарай Германияға дейін созылды. Оңтүстікте Атилланың салық төлеушілері екі Рим империясы (Шығыс Рим және Батыс Рим) болды. Өз аумағы мен ықпалы бойынша Атилла империясы географиялық тұрғыдан әлемнің барлық 4 бөлігін қамтыды: шығыстан батысқа және солтүстіктен оңтүстікке (көне түркі: *tört bulun*, қазақ: «дүниенің төрт бұрышы»). Ғұн шекаралары шығыстан батысқа қарай – Алтайдан, Орта Азиядан және Кавказдан Дунай мен Рейнге дейін созылды. Орталық Азиядағы ғұн одағы кейіннен қазақ этносының және басқа да түркітілдес халықтардың құрылуына ықпал етті [19].

451 жылы 15 маусымда әлем тарихында атақты «халықтар шайқасы» деп аталып кеткен Қаталуан шайқасында Аэци бастаған рим әскерлері мен Атилла бастаған ғұн әскерлері арасында қантөгіс майдан болды. Көп кешікпей Атилла Рим империясының орталығы Италияға жаңа жорық ұйымдастырады [20].

Еуропаның халықтары Ғұн державасын Рим экспансиясынан құтқарушы ретінде қарастырады. Ғұн державасына байланысты бірқатар герман тайпалары Римге қарсы соғыстарға қатысты. Бір сөзбен айтқанда, Ғұндар империясы ежелгі дәуірден орта ғасырларға дейінгі өтпелі кезеңде Еуропа тарихында белгілі бір орынға ие болды.

Ғұндар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Бұл – олардың күнкөрісінің негізгі көзі әрі көшпелі өмір салтының өзегіне айналды. Малдың ішінде жылқы мен қой ерекше маңызға ие болды. Олар жыл бойына табиғи жайылымда тебіндеп жайыла алатындықтан, ғұндар үшін өте тиімді болды.

Ғұндардың жылқылары жатаған денелі, тұрқы мықты, бұлшық еттері берік, басы жалпақ әрі қысқа келетін. Бұл жылқы тұқымы ауыр табиғи жағдайларға төзімділігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, олар өгіз, түйе, қодас, сондай-ақ ірі отарлы қой мен ешкі өсірді.

Мал жеке отбасылардың меншігінде болған. Әрбір отбасы өз руының жерінен жайылым бөлігін пайдалануға құқылы еді және ол ру тарапынан қорғалып отырған. Бұл ру-тайпалық қауымдастықтың ішкі ынтымағын қамтамасыз етіп, ортақ жауапкершілік қағидасына негізделген. Мәселен, бір адамның қылмысы үшін бүкіл ру ұжымдық жауап беруге міндетті болған.

Ғұндардың шаруашылығында аңшылық та маңызды рөл атқарды. Олар көшіп жүргенде аң-құс атып, тұрмыстық қажетіне жаратқан. Бұл олардың табиғатпен тығыз байланыста өмір сүргенін көрсетеді.

Ғұндар қоғамында патриархалды (аталық) отбасы құрылымы қалыптасқан. Көп әйел алу дәстүрі кең тараған. Сонымен қатар, әменгерлік – яғни, қайтыс болған ағасының жесірін туысына үйлендіру салты да болған. Мұндай әлеуметтік қатынастар отбасының мүліктік және туыстық байланысын нығайтып отырған.

Ғұндардың қоғамы 24 руға бөлінген. Ағамандар (ақсақалдар) кеңесі мен халық жиналысы жұмыс істеді. Ғұн қоғамының билеуші тобы төрт рудан құралды. Бұл рулар арасындағы байланыстар некелік қатынастармен бекітіліп отырған. Яғни, бір рудың ер азаматтары басқа үш рудан ғана қыз алысатын болды. Мемлекет басшысы тәңірқұт (шаньюй) төрт рудың ең ықпалды руынан ғана сайланды, оған іле шала жалпы аты түмен басы деп аталатын бекзаттар жүрді. Жазба деректер бойынша, түменбасылар шаньюйдің ұлдары, аға інілері немесе жақын ағайын туыстары болды. Түменбасылар саны небәрі 24, оларда әрқайсысының меншігінде көшіп қонатын өз жерлері болды. Деректерде қара халықтан жиналатын алым салықтың да болғаны жөнінде мәліметтер бар.

Ғұндар арасында қолөнер кәсібінің дамығанын металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан жасалған бұйымдар дәлелдей түседі. Құмыра жасау өнері жоғарғы дәрежеде дамыды. Қазба жұмыстары кезінде ғұндар қорымдарынан табылған жібек маталар, қытайдың ағаштан жасалған қымбат мүліктері, айналар мен нефриттен жасалған бұйымдар олардың көрші мемлекеттермен болған сауда-саттық байланыстарын айғақтайды.

Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносоциалдық бірлестіктері. Үйсіндер Жетісу өлкесін мекендеді. Олар шамамен б.з.д.160 ж. сақ тайпаларының үстемдігін әлсіретіп, жоғарғы билеушілері - гуньмолар өздерінің үстемдігін орнатты. Тайпа көсемдері мен рубасылары – бектер болды. Үйсіндер негізінен Іле өңірінде қоныстанып өмір сүрген, ал батыс жағында Талас, Шу алқабында мекендеген қаңлылармен шекаралас қоныстанса, шығысында ғұндармен, оңтүстігінде Ферғанамен көршілес қоныстанып өмір сүрді. Үйсіндердің астанасы Чичуген (Қызыл Аңғар қаласы) Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аралығында орналасты. Үйсін мемлекеті батыс, орталық және шығыс болып үш бөлікке бөлінді.

Үйсіндердің шаруашылығы кешенді мал шаруашылығы және жер шаруашылығы жағдайында дамыды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы үйсіндер шаруашылығының негізгі түрі болды. Бұл шаруашылық экономикасының дамуында жетекші роль атқарды. Жер шаруашылығын жүргізу және жайылымдық жерлерді пайдалану жүйесі үнемі жетілдіріліп отырды. Қытай мемлекетімен туыстық және кең дипломатиялық қатынас орнатты. Жоғары дәрежедегі ауқатты байлар, орта дәрежедегі және қарапайым адамдар өмір сүрген үкімет билігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды.

Қазақстан жеріндегі ертеде құрылған (б.з.д. II ғ.) Кангюй, Яньцай, Үйсін мемлекеттері туралы қытай деректерінің «Шицзи» жылнамасында: «үйсіндерді мал жайылымдар үшін бір орыннан екінші орынға көшіп жүретін көшпенді халық. Олардың жаужүрек бірнеше мыңдаған әскері бар. Олар Іле өңіріне келіп қоныстанғаннан кейінгі уақытта, аса күшті тайпалық мемлекет ретінде тарих сахнасына шығып, едәуір ықпалды болғанын айтады» [21, 8 б.].

Қытай тарихшысы Сыма Цян мен Бан Гудың «Ханнамасы» мен «Жылнамасында» мынандай деректер бар: «Үйсін мемлекетінің жері... ұлан байтақ кең, әрі жазық, жауын шашыны көп, ауа райы суық, тауларда қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Әдет ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болады. Халқы қайсар батыр келеді. Бұрын ғұндарға бағынышты болған, кейін күшейді де, оларға бағынбайтын болған. Шығыс жағы ғұндармен, Солтүстігі қаңлымен, батыс жағы Ферғанамен, Оңтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі.... » [21, 9 б.].

Үйсін мемлекетінде 120 мың отбасы, халқының саны 630 мың адам, 188 800 сайлаулы әскер ұстаған. Жоғары билеушісі Күнби (Гуньмо) деп аталған. Қытайлықтар қандас тайпалардың арасына іріткі салу үшін қыздарын үйсіндерге ұзатып, ондағы ел билеген атқамінерлер мен елеулі адамдарды тарту таралғымен өздеріне тартқан. Бұл жөнінде қытай жазбаларындағы «Хань хандығының тарихы» атты кітаптың «Үйсіндер» атты тарауында нақты жазылған [22].

Үйсіндердің негізгі орналасқан жері – Іле даласы. Территориясы Шу мен Талас өзендері, Қаратау мен Тянь Шань тауы, Балқаш көлі мен Ыстықкөл. Басты байлығы – мал мен жер.

Б.з.д. I ғасырда ежелгі үйсін қоғамында жерге жеке меншік иелену басталды. Жеке меншік болғанының тағы бір белгісі жеке адамдарға тиесілі мүліктің ерекше таңбалармен белгіленуі. Таңбалар үй мүліктерімен жануарларға салынды.

Әскер басылары мен лауазымды адамдардың алтыннан, мыстан жасалған мөрлері болды. Лауазымы төмен үйсіндер тас және қыш саздан жасалған мөр ұстаған.

Үйсіндердің археологиялық ескерткіштері обалары салынған уақытына қарай 3 топқа бөлінеді:

1. Ерте қорымдары: Қапшағай, Өтеген, Қызылеспе, Қызылауыз, Қызылқайнар. Ерекшелігі: солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеліп салынған, әр тізбекте 5-6 оба бар.

2. Орта кезең қорымдары: Өтеген-Қарлақ, Қаратума, Тайғақ, Алтынемел, Талғар, Ақтас. Ерекшелігі: жүйесіз, 3 обадан тізбектеліп салынған.

3. Соңғы кезең қорымдары: Қапшағай, Шолақжиде, Үңгірқора, Қалқан. Ерекшелігі: тізбексіз және жүйесіз салынып, қабірлер лаққаталып қазылған.

Үйсіндердің негізгі кәсібі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болғанымен, олар егіншілікпен де айналысқан. Мал шаруашылығында жылқы өсіруге ерекше мән берген. Сонымен қатар, үйсіндер қой, сиыр және түйе де ұстаған.. Археологиялық деректерге сүйенсек, үйсіндер егіншілікпен айналысып, негізінен тары мен арпа еккен. Отырықшы үйсіндер металл өңдеумен де айналысқан. Олар мыс, қалайы, қорғасын және алтын кен орындарын игеріп, тұрмыстық және шаруашылық құралдар жасаған. Мұндай кәсібилік олардың қолөнер мен саудада да дамығанын көрсетеді. Тұрғын үйлеріне келсек, отырықшы үйсіндер кірпіш

пен тастан салынған тұрақты баспаналарда өмір сүрген. Ал көшпелі үйсіндер киіз үйлерде тұрған.

Үйсіндердің жерлеу рәсімі олардың дүниетанымы мен діни наным-сенімдерін бейнелейді. Мәйітті қолын қапталға созып, басын батысқа қаратып жерлеген. Үйсіндер өлген адам о дүниеде қайта өмір сүреді деп сенген. Сол себепті марқұммен бірге оның күнделікті тұтынған бұйымдарын (әшекей, қару-жарак, тұрмыстық заттар) бірге жерлеген. Бұл дәстүр кейінгі дәуірлердегі түркі халықтарының да жерлеу салтына негіз болған.

«Усун» терминінің мағынасы осы кезге дейін нақты анықталмай отыр. Ол қытайдың иероглифтік жазбаларынан ғана мәлім, оның қазіргі айтылуы қазақ этнонимдерінің бірі – Ұлы жүз қазақтарының басты этникалық компоненті болып табылатын тайпаның өзін атайтынындай «үйсін» сөзіне сәйкес келеді. Бірқатар зерттеушілер бұл транскрипцияны Орта Азия тарихынан мәлім «асиан» этнонимі деп білуге бейім [21, 47 б.].

Усун терминінің транскрипциясын түсіндірудің тағы бір нұсқасы бар. Қазір у-сун деп айтылатын екі иероглиф ертедегі қытай тілінде а-сман, яғни «асман», «аспан» деп айтылғаны жорамалданады.

Ежелгі усун қоғамында құлдық болғанымен, құл еңбегі өндірісі негізгі болған жоқ. Сол кездегі дүние жүзінің көптеген халықтарындағыдай, үйсіндерде де құлдықтың негізгі көздерінің бірі соғыс тұтқындары болды. Мысалы, жазбаша деректерде мынадай оқиға келтірілген: «б.з.д. I ғасырда усун гуньмосы Вэн Гуйми (Фейван) ғұндарға тұтқиылдан шабуыл жасап, 40 мың адамды тұтқынға алады да, қайтқанда өзімен бірге алып кетеді» [21, 47 б.].

Жазбаша деректер мен археологиялық материалдар үйсін қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік фактісін анықтауға ғана емес, сонымен қатар, оны ең басты әлеуметтік топтарға шартты түрде бөлуге де мүмкіндік береді. Бұл мәселенің археологиялық негіздемесін келтіре кетейік. Жетісу аумағындағы үйсін заманынан қалған обалар үш тұрпатқа бөлінеді. Олардың біріншісі – диаметрі 50-80 м және биіктігі 8-12 м үлкен жер обалар. Үйінді астында, әдетте еркектер мен әйелдер жерленген бір-екі мола шығады.

Теңлік обасында (Шығыс Жетісу) бір молаға атақты әйел жерленген. Оның киімі мәнерлі үлкенді-кішілі алтын қаптырмалармен сәнделген, құлақтарында – бедерленген алтын сырғалар бар, шашына немесе бас киімі алтынмен шебер қапталған ауыр түйреуіш түйрелген. Мұнда оның қасына сәндік заттар (қола айна және алтын жапырақша жолақтарымен өрнектелген ағаш қобдиша) қойылған.

Батыс Жетісуда үлкен обалардың (Қаракөл мен Бурагин обалары) астындағы қабірлер бай, олардан да мүсінді алтын қаптырмалар, Грек-Бактриядан шыққан, тігіп орнататын қаптырмалар, лак бұйымдарының қалдықтары, аң стиліндегі әшекей бұйымдары, қару, қыш және ағаш ыдыстар шықты.

Екінші үлгідегі обалардың мөлшері (Шарын өзеніндегі Қаратұма қорымы үлгісіндегі) диаметрі 15-20 м шамасында, биіктігі 1 метрге дейін болады.

Үйінді астында – бір-екі мола, кейде бір молада – екі қаңқа кездеседі. Құрал-жабдықтар: үш-төрт қыш және ағаш ыдыстар, ұсақ қола, кейде алтын әшекейлер (сырға, жүзік, түйреуіш, білезіктер), «скифтік» өнер стилінде жасалған қола аспалы белдіктер, қару – темір қанжарлар мен семсерлер, жебенің үш қырлы және қалақ бас ұштары. Мұндай обалар жүзге тарта үйінділері бар қорымдарда кездеседі. Диаметрі 5-10 м және биіктігі 30-50 см шағын үйінділер түріндегі обалардың үшінші түрі өте көп. Көмілген заттары біркелкі және аз: бір-екі ыдыс, темір пышақтар мен түйреуіштер, оқта-текте қола сырғалар мен моншақтар кездеседі, оларда қару болмайды.

Үлкен обаларда атақты адамдар – ірі меншік иелері мен олардың әйелдері қойылған деп айтуға әбден болады. Орташа обаларда өз алдына бөлек шаруашылық жүргізетін, халықтың көпшілігін құрайтын ерікті, қатардағы қауым адамдары, ал ұсақ обаларда – тәуелді ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген.

Ежелгі үйсіндердің қолөнерінің үздік үлгісі – Қарғалы шатқалынан табылған диадема – тәті (9 сурет). Алтынмен әрленген диадема – әйелдің әшекейлі бас киімі бақсы әйелдікі болуы мүмкін деп болжалайды археологтар. Диадема ұзындығы 35 см, ені – 5 см. Тор тәріздес диадеманың екі бедерлі алтын тіліктеріне аңдар, жанауарлар, адам бейнелері орнатылған, түрлі түсті тастармен әшекейленіп жапсырылған.



9 сурет. Қарғалы диадемасы («Археология Казахстана» (Алматы: Өнер баспасы, 2006.) кітабынан алынды.)

Үйсіндер мәдениеті мен тарихы біздің заманымызға дейінгі және кейінгі кезеңдерінде маңызды рөл атқарып, мемлекеттік құрылымы мен әлеуметтік ұйымдастырылуы қазақ халқының кейінгі тарихи дамуында айтарлықтай әсер етті.

Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы. Б.з.д. II ғасырда «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын оқиға нәтижесінде Орталық Азияда бірнеше жаңа мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Соның бірі – Қаңлы мемлекеті. Оның Шығыс шекарасы Талас өзенінің бойымен өтті де, кейіннен б.з. III ғасырында Жетісудың оңтүстік-батысына дейін жетті. Мемлекеттің аумағы Ташкент жазирасын, сондай-ақ, Сырдарияның төменгі және орта ағысын, Жаңадария, Қуандария өзендерінің аңғарларын, Арыс өзенін, Қаратау бөктерлерін қоса, Оңтүстік Қазақстанның байтақ кеңістігін алып жатты.

Астанасы Битянь қаласы болды. Халқы шамамен 120 мың отбасы, 600 мың адамды, әскер саны 120 мың адамды құраған.

Қаңлылар туралы мәліметтерді Хань әулетінің билік ету кезеңіндегі түрлі оқиғалары мен жағдайлары баяндалатын «Цянь Ханьшу» еңбегінің «Жерге орналасуды суреттеу» деген бөлімінде айтылады. Қаңлылар туралы зерттеулерге ғалымдар А.Н. Бернштам, С.Г. Кляшторный, Л. Левина, Ю.Ф. Буряков елеулі үлесін қосты.

Қаңлы мемлекетінің халқы, негізінен, егін және мал шаруашылығы, қолөнер, сондай-ақ, сауда-саттықпен айналысты. Қаңлылар Қытаймен, Парфиямен, Риммен және Кушан империясымен саяси-экономикалық және мәдени байланыстар жасап отырды.

Тарихи аңыздар мен рауаяттарда «қаңлы» деген аттың шығу тегі Оғыз ханмен байланыстырылады. Қаңлы мемлекеті туралы алғаш рет біздің дәуірімізге дейінгі ғасырдағы жазба деректер бойынша мемлекеттің орталығы орта Сырдария өзенінің бойындағы Битянь қаласы болған. Жапон ғалымы Сиратори, ол қаланы қазіргі Түркістан қаласының маңы деп есептейді. Кейбір зерттеулер бойынша қаңлылардың мемлекетін «патша» басқарған. Олардың патшалары ябгу деп аталған. Сондай-ақ, мемлекеттік билік құрамында патшаның орынбасары және үш кеңесшісі болды.

Қаңлы мемлекетінде қоғамдық тәртіп пен меншік қатынастарын реттейтін дәстүрлі құқық нормалары қалыптасқан. Бұл заңдар жазбаша түрде болмаса да, рулық-тайпалық салт-дәстүрге, ауызша құқықтық тәжірибеге негізделген. Қаңлылардың заң жүйесінде ұрлық пен өзге де қылмыстарға қатысты қатаң жаза түрлері қолданылған. Мысалы, тарихи деректерге сүйенсек, ұрлық жасаған адамға қол кесу жазасы қолданылған. Бұл жаза қоғамда жеке меншікке қол сұғуға жол бермеу, тәртіп сақтау мақсатында жүзеге асқан. Қылмыс жасаған адам үшін тек өзі ғана емес, оның руы да жауапты болған. Бұл ұжымдық жауапкершілік жүйесі ежелгі көшпелі қоғамдарда кең тараған.

Қазақстан археологы Қ.Ақышев бастаған экспедицияның анықтауы бойынша қаңлылардың I ғасырдағы саяси орталығы Отырар (Фараб), яғни Орхон ескерткішіндегі Қаңғу Тарбан болып есептеледі. Отырар қаласы тарихи деректерде «Тұрар», «Тұрар банд», «Тарбан», «Тарбанд» деп те аталып кеткен [24].

Қаңлы халқының этникалық құрамы жайлы деректер әлі күнге дейін толық зерттеліп, шешімін таппаған мәселе. Қаңлылардың кең зерттелген ірі елді мекені – Көкмардан, ал, қорымдардың ішінде атап кететін – Мардан-күйік қорымы. Қаңлы мемлекетінің теңгелері шығарылған негізгі аймақ – Ташкент қаласы болды.

Қаңлылардан сақталып қалған археологиялық ескерткіштер: 1) Қауыншы, 2) Отырар-Қаратау, 3) Жетіасар археологиялық мәдениеттеріне жатқызылады. Олар Ташкент, Сырдарияның орта ағысындағы Қаратау беткейлерінен Таласқа дейінгі аудандарға, Қуандария мен Жаңадария аңғарына дейін таралған.

Қаңлы дәуіріндегі Орталық Азия аймақтарына салыстырмалы сипаттама берген кезде, Сырдария сағасынан Ферганаға дейінгі біртұтас мәдени шаруашылық өңір айқындалады. Ол өңірге отырықшы егіншілік-малшылық экономика, іргелі архитектурасы мен қорғаныс құбылыстары, қоныстанудың жетекші үлгісі ретінде аздап бекініс жасалған қоныстар, қолөнердің нашар дамуы, ақша айналысының шектеулілігі және басқа да белгілер тән болған.

1) Қауыншы мәдениеті Ташкент маңындағы кенттерінен алынған материалдарға байланысты, Қауыншы кентінің атымен аталған. Бұл мәдениеттің тарихи тұрғындарының өмір кешкен мерзімі б.з.д. III ғасыр мен б.з. I ғасыр арасы. Қазақстандық ғалымдар бұл мәдениетке Ташкент аймағына жақын жатқан Шардара су қоймасының аумағындағы ескерткіштерді де жатқызады.

Шардараға жақын жердегі Ақтөбе қонысы Қауыншы мәдениетінің ең жақсы зерттелген ескерткіші болып табылады. Ол Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Қала орны үш жағынан дуалмен, ал Сырдария жағынан қазылған ормен қоршалған. Қала орнының орталығында орналасқан биіктігі 20 м жуық дөңгелек төбе (оба) ерекше көрінеді.

2) Отырар-Қаратау мәдениеті ескерткіштері шоғырланған орталықтардың бірі – Отырар алқабы болды. Мұнда, Арыстың сол жақ жағалауында, 100 шақырым шаршы болатын 20 шақты томпақ төбелердің қалдықтары жатыр: Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, Шөлтөбе, т.б. Олардың ең ірісі: Көк-Мардан. Көлемі мен орналасуына қарағанда Көк-Мардан қала орталығы болған.

Үйлері, әдетте, екі бөлмелі болып келеді, екі бөлменің екінші бөлмесі қойма қызметін атқараған. Үйдің ортасына жақын жерде тікбұрышты жерошақ орналастырылған. Бөлменің қабырғаларын жағалай адам жататын аласа сәкілер орнатылған. Бұрыштарына су мен азық-түлікке арналған ыдыстар қойылған. Ыдыстар қабырғалардың жанында қойылған.

3) Б.з.д. I мыңжылдықтың орта шенінен б.з. I мыңжылдықтың ортасына дейін шығыс Арал өңірінде өзіндік ерекшелігі бар Жетіасар мәдениеті өркендеген. Жетіасар мәдениетінің өзіне тән бір ерекшелігі тұрақты мекен-жай салуда, Қауыншы мәдениетінің тұрғындарына қарағанда, құрылыс жүйелерінің күрделі әрі сапалы салынуы бірден байқалады. Бұл мәдениеттің жүз елуден (150) астам бекіністі қала орындарынан, жүздеген обалы қорымдардан тұратын ескерткіштері Сырдарияның солтүстігіндегі ежелгі тармағы Қуандария бойында шоғырланған. Барлық қалалар күшті және дамыған қорғаныс құрылыстарының жүйесімен бекітіліп, ішінде түгелдей секция-үйлер салынған.

Қаңлылар заманының қоныстары қасында үлкен зираттар орналасқан. Қаңлыларға тән зираттардың сипаты үңгіп, лақыт жасап және жай шұңқырларға жерлеп, үстіне оба үю, сағана салу болып табылады.

Қаңлылар мемлекеті алып жатқан жер табиғи-климаттық және ландшафтық-географиялық көрсеткіштері жөнінен мейлінше әр түрлі болды (10 сурет). Шағын аймақтардың әрқайсысындағы тұрғындардың

шаруашылық қызметінің негізгі бағытын географиялық орта анықтады. Көшпелі (жартылай көшпелі) мал шаруашылығы мен суармалы егіншілікпен айналысқан тұрғындар мемлекеттік құрылым шеңберінде жарасымды біріктірілді.



10 сурет. Қаңлылар территориясы (Меллат Е. Қағандық құрған қаңлылар мақаласынан. <https://e-history.kz/kz/news/show/1089>)

Тұрғын үйлер жанында малды қоршауда ұстауға арналған орындар кездеседі. Бұл малдың негізгі бөлігі қоныстан тыс жерде ұжымдық табында ұсталғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, оларда үйрек, қаз сияқты суда жүзетін құстар және балық аулау дамығандығын, балық сүйектері мен қабыршақтарының табылуы дәлелдейді. Таутеке, арқар, киік, марал, қабан сияқты жабайы жануарлардың сүйектерінен бұйымдар жасаған.

Қаңлылардың қалалары мен қоныстары ірі қолөнер орталықтарына айналды. Археологиялық қазбалар нәтижесінде бұл қоныстар мен қорымдардан түрлі керамикалық және металл ыдыстар, тұрмыстық және шаруашылық құрал-саймандар табылған. Бұл деректер қаңлыларда темір ұсталығы, қола құю ісі, зергерлік өнері жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар, сүйек өңдеу кең тараған кәсіптердің бірі болды. Сүйектен пышақ, қанжар, семсердің саптары мен тұрмыстық бұйымдар жасалды. Тұрмыс-тіршілікте жүн өңдеу ерекше орын алды. Қой жүнінен киіз басылып, одан жылы киім-кешек пен төсеніштер дайындалды. Сонымен қатар, ши тоқу өнері дамыған. Ол үйдің ішін безендіруде және тұрмыстық мақсатта қолданылған.

II-V ғ.ғ. қаңлылар шаруашылығының сипаты туралы жинақталған деректер тұрғындардың барлық қажетті өнімдермен, шикізатпен және қолөнер бұйымдармен өзін-өзі толық қамтамасыз еткендігін айғақтайды. Ең дамыған аймақтарда ертедегі қалалық орталық қалыптасып, қолөнер мен сауда орталықтарына айналды.

«Хань үйінің тарихы» кітабында, «Батыс өңірі туралы мәліметте» Қаңлылар туралы нақтырақ айтылады. Онда «Қаңлы билеушісі Лююени

елінде Битянь қаласында орныққан. Люеннен 7 күндік жерде оның жазғы ордасы болған. Халқының саны 120000 шаңырақ, 6000000 жан. 120000 әскері бар» [23] деген дерек кездеседі. Сонымен қатар,: «Қаңлылар... тәкаппар да асау, үлкендер алдында бас июге ешқашан келіспейді. Наместниктерден (Қытай империясының жоғары лауазымды тұлғалары) жіберген шенеуніктерді (қызметкерлерді) үйсін елшілерінен төмен отырғызады. Тамақты алдымен князьдар мен старшиналарға береді, тек содан соң, ғана наместниктің адамдарына береді» [23] деген мәліметтер бар.

Қаңлылар саясатының жалпы бағыты Ұлы жібек жолының Ферғанадан Аралға дейінгі Сырдариямен өтетін бөлігін өз бақылауында сақтап қалуға тырысу болды. Ұлы жібек жолының Сырдария арқылы солтүстік батысқа, Кавказға, Қара теңізге, сонымен қатар, Иранның оңтүстігі мен Таяу Шығыс пен Индияға қатынағаны туралы қаңлылардың және Яньцай-Аланья тұрғындарының қалалары мен некропольдарын, тұрақтарын қазған кезде табылған бұйымдар дәлелдейді, солардың ішінде: Қытай монеталарымен айналары, Индиядан келген коралл моншақтары, Европада келген қола қапсырмалары, Ираннан әртүрлі тастар бар.

Қаңлылар халқының этникалық сипаты әлі де болса толық зерттелмеген. Қаңлылардың қай тілде сөйлегені туралы әлі де тұтас пікір жоқ. А.М. Бернштамның пікірінше, Қаңлылар түркі тілдес болған [24]. Басқа зерттеушілер оларды солтүстік иран малшы тайпалары, б.з. І ғ. ортасында ғана Сыр өңіріне түркі тайпаларының келуіне байланысты ғана өзінің этникалық түрі мен тілін өзгерткен дейді. Б.А. Литвинскийдің пікірінше, қаңлылар иран тілдес сақтардың тұқымы. Оның ойынша, Қаңлы атауы сақ тайпалары бірінің атауы болуы мүмкін, оны аударғанда «былғары киімді адамдар» мағынасын береді [24].

Қаңлы елі өз ішінен бес иелікке бөлінген. Әр иеліктің кіші хандары болған. Қаңлылардың билеуші титулы хан болды. Бүкіл елді басқару ісін 3 уәзірі атқарған. Лауазымдық қызмет мұрагерлік жолмен берілді.

Қаңлы мемлекеті өз кезеңінде үлкен саяси және мәдени ықпалға ие болып, бірнеше көрші халықтармен байланыс жасап, үлкен империялардың құрамында болды. Қаңлылардың мәдениеті мен өркениеті басқа түркі халықтарының дамуында маңызды рөл атқарды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі туралы сипаттап жазыңыз.
2. Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттарын атап көрсетіңіз.
3. Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштерін атап көрсетіңіз.
4. Сақтардың Ахеменидтер державасымен қарым-қатынасын сипаттаңыз.
5. Сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысуын түсіндіріңіз.
6. Сақтардың Александр Македонскийді жаулап алуына қарсы күресін баяндаңыз.
7. Ғұндар мен қаңлылардың қарым-қатынасын талдаңыз.
8. Тасмола мәдениеті: уақыты, ауқымы, қорғандар мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері тұрғысынан талдаңыз.

2 ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА

2.1. Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері.

1. Түркілердің шығу тегі мәселесі.
2. Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы.
3. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы.
4. Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы.

Түркілердің шығу тегі мәселесі. Б.з. I мыңжылдығының орта шенінде Қазақстан даласында ірі этникалық өзгерістер басталды. Бұл дәуір шартты түрде ежелгі түрік (ерте түркі) немесе көне түрік дәуірі деп аталады.

Ерте түркілердің шығу тегі ежелгі Ұлы даланың тұрғындары – турлармен байланысты. «Авеста» бойынша, арийліктер Ардви құдайына турларды жеңу үшін (бұл Амудария бойында болды) 100 жылқы, 1000 сиыр және көп қойды құрбандыққа шалған. Ақырында турлар арийлерді жеңіп, негізгі топтармен көшіп қонып жүрген жерлерін тастап кетуге мәжбүрлесе керек. Арийліктер (ирандықтар мен үнді-арийліктер) мен турлар (тұран) арасындағы көптеген соғыстар жүздеген жылдар бойы жүріп жатты.

Көп үзілістен кейін ірі бірлестіктер ретінде түркі-ашиналар V ғ. аяғында белгілі болды. Түркілердің қайта өрлеуі көшпелілердің аңызға айналған ата бабасы Алаша есімімен байланысты болған идеологиялық символдардың жандануынан басталды. «Алаш» пен «Ашина» тікелей байланыста болуы, тіпті «ашина» «алаштың» бұрмаланған түрі болуы мүмкін.

Ұлы даладағы құдыретті, сансыз көп түріктердің ішінде Шығыс өңірін қоныстанғандар аса белсенді еді. Түріктердің өмірі көшпелілікпен байланысты, ал түрік кезеңі дүниежүзілік тарихтың күрделі бөлігі. Жауынгер түріктердің арғы тегі аңыздарда «көк бөрі» деп айтылады. Түріктердің қайсарлығына, батырлығына байланысты туған аңыз өте көне заманнан бері бар, ол қола дәуірінде өмір сүрген тур, қиян тайпаларының түсініктерімен байланысты.

Ежелгі қытай деректерінде «түрік» деген атау тарихта 542 жылдан бастап белгілі. «Түрік» сөзінің мағынасы дәл анық емес. Махмұд Қашқари Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хандарын түріктерден шығарып, халықтың ақыл еркін солардың қолына ұстатты, оларды адамдарға бас қылды, хақ істерде соларды қолдады деп жазады. Ғалымның жазуына қарағанда «түрік» сөзі жалқы мәнде де, жалпы мәнде де қолданылады. Мәселен түрік адамы «сен кімсің?» деген сұраққа «Мен түрікпін, түрік менмін» деп жауап береді, ал «Түрік ордасы атанды» деген жалпылық, көпшілік мағынасын білдіреді. Қалай болған жағдайда да «түрік» сөзі – ең көне этникалық атаудың бірі.

Халықтардың бірінші құрылымы – 10 тайпа одағы (он оқ будун), Жуань-Жуань (Жужан) мемлекетінің әсерінен Алтай тауларының баурайына

көшірілген тайпалардың қалдықтарынан қалыптасты. Кейін мемлекет «Түркі елі» деп аталды. Түркі сөзі «төркін», яғни «әскери ақсүйек» деген сөзден шықты деген жорамал бар. Орталық Азия территориясында түркі тайпалары 10 шақты мемлекет құрды – Көк түркілердің қағанаты, Шығыс Түрік, Батыс Түрік, Түркеш, Қырғыз, Қарлұқ, Ұйғыр қағанаттары, Қарахан (Афрасияб түркілері) және Селжұқ оғыз мемлекеттері құрылды.


Тарихи сахнада түркі мемлекеттерінің атауын басқасымен ауысуы біріншісінің жойылғанын білдірген жоқ. Олар жеңілгенде жеңгендердің қатарына кірген немесе басқа атпен жаңа бірлестіктер құрған. Қағанаттың дамыған кезінде территориясы Маньжуриядан Керч бұғазына дейін, жоғарғы Енисейден жоғары Амударияға дейін созылып жатты. Бірінші Еуразиялық империяның құрушылары ретінде түркілер континент халықтарының қалыптасу тағдырына үлкен ықпал етті.

Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы. VI ғасырдан бастап тарихта өшпес із қалдырған орта ғасырдағы түркі халықтарының тарихы басталады. Ежелгі түріктер Еуразияның орасан зор аумақтарына жайылған мемлекеттер құрды, олардың тілінде ұлы туындылар жазылды.

Алтай-Сібір, Монғолия жерінде мекендеген тайпаларының үстем тап өкілдері бірігіп, әскер күшімен Түрік қағанаты атты мемлекет құрды (11 сурет). Мемлекет басшысы түрік тайпасының ашина руының ұрпақтарынан шықты.

Тарихи деректерге қарағанда, түріктердің біртұтас мемлекет болуы, Түрік қағанатының құрылған уақыты 552 жыл деп есептеледі [25]. Ескі қытай деректері бойынша түрік мемлекетінің билеуші әулеті Ашина деген рудан шыққан. Түрік халықтарының тегі туралы аңызда: «Ол – әуелі ғұндардың бөлек бір бұтағы. Кейін көрші мемлекеттер оны талқандайды да, тек бір бала ғана аман қалады. Оның аяқ қолын кесіп айдалаға тастап кетеді. Кейін осы баланы қасқыр асырап аман сақтайды. Өсе келе баланың тұқымы Ашина (қасқыр текті) атанады» дейді.

Алғашқы түрік мемлекеттері қағанат деп аталды. Мемлекетті қаған басқарды. Түрік қағанатының негізін салушы Бұмын қаған. Бұмын алдымен аварларға (жужан, жуанжуан) қарсы шықты. Себебі, түріктер ұзақ уақыт аварларға тәуелді болды. Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін Бұмын бірқатар айла әдістерді қолданды.



11 сурет. Түрік қазанатын құру қарсаңында (Гумилев Л.Н. *Көне түріктер*. Алматы: Білім, 1994.)

Әуелі Бұмын көрші тайпаларды бағындыруға күш салды. Бұмын Жуанжуан мемлекетімен жаугершілікте теле тайпасын бағындарды. Оғыз бірлестігіндегі теле тайпалары ашина әулетінің билігін мойындайды. Күш жинап алғаннан кейін Бұмын аварларға қарсы күресті бастады.

Бұмын Батыс Вэй патшасына елшілік аттандырып қызына құда түседі. 551 жылы Чан лэ ханша түрік ордасына келін болып түседі. 552 жылы қыздың әкесі қайтыс болғанда Бұмын жерлеуге көмек ретінде көп жылқы жібереді.

Көрші патшалықпен одақтасып, Бұмын 552 жылы жужан ордасына шабуыл жасайды. Шайқаста жужандар ойсырата жеңіледі. Анағұй көсемдері жеңіліп, өзін-өзі өлтіреді. Міне, осы жеңістен кейін ашина әулетінің көсемі Бұмын «елхан» деген атаққа ие болды. Елханның ерлік заманы туралы аңыздар тек қытай жылнамаларында ғана емес, сонымен бірге түрік халықтарының өз шежіре деректерінде де кездеседі.

Қытай жылнамасында Бұмын қаған қайтыс болғаннан кейін оның орнына ұлы Коло отырады, ол «Егіс хан» деген атақ алды делінген. Бірақ ол билікте ұзақ болған жоқ. Қытайша «Коло» түріктің Қара қаған деген атауымен бір болуы мүмкін. Осыған байланысты зерттеушілер бұл қағанды Қара Еске деп те атайды. Қара Еске қағанатты бір жыл ғана басқарып, жужандарға қарсы шайқастан кейін қайтыс болады.

553 жылы таққа отырған Бұмын қағанның екінші ұлы Мұқан қаған тұсында (553-572 жж.) Түрік қағанаты бүкіл Орталық Азияда саяси үстемдікке қол жеткізеді. Мұқан қаған өте тік, ақылды билеуші болды. Ол жужандарды енді ешқашан бас көтере алмайтындай жеңіп, содан кейін көрші татар, қидан, қырғызды бағындырды. Мұқан қаған тұсында мемлекетке бұрынғы сақ-ғұн жұртынан қалған әр түрлі тайпалардың көпшілігі қарады. Осы кезеңде «түрік аты» әлемге тарады. Қытайдың және соғдының, Византия мен арабтың жазбаларында, тибет пен арабтың шежірелеріне, тіпті санскрит мәтіндеріне енді. Қағанат құрылғаннан кейін түрік атауы ірі мемлекеттің, алып этностың атына айналды.

Мұқан қаған басқарған жылдары Түркі қағанаты Манчжурияда қидандарды, енисей қырғыздарын бағындырды. Солтүстік Қытай алым салық төлеуші болды.

561-563 жж. түркілер Иранмен эфталиттерге қарсы одақтасады. 564 жылы Иран шахы Хосроу Ануширван (531-579 жж.) эфталиттерден стратегиялық маңызы бар Тоқарыстан аймағын алып қояды. Осыған дейін эфталиттерге вассалдық бағыныштылықта болған Иран түріктермен одақтасып 564 жылы Тоқарыстан үшін күреске кірді. Бірақ эфталиттерді жеңгеннен кейін түріктер Иранға қарсы шығып, оны Ұлы Жібек жолы өтетін өлкеден ығыстыра бастады. Түріктердің Ұлы Жібек жолын иемденуі Иран шахының наразылығын туғызды. Оның үстіне түріктер Византия мемлекетімен тікелей сауда байланысын орнатпақ болды. Ал, Иран мемлекеті бұған кедергі жасады. Сондықтан, 568 жылы соғды көпесі Маниах түрік елшілігін Иран арқылы емес, Кавказ тауы арқылы Константинопольге алып барады. Онда екі ел арасында сауда байланысы жайында келісім және Иранға қарсы шарт жасады. Осыдан соң, түрік елшілігіне Византия елшісі Земархты қосып аттандырды. Византия елшісі Земарх түрік қағанының астанасы Суяб қаласында қабылданды. Бұл елшілік туралы византиялық тарихшы Менандр Протектор мәлімет береді.

Иранмен соғыстың барысында түріктер Византия, яғни Шығыс Рим империясымен достық келісімге келді. Оған себеп болған мәселе түрік мемлекетінің сауда мүддесі еді. Түріктердің бүкіл эфталит өлкесін өзіне қаратпақ ниетіне қарсы болған Иран түрік саудасына барынша кедергі келтіреді. Ал, Византия болса түріктерге Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік жасады және Иранға қарсы әскери одақ құрады.

Түрік қағандығы құрылған 552 жылдан бастап 567 жылға дейін Қара теңізден бастап Қытай қорғанына дейін, Үндістан жерінен Сібірге дейінгі ұлан-ғайыр алқапта ұлы империя еңсе көтерді. Бұмын қаған басын қосқан түрік тайпалары Еуразия құрлығының орталық бөлігін бағындырғанымен, оны билеп тұруға әлдері келмеді. Оның бір себебі қағанатта мұрагерлік мәселелерінің дұрыс шешілмеуі болса, екінші себебі бір мүддеге бағынған экономикалық жүйенің қалыптаспауы еді. 581 жылы басталған дағдарыс осылайша 603 жылы біртұтас мемлекеттің екіге бөлінуімен аяқталды.

«Күшінің шарықтау шегіне жеткендей көрінген Көктүрік қағанаты 581 жылы Тапар қаған қайтыс болғаннан кейін ыдырап, ұзақ жылдарға созылған азамат соғысы жағдайында болды. Ғалымдар Түрік қағанатының бөлінуі 581 жылы болғанын, Батыс Түрік қағанатының осы жылы Тарду қағанның негізін қалағанын, мемлекеттің негізін Истеми Ябғу қағанның құрғанын бірауыздан құптайды» [26].


Батыс Түрік қағанаты (603-704 ж.ж.) (12 сурет) Қаратаудан Жоңғарияға дейінгі жерлерді алып жатты. Қағандық халқының этникалық құрамы «Он оқ бұдын» тайпалары болған [27]. Шу өзенінің шығыс жағын дулулардың 5 тайпасы, ал батыс жағында нушибилердің 5 тайпасы мекендеген. Батыс Түрік қағанатының ордасы Суяб қаласы болды. Қағанның жазғы ордасы – Мыңбұлақ қаласы.



12 сурет. Батыс Түрік қағанаты 603-704 жж. (Нұрахмет Е. «Түріктер туралы Қытай деректемелерінде не жазылған» мақаласынан алынды. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/33428>)

Батыс-Түрік қағандығында билік сатылы түрде жүргізілген (3 кесте). Жаңадан құрылған түріктердің алып мемлекетін қаған басқарды. Қағанның билігі шексіз мұрагерлік түрде болса, одан кейінгі билік қаған сайлаған ұлықтардың қолында болды. Қаған туыстары ябғу, шад, елтебер атақтарына ие болды. Сот істерін бұйрықтар мен тархандар атқарған жергілікті жерлерде қағанның негізгі тірек қызметін бектер атқарды. Қағанның өкілі, алым-салықтарды жинаушы – тудундар. Қара жұмыс істейтін халық түркі тілінде «қара бұдындар» деп аталды.

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (603-704 ЖЫЛДАР)



3 кесте. Батыс-Түрік қағандығындағы билік жүйесі.

Сонымен түріктер әлеуметтік тұрғыдан мынандай 3-топқа бөлінгендігін білеміз:

1. Бектер;
2. Қара будындар /бұқара халық/;
3. Тат-/құлдар/.

Түрік қағанатында қанмен төлейтін салықтың да түрі болды. Ол – әскери міндеткерлік қызмет атқару. Олар майдан шебінің алдында атқарылды. Мұндай қызметті көбінесе тәуелді тайпалардың адамдары атқарған.

Бұмынның мұрагерлері тұсында Түрік қағанаты Еуразиялық ұлы империяға айналды.

603 жылдан бастап өз бетінше билік жүргізген Батыс Түрік қағанатының аумағы Шығыс Түркістан өлкесінен бастап Еділ бойына дейінгі алқапты қамтыса, Шығыс Түркістан қағанаты негізінен қазіргі Монғолия жерінде орналасты.

610-630 жж. Жеғұй қаған және Тон жабғу қағандар тұсында мемлекет біршама күшейді. Тон жабғу қағанның баласы Тарду Шадтың Тоқарыстан мен Канису Ауған жерлеріне жүргізген жорықтарының нәтижелі аяқталуы, қағандықтың оңтүстіктегі шекарасын Индияға дейін кеңейтті.

Қағандық үшін дулу мен нушиби тайпаларының арасында талас басталды да 640-657 жж. ұзаққа созылған соғыс мемлекетті қатты әлсіретеді. Қағандық Іле өзеніне дейінгі аралықта екі үлкен тайпаның қол астында екіге бөлініп кетеді. Батыс-түрік қағанатының іштей әлсірегенін білген Таң империясы оның жеріне басып кіреді, түрік тайпалары, әсіресе, түргештердің саяси

белсенділігінің арқасында ұзаққа созылған соғыс нәтижесінде өз тәуелсіздігін жеңіп алады.

704 жылы Батыс-түрік қағандығы құлап, оның орнына Түргеш қағанаты пайда болды (704-756ж.ж). Түргештердің алғашқы қағаны Үш-Елік, өзінің негізгі тайпаларын екі ордаға бөліп, басты орталығын Суяб қаласын ұлы Орда деп атаса, Іле аңғарындағы Күңгірт қаласын өзінің кіші ордасы етті. Батыс түрік қағандығының құрамында болған басқа да түрік тілдес тайпалар да түргештердің қарамағына енді. Саяси әкімшілік билік қағандықтың ең жоғарғы атағы Бас қағанның қолында болды.

Қағанат 20 әкімшілік аймақтарға (түтік) бөлінді [28]. Әрбір аймақты тархандар басқарды. Аймақтар жалпы жеті жүз мыңнан әскерлер шығара алды. Үш-Елік қаған өлген соң, оның орнына баласы Сақал (706-711 жылдары) қаған болды. Осы кезде қаған билігі үшін сары және қара түргеш тайпаларының арасында талас-тартыс басталды. Мұны шығыс түрік қағандығының қағаны Қапаған пайдалануға тырысты. Екі тайпаның арасында тартыста Қара түргештер жеңіске жетіп, оның ішінде шапыш тайпасының тарханы Сулу қаған болады /715-738ж.ж./. Ол өзін 715 жылы Қаған деп жариялады. Ордасы Талас /Тараз/ қаласында болды. Сулу қаған болған кезде қағандықтың ішкі-сыртқы жағдайы шиеленісіп кетті. Біріншіден, Азиядан арабтар шапқыншылығы күшейіп тұрған болса, екіншіден Оңтүстік шығыс жағынан Қытайдың қаупі төніп тұрды. Сөйтіп, Сулу қаған екі жаумен күресуге тура келді.

Сулу қаған Орта Азиядағы халықтардың күресін пайдаланып, оларды қолдап арабтарға қарсы күресті. Бұл кезде мемлекет қара түргеш тайпаларының қолына көшіп, мемлекет орталығы Талас (Тараз) қаласына ауысты. Айлалы саясаткер және күшті әскери қолбасшы Сұлу екі майданда: батыста арабтарға қарсы, шығыста Батыс түрік қағандары мирасқорларын (Шығыс Түркістанда орныққан) қолдаған Таң империясымен күрес жүргізді. 723 жылы түргештер Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен бірігіп, арабтарға күйрете соққы берді. Дегенмен, арабтар 732 жылы өз әскерлерін біріктіріп, түргештерді қирата жеңіп, Бұхара қаласын басып алды. 737 жылы арабтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Тоқарыстанға дейін жетті, бірақ кейін жеңіліп қалды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскери басшысы Баға тархан өлтірді. Сұлу қаған қайтыс болғаннан кейін билік үшін «сары» және «қара» түргештер арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Түргеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, мұны қытайлықтар ұтымды пайдалана білді. Оның Шығыс Түркістан жеріндегі билеушісі 748 жылы түргештердің басты қаласы Суябқа әскер жіберіп, оны басып алды, Шаш қаласының билеушісі өлтірілді. Оның баласы арабтардан көмек сұрады. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд ибн Салых бастаған араб әскерлері мен Гао Сянчжи басқарған Қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы қарлұқтар да көтерілді. Қытайлықтар жеңілді. Олар ұйғырлар мен тибеттіктердің қысымымен Шығыс Түркістанды тастап кетуге мәжбүр болды.

Сондай-ақ, арабтар да Талас жерін қалдырып, Шаш қаласына шегінді. Бірақ, өз ішінен әбден әлсіреген Түргеш мемлекеті де 756 жылы құлады.

Қарлұқтар Алтай, Тарбағатай тауларының баурайларында өмір сүрді. V ғ. ерте кезеңінде қарлұқтар конфедерациясына енген негізгі бұлақ тайпалары атымен белгілі болды. VII ғасырдың орта кезінде қарлұқ бірлестігінің құрамына ірі ірі үш тайпа – бұлақ, шігіл, ташлық кірген. Қарұқ қағанатының алып жатқан жері Батыс-түрік қағанатының орны немесе қара және сары түргештердің жері. Қағандық халқының этникалық құрамы түрік тілдес тайпалар. Қарлұқтардың ақ сүйектері саяси әкімшілік жағынан басты роль атқарды. VII ғасырда қарлұқтар Жетісуға қоныс аударды. Ал, онда саяси жағдай тым күрделі болатын. Өзара қырқысқан күресте түргеш қағандары өздерінің бұрынғы күш-құдіретінен айырылды. Соның салдарынан бытырап кеткен түргеш тайпалары қарлұқтарға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. 766 жылы түргештердің екі қағанының ордалары Тараз және Суябпен қоса бүкіл Жетісу жерлері қарлұқтар жабығуының қолына көшті. Саяси және әлеуметтік бөліктердің қарлұқ көсемдерінің қолына көшуі Жетісуда Қарлұқ мемлекетінің біржолата қалыптасуына жеткізді. Қарлұқтар өздеріне бағынышты жерлердің шекарасын одан әрі кеңейте берді. 766-775 жылдары қарлұқтардың бір тармағы Қашғарияны басып алды, ал VIII ғасырдың соңында олардың басқа бір тобы Ферғанаға өз ықпалын таратты [29].

Жетісудағы қарлұқтардың бір бөлігі 766 жылы түргештерді және яғмаларды талқандап, ірі жеңіске жеткен қарлұқтардың жабығуы Тон Білге Жетісу өңіріне кіріп, Шу өзені бойындағы Суяб қаласына өзінің ордасын көшірді. Көп ұзамай қарлұқтар «он оқ» халқының жерін түгел өзіне қаратып, Тараздан бастап бірнеше қаланы иемденді. Олардың көшінің алды Сырдарияға дейін жетті. Содан кейін қарлұқтар ұйғырлармен бәсекелесіп, Шығыс Түркістан үшін күрес бастады. Қарлұқтарды қала тұрғындары қолдады.

VIII-X ғасырларда қарлұқтар құрамында көптеген ру тайпалардың болғанын араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларының еңбегінен анық көруге болады [30]. Атап айтқанда, шігіл, яғма, тухси, аргу, лабан (албан) тайпалары осы қарлұқтардың құрамына енген. Қарлұқ қағандығына шығыста Жоңғар Алатауынан, батыста Сырдарияға дейінгі, солтүстікте Балқаш көлінен, Оңтүстікте Ыстық көлдің түстік жағалауына дейінгі жерлер қарады. Жоңғария мен Жетісу жерін мекендеген түркі тайпалары осы қарлұқ қағандығының қоластына қарады.

Қарлұқ қағандығында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы, қолөнер кәсібі өркендеді. Қалалар гүлденді. Жергілікті халықтың басым көпшілігі түсті және асыл металл өндірумен айналысты, қағандықтың шаруашылық негізі көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егіншілік болды. Қарлұқтарда 25 қала болғандығы туралы айтылады, олар Ыстықкөлден Испиджабқа дейін созылды. Тараз қаласының Оңтүстігінде

Атлах, Жамукент қалалары Құлан, Меркі қалалары орналасты. Шу өзенінің алқабында Баласағұн, Іле өзені алқабында орталығы Қойлық қаласы болды.

Ру басшыларының өзара билікке таласып, қырқысуы қарлұқтардың тұтастығын сақтауға үлкен кедергілер келтіре бастады. Осындай қырқыстардың нәтижесінде 940 жылы Қарлұқ қағандығы құлады. Сонымен қатар, осы кезде араб басқыншылары оңтүстіктен еніп келе жатқан болатын. Құлаған Қарлұқ мемлекетінің орнына Қарахан мемлекеті құрылды.

840 жылы ұйғырлардың қырғыздардан жеңілуінен кейін қарлұқтар ұйғырлар үстемдігінен азат етілді. Қарлұқтардың көсемі Білге Күл-Қадырхан Испиджаб билеушісі қаған атағына ие болады. Алайда, бұл кезде Саманилер әулеті де, өз билігін нығайтуға, мемлекет пен ислам шекарасын кеңейтуге ұмтылды. 840 жылы саманилердің Самарқандтағы билеушісі «қасиетті соғыс» жариялап Испиджабты басып алды. Сөйтіп, Саманидтер мен Қарлұқ қағанының арасында, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан жері үшін ұзақ жылдарға созылған соғыстар басталды. Алайда, қарлұқтар саманидтер мен арабтардың біріккен күштерінен жеңіліс тауып кері қайтады. Олар Оңтүстік Қазақстанға өздерінің ықпалын күшейтіп, мұсылман дінін енгізе бастады. 893 жылы саманилық Исмаил ибн Ахмад Тараз қаласына жорық жасап, басты шіркеуін мешітке айналдырды.

940 жылы олар Баласағұнды басып алды да, Қарлұқ мемлекетін құлатып Қараханидтер әулетінің үстемдігін орнатады.

IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы. Оғыз мемлекеті Сырдарияның орта және төменгі ағысында IX-X ғасырда өмір сүрді. Араб және қытай деректерінде Сырдария өзені Қанғар деп аталады [31]. Оғыздардың құрамында Сырдарияның түрік тұқымдас тайпалары, сол сияқты Жетісу, Сібірдің көшпелі, жартылай көшпелі тайпалары болды. IX ғасырдағы ұзаққа созылған қақтығыстан соң, оғыз көсемдері Арал маңына, Батыс Қазақстан территориясына үстемдік жүргізді. Осы жерге орналасқан түрік тайпасы печенегтерге соққы берді.

Оғыздар мемлекеті туралы ең ертедегі жазбалардың бірі Әл-Якубидің (IX ғ.) шығармаларында кездеседі. IX-X ғ. оғыз тайпалары туралы мәлімет Ибн әл-Факихтің (Xғ.) географиялық еңбегінде кездеседі, онда оғыздар кимектермен және тоғыз оғыздармен бірге «патшалар (мәлік) болып табылады және түріктер арасында өзгелерден гөрі көбірек құрметтеледі» деп баяндалады.

Мемлекет басында жоғарғы әкім – ябгу (жабғу). Жабғудың билігі ресми түрде патшалыққа сайланғанымен, іс жүзінде мемлекет билігі атадан балаға мұраға қалып отырды. Олардың орынбасары күл еркіндер деп аталды. Оғыздардың бас хандары әскери демократия кезінде халық жиналыстарының қайталанған түрі іспеттес кеңестерге сайланды. Алайда, халық жиналыстары өте сирек шақырылды, ал күнделікті өмірде басты рөлді шонжарлар кеңесі (қанқаш) атқарды. «Оғыз билеушілері» хан тұқымдарынан сайланған (інілеріне қарағанда ағасына артықшылық жасалынды).

Жабғудың «инал» деген атағы бар өз мұрагерлері болған, бала кезінде оларды тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар (атабектер) тағайындалған. Сарайда әскери кеңеске сүйенетін оғыз әскерінің бастығы (сюбашы) маңызды орын атқарды.

965 жылы оғыз жабғуы Киев князі Святославпен Хазар қағанатын бағындырды. X ғасырдың соңында 985 ж. бұл екі мемлекет бірлесе отырып, Еділ бұлғарларын талқандады. Алайда, ұзақ жылдарға созылған соғыс, алым-салықтар Оғыз тайпаларының наразылығын тудырады. Осындай ішкі қайшылықтардың салдарынан Әли ханның басқаруы кезінде Оғыз мемлекеті әлсірейді. Осындай жағдайды пайдаланып салжұқтар Жент қаласын басып алады. Бірақ, қала халқы салжұқтарды көп ұзатпай қаладан қуып шығады. Оғыз мемлекеті Әлиханның мұрагері Шахмәліктің тұсында қайта көтеріле бастайды. Ол 1041 жылы Хорезмді жаулап алған болатын, бірақ Шахмәлік көп ұзамай оғыздарға қарсы қайта көтерілген салжұқтардың қолынан Хорезм түбінде 1043 жылы қаза болды. Оғыз мемлекеті өз ішіндегі талас тартыстардан әлсірей бастады. Көрші жатқан қыпшақтарда оларға жиі-жиі шабуыл жасап отырды. Салжұқтармен болған көп жылғы қақтығыстар оғыз бірлестігін әлсіретті. Оғыз мемлекеті Қыпшақ тайпаларының соққысынан соң күйреді.

XI ғасырдың II жартысында күшейе бастаған қыпшақтар оғыздарды Сырдария, Арал бойынан біржолата ығыстырды. Оғыздардың бір бөлігі Европаның шығысына, Кіші Азияға қарай жылжыса, кейбір бөліктері Қарахан әулетінің қарамағында қалды, біраз бөлігі Хорасан салжүктерінің қол астына кірсе, қалғандары қыпшақтардың қарамағында қалып, олармен сіңісіп кетеді де, Оғыз мемлекетінің құлауына әкеп соғады. Оғыздардың этнонимі қазақ руларының, Кіші және Орта жүз тайпаларының аттарында сақталып қалды.

Қимақтардың мекені – Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан. Қимақтар тарихының ертедегі кезеңі қытай деректемелерінде VII ғасырда Батыс түрік қағанатында болған оқиғаларға қатысты яньмо тайпасымен байланысты айтылған.

Қимақтар IX ғасырдан бастап өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүрді. Кейбір мәліметтер бойынша Қимақ мемлекетінің орталығы Имакия қаласы. Қимақтардың екінші орталығы Алакөлдің шығыс жағындағы Карантия қаласы болған. Қимақ сөзі туралы ғылымда белгілі пікір қалыптаспаған. Бірақ, оның түрік сөзі екендігіне ешбір күмән жоқ. Сөздің түпнұсқасы түрікше «Құм» деген ұғымды білдіретін сияқты. Деректерде қимақ, имақ /имек/ болып әр қалай кездеседі.

Қимақ билеушісі едәуір құдіретті болды. IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың басында Қимақ қағанаты қалыптасқан уақыттан бастап, олардың патшасы түріктердің ең жоғарғы атағымен «қаған» деп атала бастады. Қаған атағы ябғу атағынан екі саты жоғары тұрды.

Қимақтар қағанының қолында нақты билік болды, ол өз мемлекеті шегінде билеушілерді тағайындады, ал олар тайпа шонжарларының өкілдері

болды. Қағанның билігі ғана емес, сонымен қатар, оның айналасындағы тайпа ақсүйектерінің билігі де мұрагерлік бойынша өтіліп отырды.

Тайпалық бірлестіктер құрылған кездегі сияқты Қимақ қағанатының құрылу үрдісінде де әскери институттар зор рөл атқарды. Басқарушылар, сонымен қатар, әскери жетекшілер де болып, олар қағаннан қызмет үшін үлестер алып отырды. Үлестік иеліктер әскер жасақтап отырды.

Деректемелерде қимақтардың этникалық және тілі жағынан түріктерге жататынын жазады. Қимақ этнонимінің уақыты жағынан алғаш рет айтылуы VIII ғасырға жатады. Қимақ федерациясының алғашқы құрамы Гардизи еңбегінде келтірілген. Атақты түрік тілінің маманы М.Қашғаридің еңбектерінде де имақтар деп жазылған [32, 55 б.].

Қимақтар көк тәңірге, жер, су иелеріне, отқа, әруақтарға, Ертіс өзеніне сыйынды. Тас мүсіндер жасап, оған да табынды. Оларда манихей діні де болды. Кейін қимақ билеушілерінің ішінде ислам діні тарады. Бірақ бұқара халық арасында діни нанымның басым түрі шаманизм болды. Оларда жазу мәдениеті болды. Қимақтар мекендеген аймақтарда IX-X ғасырларда ежелгі түркі жазуы бар қола айналар табылған. XI ғасырда қимақтардан шыққан Жанах Ибн Хақан әл Қимақ деген ғалым қимақтар туралы кітап жазды. XI ғасырдың соңында Қимақ мемлекеті ыдырап, билігі Қыпшақ тайпасының қолына көшті. Сөйтіп, тарихта қыпшақтар қимақтар мемлекетінің орнын басты.

Қарахан мемлекеті. 942 жылы Жетісу мен Қашғардың (Шығыс Түркістан) бір бөлігін қамтыған Қарахан мемлекеті пайда болды.

Қарахан мемлекеті туралы жазбаларды араб және парсы авторларының еңбектерінен білеміз. Қарахандық тарихшы Абул Футухал «Тарихи Қашқар» кітабында қарахандықтардың шығуы тегі туралы азды көпті мәлімет береді. В.В. Бартольд қарахандықтардың тегі түсінікті туралы үш тайпаны қарлұқ, яғма, шігіл (чигиль) атаумен шектеді [33, 578 с.]. Осылардан белгілі болғаны – шігілдер мен яғмалар, түркештер тайпаларының біреуі, тухсиляр, орхон түркілерінің қалдықтары қарлұқ тайпалар одағының құрамына кірді және бұл тайпалардың одағы тарихта IX ғасырдан бері бірге деп есептеледі. Сонымен, Қарахан мемлекеті қарлұқ, шігіл мен яғма тайпаларынан құрылды.

Қарахан әулетінің бірінші билеушісі Білге Құл Қадыр қаған болды. Қарахан мемлекетіндегі билік екі тайпаның ақсүйектері арасында бөлінді. IX ғасырда Қарахан тайпалық одағының негізін құраған шігілдер мен яғмалар тайпасы болатын. Шығыс бөлігінің қағаны шігіл тайпасынан шықты. Ол Арслан Қара қаған деп аталды. Оның астанасы Баласағұн мен Қашқарда болды. Батыс бөлігінің қағаны, яғни, кіші қаған Таразда, кейініректе Самарқанда болды.

Қарахан қағаны Оғылшақ тұсында Самани әмірі – Исмаил Ибн Ахмад 893 жылы Таразға жорық жасады. Парсылар 893 жылы Тараз қаласын басып алып, оған қоса түркілердің қимақ тайпасының жерін, кейіннен ұлан байтақ жерге иелік еткен қыпшақ халқы шыққан аймақты, Ертіске барар жолды жаулап алды.

Қарахандықтар мен Саманилер арасында ұзаққа созылған ауыр соғыс басталды. Ақыр соңында түркілер жеңіп шықты. Саманилер мемлекетін түркілердің жаулап алуы X ғасырдың соңында Қашқарда емес, Баласағұнда іске асты. 922 жылы Боғра ханның Самарқан және Бұхараға алғашқы сәтті жорығы жасалды. Содан соң, ол Баласағұнға қайтып оралды да, сол жерде сол жылы (923 ж.) қайтыс болды.

Бірінші болып ислам дінін қабылдаған (960 ж.) Сатук Боғра ханның немересі Боғра хан Харунның түркі мирастығының қол астындағы аздаған түркі иелігі орналасқан Испиджаб немесе Сайрамды меншіктенуі, оның алғашқы қадамы болды.

Мауренахрды жаулап алғаннан кейін қарахандықтар бұл маңның негізгі қалалары болып табылатын Бұхарада, не Самарқандта тұрмады. Олардың орталығы алғашында Шығыс Өзгенттегі бұрын үлкен маңызы болмаған шекаралық Ферғана қаласы болды. Өзкент бұрыннан бар қала болса да, түркілер оны «Узкент» деп атап алды. Шаш маңайының негізгі қаласы Бинкентте түркі атауын алды. Бируни шығармаларынан білетініміздей, XI ғасырда Бинкент атауының орнына түрікше Ташкент «тас қала» атауы өмір сүрді.

Қарахандықтар ғазнауилермен болған соғыста көптеген шығынға ұшырады. Кейін батыстық Боғра Қара қаған, шығыстық Арслан Қара қағанның жері – Шығыс Түркістан болды. Шекарасы Махмұд Қашқаридың айтуымен ғана мәлім.

Кейін келе, Қарахан мемлекетінде Батыс, Шығыс басқару жүйесі жойылып, бір орталықтан басқарылды. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласы болды. Қарахан мемлекеті Шығыс Түркістан, Жетісу, Талас және Сырдария алқаптарын биледі. Қарахан мемлекеті тұсында орталық өкімет билігі әлсіз болды. Орта Азия жерінде көптеген қарахан иеліктері пайда болды, олар Баласағұндағы үлкен қағанға шартты түрде ғана бағынды және ол иеліктер тату да болмады. Арслан бастаған әкімдер Қарахан мемлекетінің жерін бірнеше үлеске бөліп, ол үлес жерлерді Қарахан әулиетінен шыққан ілек хандар басқарды.

Қарахан билеушілері исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Мұсылман діні, түрік халықтарды біріктіруде едәуір роль атқарды. Қараханның астанасы – Қашқар. Қарахан ханы Тараз бен Баласағұн қалаларының да билеушісі деп есептелді. XI ғасырдың басында Қарахан мемлекеті Саманидтер қарамағындағы Орталық Азияның Испиджаб, Бұқара, Самарқанд сияқты қалаларын басып алып, едәуір күшейе түсті. Сөйтіп, бүкіл Сырдария өңірі Қарахандардың қолына өтті.

Қарахандар тұсында түріктердің шаруашылығының негізгі түрі Оңтүстік аудандарда егіндік, Батыс, Солтүстік, Шығыс аудандарда мал шаруашылығы болды. Аң аулау көшпелі және жартылай көшпелі халықтың тіршілік ету негізіне айналды. Өзендерден балық аулау кәсібі халық өмірінде елеулі орын алды. Егіншілік аудандарының халқы отырықшы болды. Қарахан мемлекеті жер иелену саласындағы феодалдық қатынастарды дамыта отырып, саяси-

әлеуметтік жаңа жүйе енгізді. Хандар өздерінің туыстарына халықтан мемлекеттің пайдасына алынатын сияқты тарту етті. Бұл «икта» деп аталды. Иктаның бірнеше түрі болды. Икта арқылы оны иеленуші жер иеленуге ерікті болды. Әскери икта салықтың ең көп тараған түрінің бірі. Икта иегері тек салыққа ғана емес, салық төлейтін адамға, оның жеріне де ие бола бастады. Мемлекеттің немесе феодалдың меншігіндегі жерлер шаруаларға жалға берілді. Ол жердің түсімінің көпшілігін үлескер жер иесіне беруге міндетті болды. Үлескерлер өз меншігінде жері жоқтар немесе отырықшылыққа айналған көшпелілер еді. Жерлерді қамқорлыққа беру (коммендация) деген жер иеленудің түрі болды. Ұсақ жер иелері өз жерін бай немесе ықпалды жер иесінің қамқорлығына берді. Ол ұсақ жер иеленушінің мүддесін қорғауға міндетті болды. Бұл аухатты феодалдардың қолына жер меншігінің топтасуына әкеп соқты. Малшыларға өздерінің баласын барымтадан т.б. зорлық-зомбылықтардан қорғау үшін, бай-феодалдардың қамқорлығына тапсырды.

Қарақытай мемлекеті (1128-1213 жж.). XII ғасырдың 30 жылдары Солтүстік Қытайдан қуылған көшпелі қидандар (қарақытайлар) Жетісу мен Шығыс Түркістанды басып алды.

Қарақытайлардың құрылуы Орталық Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысты. Қидандар (цидань, кита, хита) б.з. IV ғасырындағы жазба деректерде моңғол тілді тайпалар ретінде аталады. Олар Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссури өлкесінің территориясын мекендеген. 924 жылы Алтайдан бастап, Тынық Мұхитқа дейінгі аса кең жер Қидан мемлекетінің (Ляо империясы) қоластына өтеді. 1125 жылы Сунь Қытайы мен Чжурчжень мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлігі чжур-чжендерді бағындырады да, қалған бөлегі енисей қырғыздарының жерін басып өтіп, Еміл өзенінің бойына жетеді, сөйтіп, сол арадан аттас қала салады. Қидандардың батыс тармағы қоластына Жетісудың бір бөлегі қарап, жергілікті түріктілдес халықтармен араласып кетуі нәтижесінде, келімсектер қара қытай аталып кете береді.

Қытайда үстемдік құрған кезде қарақытайлар өз әулетіне Ляо есімін берген. Олар қытай тарихында осы атаумен белгілі болса, мұсылман тарихшылары оларды «қара қытай» деп те атайды. 1125 жылы чжурчжен халқы Ляо әулетін бағындырып, солтүстік Қытайды өзіне қаратты.

1137 жылы қарақытайлар Қарахан мемлекетін басып алуды көздей бастады. 1141 жылы екі хандықты (батыс және шығыс) да өзіне бағындырды. Қарақытайлар императоры ғұрхан деп аталды. Әдеттегі көшпенді мемлекеттерден қарақытайлар мемлекетінің айырмашылығы – онда аймақтарға бөлінушілік болған жоқ. Оның есесіне бағынышты мемлекеттердің ішкі автономия принципі кеңінен қолданылған. Қарақытайлар Баласағұндағы қарахандықтар иелігін ғана жойып жіберді, мұнда қала тұрғындарының көпшілігі мұсылмандар болғанына қарамастан, бар істі ғұрхан өзі басқаратын. Ал, басқа барлық басып алған аймақтарда Қашқар мен Мауреннаһрда бұрынғысынша Қарахандықтар әулеттері де өз

орнында қалды. Бұдан басқа бірқатар жекелеген билеушілердің сарайында гурханның өкілі болатын. Шыңғысханнан жеңілген наймандар ханы Күшлік қараақытайлар мемлекетінің тағдырын шешті. Ертістің жоғары ағысын мекендеген Наймандардың келуі, қарақытай мемлекетінің түбіне жетті.

Найман мен кереит ұлыстары. Наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың ертеректегі мемлекеттері Орталық Азияның шығысында – Қазақстанға шектесіп жатқан Монғолия аумағында пайда болса да, олардың тарихының Қазақстан тарихымен тікелей байланысы бар. Көшпелі мемлекеттіліктің бастаулары Орталық Азияның шығысында жатыр, ежелден Қазақстанның өз жерінде мекендеген халықтар мен тайпалардан басталатын дәстүрлермен қатар, олар кейіннен қазақ мемлекеттілігіне де тән болды.

Найман тайпалары одағы VIII ғасырдың орта шенінде Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында «сегіз-оғыз» деген атаумен пайда болған. Жері: Хангайдан-Тарбағатайға дейін. Түрікше мағынасында «сегіз тайпаның одағы» деген, баламасы бар, яғни, найман деген монғол атауын да оларға Ляо әулеті кезінде монғол тілдес қидандардың бергені күмәнсіз. Найман тайпалар одағы XII ғасырдың бірінші жартысында Елюй Даши бастаған қидандардың Жетісу жеріне кетуіне байланысты аталады.

Деректемелердің көрсеткеніндей, XI ғасырда найман тайпалары Селенга мен Орхон өзендерінің сағасынан Алтай тауларының шығыс сілемдеріне дейінгі аумақты алып жатқан.

Керейіттер туралы алғашқы мәліметтер XI ғасырдың соңғы ширегіне жатады. Бұл мәліметтер олардың христиан дінін қабылдауына байланысты айтылады. Жері – Тола өзенінің аңғары, Орхон өзенінің орта ағысы және Онгын өзенінің аңғары. Шыңғысхан шапқыншылығы қарсаңында керейіттер бүкіл қазіргі Монғолия мен Алтай аумағында үстемдік еткен, монғолдар да солардың қоластында болған.

Жалайырлар Шыңғысхан империясының өрлеу кезіне қарай Хилок және Селенга өзендерінің бойында мекендеген.

Наймандар, керейіттер, жалайырлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Бірақ, наймандар, керейіттер, жалайырлар бір ғана мал шаруашылығымен тіршілік еткен жоқ, олар алуан түрлі жабайы аңдар мен ішінара балық аулаумен толықтырылып отырды. Рубруктің жазуынша, олар өз тамағының едәуір бөлігін аң аулау арқылы табады.

Орталық Азия көшпелі тайпаларының XII ғасыр бойында күш-қуатының артуы, олардың ең ірілері наймандарда, керейіттерде, жалайырларда алдыңғы мемлекеттік құрылымдық ұлыстардың пайда болуына жеткізді. «Ұлыс» ұғымы ол кезде «халық» дегенді білдірді. Ұлыстың құрамында қандас туысқандардың болуы міндетті емес еді, оған хан руының өкілдері ғана емес, сонымен бірге, бөгде адамдар да енді. Әрбір ұлыс белгілі бір аумақты иеленді, наймандар мен керейіттердің ең үлкен күшті ұлыстарының өз шекаралары болып, олар ара-тұра болса да қорғалып отырды.

Ұлыстарды «хандар» басқарды. Хан ұлыс билеушісі басқару аппаратын, бірінші кезекте хан ордасын, оның күзетін басқару және әскерге, жасаққа

Қыпшақтардың құрамына Қазақстан территориясын өздерінен бұрын мекендеген халықтар кірді. Бұлардың барлығы дерлік түрік тілдес тайпалар. Қазақ халқының қалыптасуына Шығыс қыпшақтар үлкен роль атқарды.

XI ғасырдың басында Ертістен Еділге дейінгі ұлан ғайыр далалық аймақта қимақтардың орнына келген қыпшақтар үстемдік етті. Қыпшақтар туралы алғашқы деректерді қытай жазбаларынан көруге болады. Қыпшақтар, ең әуелі, Алтай, Саян тауларының баурайларын мекендеген. XII ғасырда олар Қазақстан жеріне Алтайдағы теле тайпаларының құрамынан қоныс аударып келген. Тарихи деректерде оларды «тоқсан екі баулы қыпшақ» деп те атайды [34]. Бұл олардың түркі тілді тайпалардың ішіндегі сан жағынан көп болғандығынан осылай атаған.

XII ғасырда Қыпшақ хандығы бүкіл Еуразия кеңістігінде үстемдік етті. Сол себепті, қыпшақ тайпалары орналасу аймағына қарай алтай-сібірлік қыпшақтар, далалық қыпшақтар, Орал аймағы қыпшақтары, Дон қыпшақтары, Днепрлік қыпшақтар болып бірнеше топқа бөлінген. Орыс жылнамаларында олар половецтер, Еуропа деректерінде коман немесе куман, Шығыста қыпшақ деген атаумен кездеседі.

XII ғасырда қыпшақ тайпалары Алтайда, Ертістің жоғарғы жағында наймандармен, қаңлылармен, керейттермен шектесті, солтүстікте қырғыздар және хакастармен көрші болды. Қыпшақ тайпаларының басында қаған, одан төмен қарайхан, тархан, басқақ, бек, байлар тұрды. Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және құрылымдық жағынан әртүрлі болды. Жылқы басты байлық болып саналды. Бай адамдар бірнеше мың жылқы ұстаған. Төменгі тапқа малы аз шаруалар, кедейлер жатса, ал, қолға түскен тұтқындар құл ретінде пайдаланылды.

Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе, Хорезм шахтары және салжұқтармен табанды күрес жүргізді. 1065 жылы салжұқтардың билеушісі Алып Арслан қыпшақтарға қарсы Маңғыстауға шабуыл жасайды. Қыпшақтарды жеңіп бағындырғаннан кейін, ол Жент пен Сауранға жорыққа шығады. Соғыстан жеңіліс тапқан қыпшақ тайпаларының бір бөлігі Хорасан салжұқтарына тәуелділікке түсті. Алайда, осыған қарамастан XI ғасырдың соңғы ширегінде қыпшақтар Маңғыстау мен Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғыша өз билігін жүргізіп тұрды. 1096 жылы «Құдыретті» хан бастаған қыпшақ бірлестігінің әскерлері Хорезмге қарсы жорық жасады, бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.

XI ғасырдың соңы – XII ғасырдың бас кезінде Жент, Янгикент, төменгі Сырдарияның тағы басқа қалалары қыпшақ көсемдерінің қолына қарады. Хорезмшахы Атсыз (1127-1156 жж.) Жентті жаулап алады, сонан соң солтүстікке қарай бет алып, өз қарауына Маңғыстауды да қосады. 1133 жылы Жент қаласынан Дешті Қыпшақ қаласына тереңдеп жорық жасаған Атсыз қыпшақтарды ойсырата жеңеді. Дәл осы кезден бастап қыпшақ хандығының әлсіреуі басталады.

Хорезм шахы Мұхаммед (1200-1220 жж.) өз мемлекетінің құрамына Сығанақ жерін қосып алады. Сығанақ иелігінен айырылып қалғанына

қарамастан қыпшақтар Хорезмге қарсы күрестерін жалғастыра береді. Мұхаммед 1216 жылы қыпшақ билеушісі Қайырханға қарсы аттанған әскери жорықтарының бірінде ол Ырғызға дейін жетеді. Осы кезде ол Торғай даласында қыпшақтар еліне қашып кірген меркіттерді қуалап келе жатқан Шыңғысхан қолымен соқтығысады, сөйтіп монғол басқыншыларының дәуірі басталады.

Қыпшақтардың басты шаруашылығы мал өсіру болды. Олар жылқы, қой, сиыр, өгіз, түйе өсірді. Түйе құмды, топырағы ащы, тұзды және шөпсіз жерлерде ең пайдалы да қолайлы үй жануары болды.

Қыпшақтар аңшылықпен де айналысқан, олар садақ пен жебеден басқа лашын, бүркіт сияқты құстарды, жүйрік тазыларды пайдаланған.

Қыпшақ қоғамында малсыз кедейлер егіншілікпен, соның ішінде өзен бойларында суармалы егіншілікпен айналысқан. Қыпшақтарда үй кәсібі, қолөнер жақсы дамыған. Олардың ағаш шеберлері, темір ұсталары, зергерлік өнермен айналысатындары өздерінің қажетті жақсы бұйымдарын жасаумен көзге түсіп дараланған. Оны қыпшақтардың артына қалдырған заттарынан көруге болады.

Қыпшақтар жартылай көшпелі отырықшы болып егін шаруашылығымен шұғылданды. Егістік жерлер Сырдария, Сарысу, Есіл өзендерінің бойында болды. Олардың бір бөлігі суармалы егіншілікпен де айналысты.

Қыпшақ мемлекеті Русь, Кама болгарларымен, Орталық Азия халықтарымен экономикалық қарым-қатынас жасап отырды. Олар мал мен малшаруашылығы өнімдерін Еуропа, Орталық Азия елдерінің қолөнер бұйымдарына айырбастап отырды.

Мемлекетті хан басқарды. Хан үкіметі мұрагерлік арқылы жалғасып отырды. Шыңғысхан шапқыншылығы төніп келген кезде Хорезм шах пен қыпшақ арасындағы алауыздық олардың шапқыншылығына жем болуына әкеп соқты.

Қыпшақтар түрік тілдес халық, қазақтың ата бабасы. Қазақ халқы қалыптасуының алдында ғана Қазақстан жерін мекендеген қыпшақтар қазақ халқының қалыптасуында ұйытқысы болды.

Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы. Ұлы Жібек жолы елдер мен халықтардың қатынасын нығайтқан, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындатқан, Қазақстан жеріндегі қала мәдениетіне ықпалын тигізген байланыс жолы болды.


Шығыс пен Батысты, Қытай, Корея, Жапония, Жерорта теңізі мемлекеттері, Греция, Италия мен Византия арасында сауда жол бағыты ретінде бекіту үшін «Жібек жолы» атауын 1877 жылы неміс ғалымы-географ Ф. Рихтгофен ұсынған болатын. Жолдың маңыздылығы мен мыңдаған шақырымды құрайтын қашықтығына байланысты «Ұлы» сөзі қосылды.

Бұл түрлі бағыттағы керуен жолы болды. Б.з.д. II ғасырда Қытай жерінен басталып, Жерорта теңізіне қарай шыққан. Ұлы Жібек жолының негізгі торабы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өтті. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жолда Қазақстан байланыстырушы буынына

айналды (14 сурет). Бүкіл Еуразияға осы бағытпен екіжақты қозғалыста ой мен ілімдер, білім мен технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат алмасып тарады.

Сасанидтердің Қытай мен Византия саудасына кедергі жасау әрекеті біздің дала арқылы Хазария мен Еділ Бұлғарияға беттелген Ұлы Жібек жолының басқа да бағыттардың ашылуына себеп болды. Басты тауарлары жібек, араб арғымақтары, нефрит, жадеит болды. Сауда дамыған сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер арасында басқа да тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жемістер, кілемдер, тұрмыстық бұйымдар ағыла бастады. Мысалы, б.з.д.117 жылы үйсіндер жері арқылы ақша мен жібек артылған қытайлықтардың ірі керуені өткен.

Жібек сауданың басты тауары болды. Ғалымдардың пайымдауынша жібек өндіру технологиясы осыдан 6000 жыл бұрын ашылған. Жібек маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Жібек мата – жұқа, өте жеңіл, жұмсақ болып келеді. Таза табиғи болғандықтан зарарсыздандыру қасиеттері де бар. Жібек өндіруші елдер мен оны тұтынушылар жібектен тігілген киімге бит, кене сияқты өрмекші тәрізділер жоламайтынын байқаған. Жібек киімдері әдемі және ыңғайлы болған. Сондықтан, жібек жасаудың құпиясы ғасырлар бойы қатаң сақталып келді. Қытайдан шығарылған жібек маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүниежүзінің басқа аймақтарына таралып, мемлекеттік қазынаға мол табыс әкелген. Қытайдан кейін жібек құртын Шығыс Түркістан, Орталық Азия, Үндістан, Иран, Византия елдерінде өндіру басталды.




14 сурет. Ұлы Жібек жолы(Нұрышов Н. Ұлы Жібек жолы: өркениет диалогы. <https://e-history.kz/kz/news/show/340014>)

Түрік ақсүйектері тек жібек матадан тігілген киімдер киді. Мысалы, Тон Жабғу қаған (VIIғ.) жасыл жібек шапан кигені белгілі. Араб географы Әл-Идриси мәліметтері бойынша бай, дәулетті қимақтар түрлі түсті жібек киімдер киген. XVIII ғасырдың Ресей ғалымы И. Георги далалықтар жібек матадан тігілген киімдер кигені туралы жазады.


Алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды, айырбас өлшемі ретінде бекітілді. Жібек сыйға тартылды, жалдамалы әскерлерге және қызметкерлерге ақы ретінде төленді. Ортағасырлық түріктер аттарын жібекке айырбастап отырғаны белгілі. Мысалы, 1 түрік жылқысының бағасы қытай жібегінің 130-180 метріне теңелді.

Жібек жолының бойымен Еуропадан Қазақстан жеріне әйнек және теңгелер, айна және шыны ыдыстар, түймелер мен қапсырмалар жеткізілді. Қазақстаннан тері және жүн, жылқы мен қой тасылған.

Соғыс уақытында жол тораптарында сауда бәсеңдеп, бейбіт күндері қайта жандана түсті. VI ғасырда қуатты Түрік қағанаты құрылған кезде Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жері арқылы өтетін Жібек жолы тармағы барынша өркендеді. Түрік қағандары өз ордаларында Жетісу аумағынан өтетін сауда керуендерін уысынан шығармай толық бақылауларына алды. Түрік билеушілері мен ауқатты түріктер ағылып келіп жатқан тауарлардың ірі тұтынушысы болды. XIII ғасырда түркілерден Ұлы Жібек жолын Монғол империясы тиімді пайдаланып өздерінің қарамағына алады. Бұл кезеңде керуен жолы біршама гүлденіп, халықаралық сауда мен мәдени байланыстарда өз үлесін қосып тұрды. Монғолдар сауданың дамуын қолдап, дінге қысым көрсетпеді. Ірі сауда қалаларында монғол билеушілерінің ордалары орналасты. Ұлы Жібек жолының кедендері мен транзиттік бекеттерінде жолаушылар азық-түлік алып, аттарды алмастырып, қажет жағдайда жолсерік қызметі көрсетілді. Жаңа қалалар мен керуен-сарайлар бой көтерді. Керуеншілерге қызмет етіп отырған керуен-сарайлар жолаушылар үшін маңызы зор болған. Сонымен қатар, көпестер үшін керуен-сарайлар тауар өткізетін және тауар сатып алатын сауда орталығы ретінде қайнап жатты. Қалалар, керуен-сарайлар ауыр және алыс жолдағы керуеншілер үшін біртіндеп мәдени орталықтарға айнала бастады (15, 16 сурет).



15 сурет. Отырар кітапханасы. (Иллюстрациялық сурет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті музей қорынан алынды).



16 сурет. Қала құрылысы. (Иллюстрациялық сурет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті музей қорынан алынды).

Жібек жолын бақылауға алған империялар сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетінде керуендерге, діни миссияларға арнайы өкілеттік құқық беретін пайцзелер беріп отырған, олардың тоналуына жол берілмеді.

Жолды қорғау үшін күзет қойып, байланысшы атты адамдар хабарды жеткізіп отырған.

Қытай империясы даламен сауданы тоқтаусыз жүргізуді қажет етті. Мемлекет әскері үшін дала бөлігінің сансыз жылқылары үнемі сұранысқа ие болды. Қытайлықтардың түркілермен саудасы іс жүзінде азаматтық адамдар арқылы жүргізілді, алайда олар әскери шенділер еді. Жеке саудаға рұқсат етілмеді. Шекаралық сауда Үрімші аймағында, кейін басқа қалаларда да жүргізіліп тұрды. Айырбас сауда сипаты көбінесе баламасыз болды. Цин мемлекетінің өкілдері жылқы бағаларын жерге ұрып, жібекке төмен бағамен айырбастады. Жібектен басқа қазақтар шәй, шыны ыдыстар, бөз, қолөнер бұйымдарын сатып алды. Қытай елімен қазақтардың сауда монополиясы ХІХ ғасырдың ортасына дейін сақталды.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағытындағы сауданың дамуы ақша жүйесінің қалыптасуына алып келді. Жол бойында әр елдердің теңгелерін айырбастау орындары болды. Оны ақша айырбастаушылар жасады. ХІ ғасырда Исфақан базарында 200 «сарафф» ақша айырбастаушылары болған екен. Отырар, Испиджаб, Тараз, Жент, Қойлық қалаларында теңге сарайлары жұмыс істеді. Қыпшақтардың теңгелері пұл – мыс ақшалары, дирхем немесе теңге - күміс ақшалары, динар - алтын теңгелері соғылды. Жошы ұлысында теңгелер Сарайшық, Сығанақ, Баршыкент қалаларында шығарылды.

Қорыта айтқанда, Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағыты Еуразия мәдениеттерінің бірігуіне ықпал еткен маңызды сауда және мәдениет алмасу жолы болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркі-соғды мәдени синтезі туралы тұжырым жасаңыз.
2. Көшпелілер («қала-дала» жүйесі) және отырықшылар: екі шаруашылық-мәдени типтерінің өзара қарым-қатынасын дәйектеп көрсетіңіз.
3. Исламды қабылдау және Қараханид мемлекетінің мұсылман әлеміндегі орны туралы баяндаңыз.
4. Талас өзені бойындағы тарихи шайқастың (751 ж.) маңыздылығын түсіндіріңіз.
5. Түркілер арасында қожалардың этностық топтарының пайда болуына талдау жасаңыз.
6. Қыпшақтардың тілі мен әдеби ескерткіштері туралы баяндаңыз.
7. Түркі-ислам синтезінің қалыптасуындағы Қожа Ахмет Ясауи сопылық мектебінің рөлін түсіндіріңіз.
8. Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр туралы баяндаңыз.
9. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмет Ясауи шығармаларының әлемдік маңызын талдаңыз.

2.2 Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.)

1. Шыңғысхан империясының құрылуы.
2. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: территориясы, этникалық процестер, мәдени симбиоз.
3. XIV-XV ғғ. ортағасырлық мемлекеттер.

Шыңғысхан империясының құрылуы – тарихтағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Шыңғысхан, немесе Темужин (Темучин) (1155/1162/1167-1227), XII-XIII ғасырларда Монғолияның кең даласында ұлан-ғайыр империяны, яғни әлемнің ең үлкен мемлекеттерінің бірін құрды. Шыңғыс хан билігі кезінде империя Еуразияның көптеген бөліктерін қамтып, Қытайдан Еуропаға дейінгі аймақтарды біріктірді.

Шыңғыс ханның шыққан тегі – түркілердің мұғұл тармағынан [35]. Ол Онон өзенінің жағасындағы Делюн-Болдак шатқалында дүниеге келді. Туған кезіндегі есімі Темучин [36]. Ата-бабалары, туылған кезі және өмірінің алғашқы жылдары туралы қолымызда бар мәліметтер, негізінен аңыздармен астасып жатқан халық ауыз әдебиетінен алынған.

Жаңа туған нәрестенің алақанында ұйыған қанның болуы туралы аңыз әлем билеушісінің жарқын болашағын болжаған. Шыңғысханның әкесі Есугей баһадүр бала туған күні тұтқынға түскен татар көсемінің атымен баласына Темучин деген ат қойған. Ол кезде Есугей баһадүр бірқатар тайпаларын біріктірген ұлыстың басшысы болатын.

Темучин тоғыз жасқа толғанда әкесі дәстүр бойынша жергілікті көшпелі қауымнан тыс жерде келін таңдауды іздестіреді. Жол бойында Дай-сечен деген қоңырат тайпасының көсемімен кездескен Есугей Темучинді он жасар қызы Бөртеге құда түсіп, ежелгі дәстүр бойынша ұлын болашақ қайын атасының үйіне қалдырды. Үйіне қайтып келе жатқан Есугей бір топ татарларды кездестіріп, олармен бірге ас ішуге қалады. Ескі жауды таныған татарлар оның асына у араластырып жібереді. Есугей өз қосынына әрең жетіп, сонда қайтыс болады. Өлер алдында өз хабарын айтып бір адамын Темучинге жіберіп үлгереді [37].

Есугей өлген соң, оның жесірі мен балаларын күйеуінің туыстары тастап кетеді. Бүкіл отбасының ауыртпалығы жасөспірім баланың мойнына түседі. Өкеден ерте айырылған Темучин жастайынан көп қиыншылықты басынан кешіреді. Ержеткен соң сенімді жігіттерден қол жинап, ержүрек жауынгер деген атқа ие болады. XII ғасырдың соңында ол Орта Азия далаларының ықпалды көсемі дәрежесіне көтерілді.

Темучиннің абыройының артып, мәртебесінің көтерілуінде оның керейттер ұлысының билеушісі Тоғұрыл Ван ханмен жақсы қарым-қатынас орнатуы маңызды рөл атқарды. Керейттердің наймандармен, монғол тілдес татарлармен, меркіттермен соғысында ол оның вассалы ретінде шайқасты.

Бір топ билеушілері Темучинді хан деп мойындап, оған «Шыңғысхан» атағын бере бастайды (қабылданған нұсқа бойынша «Шыңғыс» мұхит немесе

теңіз дегенді білдіреді; Шыңғысхан мұхит хан, бейнелі мағынада Әлемнің билеушісі дегенді білдіреді).

1185 жылы Ван ханмен Темучин бірігіп Селенга өзенін сағалаған меркіт тайпасын талқандайды. Осы жеңістен кейін Темучинге барлас, жалайыр т.б. рулар келіп қосылады.

1198 жылы екеуі бірге татарларды талқандайды. Темучин жол жөнекей татарларға қарсы соғысқа қатыспағаны үшін Керулен өзені бойында отырған монғол тайпасын талқандап, оның басшысын өлтіреді.

1199 жылы Темучин мен Ван хан найман хандарының бірі Бұйрыққа шабуыл жасайды. Әскерін жинап үлгермеген Бұйрық хан жеңіледі. Ендігі жерде Темучинге қарсы Бұйрық ханның бауыры Даян хан әскерін жинайды. Бұл соғыста да Темучин жеңіске жетеді.

1200 жылы Темучин мен Ван хан меркіттерге екінші рет соққы береді. 1201 жылы Жамуха наймандардан, меркіттерден т.б. тайпалардан қол жинап Темучин мен Ван ханға қарсы шығады. Алайда, біріккен күш жеңіліс табады.

1202 жылы Темучин татар ұлысын түпкілікті талқандайды. Осы жылы Бұйрық хан басқарған наймандар мен меркіттерден тұратын коолиция құрылады. Темучинмен соғысуға бас тартады. Осы кезде Темучин мен Ван ханның да арасы жақсы болмайды. Дегенмен, үш күндік шайқаста Ван хан жеңіліс тауып наймандардан қашады. Даян ханның әскерлеріне ұсталып өлтіріледі.

1203-1204 жылы қыста Даян хан Темучинге қарсы қол жинайды. Бұны естіген Темучин 45 мың атты әскерімен шабуылды өзі бастайды. Нағу тауының етігінде соғыс болып, Даян мен Бұйрық өлтіріледі, Даянның баласы Күшлік құтылып кетеді.

Осы соғыстардың нәтижесінде Темучин Орта Азияда жалғыз билеуші болып шыға келді. 1206 жылы Онон өзенінің бастауында Темучинді қолдаушы көшпелі билеушілер бас қосып, қасиетті ақ туды көтеріп, құрылтай шақырады да Темучинді ұлы хан Шыңғысхан деп жариялайды.

Кейбір ғалымдар монғолдардың билеуші атағы хан емес, қонтайшы болған, сондықтан да Темучинді түркітілдес тайпадан шыққан және оны құрылтайда түріктер сияқты империяның билеушісі етіп сайлады деп есептейді [38].

XIII ғасырдың басындағы мемлекеттің қалыптасуы елді басқарудың жалпы, жазбаша құқықтық нормалары мен заңнамалық кодекстерін әзірлеуді қажет етті. Осы мақсатта әдет-ғұрып құқығы жаңа шарттарға сай кодификацияға және 6 рет өзгертуге ұшырап, әзірленді. Дайындалған заңдар мен ережелер жиынтығы Шыңғысханның «Ұлы Ясасы» деп аталды. Яса «ереже», «заң» деген мағынаны білдіреді. Зерттеуші Джувеинидің айтуынша, Шыңғысханның заңдары мен жарлықтары шиыршықтарға («тұмар») жазылған және ең беделді ақсүйектердің – Яса бойынша мамандардың қолында болған. Яса түпнұсқада сақталмаған және үзінділер мен қысқартылған нұсқаларда ғана белгілі.

Моңғол империясының құрылуы мен нығаюында Темучиннің рөлі айрықша болды. Моңғол империясы өте қабілетті және өміршеңдігімен ерекшеленді. Шыңғысхан барлық моңғолдарды, кейбір көрші тайпаларды күшпен біріктіре және рулық белгіге сүйене отырып, XII-XIII ғасырлардың тоғысында Орталық Азия мемлекеттерінде, Ресейде және Еуропада теңдесі жоқ әскер құрды. Кейінгі жылдары моңғол әскерлері айналасындағы халықтарды бағындырып, барлық бүлікшілерді аяусыз жойды. Моңғол мемлекетінің құрамына Солтүстік Қытай, Орта Азия, Солтүстік Үндістан территориясы кірді.

Моңғол әскерінің қатардағы бөлімшесі ондық – отбасы, бір үй, бір ауылдың ең жақын туыстарынан біріктірілді. Содан кейін бір рудан тұратын жүздіктер, бірнеше ауыл тұрғындарын біріктірген мыңдықтардан, онмыңдық құрылым – түмендерден тұрды. Шыңғысханның әскері Яса негізінде басқарылды: егер соғыс майданынан ондықтың біреуі қашып кетсе, онда ондықтың бәрі жазаланды, өлтірілді. Егер жүздіктен бір он адам қашса, онда жүздің бәрі өлім жазасына кесілді, егер жүз адам қашып, жаудың саңылауын ашса, онда мың адам түгелімен жазаланды.

Моңғолдардың соққы жасайтын негізгі күші атты әскер болды. Әр жауынгердің екі-үш садағы, арқаны, балтасы болды және қылыштасуды жақсы меңгерді. Жауынгердің басын, мойнын және кеудесін темір немесе мыс дулыға, былғарыдан жасалған сауыт қорғады. Аласа бойлы, өте төзімді моңғол жылқысы тәулігіне 80 шақырымға дейін, ал ауыр жүктермен, қабырға бұзатын және от шашатын арнайы ауыр құрылғылармен, 10 шақырымға дейін жүре алатын.

Шыңғысханның 1209-1227 жылдарда жүргізген кең ауқымды сыртқы соғыстары орта ғасырлардағы ең мықты мемлекеттердің бірі – Ұлы Моңғол империясының құрылуына әкелді. Әскери-әкімшілік бөлініске негіздеген империядағы мемлекеттік басқару жүйесі өміршең болды және кейінгі кезеңдерде де империяның негізін қалаушының ұлдары мен немерелерінің ұлыстарында өмірін жалғастырды.

Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінісінде көрініс тапқан ең ірі әскери бөлініс қанаттарға бөлінуі болды. Оң қанат – барунгар, әскерде оң қапталда, ал, аумақтық бөліністе батыс бөлігін алып жатты; сол қанат – жоңғар, әскерде сол қаптал, аумақта шығыс бөлігін құрады.

1207-1211 жж. Шыңғысхан буряттарды, якуттарды, қырғыздарды, ұйғырларды бағындырды.

Шыңғысханның Моңғол даласынан тыс алғашқы ұлы жеңісі 1209-1210 жж. таңғұттарға қарсы жорығы болды. Оңтүстік-батыс қанатты қамтамасыз еткен Шыңғысхан Шығыстағы басты жауы Цзинь мемлекетімен соғысуға дайындықты бастады. Соғыс қимылдары 1211 жылдың көктемінде басталып, жылдың аяғында моңғолдар Ұлы Қытай қорғанының солтүстігіндегі барлық кеңістікті басып алды. 1214 жылдың басына қарай олардың қолында Хуанхэ өзенінің солтүстігіндегі бүкіл аумақ болды және олар Юрченнің негізгі астанасы Яньцзинді (Пекин) қоршауға алды.

Хорезмшах Мұхаммед пен Шыңғысхан арасындағы соғыстың басталауына түрткі болған 1218 жылы «Отырар апаты» оқиғасы. Шыңғысханның Сыр бойындағы Отырарға сауда керуені құрамында келген елшілері хорезмшахтың иелігінде Қайыр хан бұйрығымен өлтіріледі. 1219 жылы Моңғолиядан шыққан Шыңғысхан жазын Ертісте өткізіп, күзге қарай Отырардың қамалына жақындады, оны 5 ай ала алмай, жауынгерлерінің бір бөлігін қоршауға қалдырды. Ол өзі негізгі күштерімен Бұхараға бет алды. Қала 1220 жылдың ақпанында бірнеше күндік қоршаудан кейін алынды [39, 466, 467 б.].

Содан кейін моңғолдар Самарқанға барды, ол да айтарлықтай қарсылық көрсете алмай, 1220 жылы наурызда берілді. Шыңғысханның бұйрығын орындаған әскер басшылары батысқа қарай ілгері жылжып, Кавказ тауын еңсеріп, кері бұрылмай тұрып, 1223 жылы Қалқа өзенінде орыстар мен қыпшақ түріктерінің біріккен әскерін жеңеді.

Самарқан құлағаннан кейін көп ұзамай Шыңғысхан үлкен ұлдарын Үргенішті қоршауға кірісу үшін Хорезмге солтүстікке жіберді. Ал, кіші ұлын Мерв және Нишапур қалаларын бағындыру үшін шығыс Парсыға аттандырды. Шыңғысхан 1219-1224 жылдары Орта Азия мен Қазақстан территориясын өзіне бағындырды.

Моңғолдардың жетістікке жетуінің негізгі себептері келесідей болды: бірінші себеп – Қытай, Орта Азия және Иран сол кезде феодалдық бытыраңқылық кезеңін бастан өткерді және моңғолдарға ұжымдық тойтарыс ұйымдастыра алмады. Екінші себеп – жорықшылардың керемет әскери және саяси дайындығы. Барлау жүргізгеннен кейін моңғолдар халықтар арасында қақтығыстар туғызып, жанжалдарды өршітті. Жаулап алу тактикасы жетілдірілді. Мүмкіндігінше, майдандық шайқастарды болдырмай, көшпенділер жауды алдын-ала үздіксіз қажытып, бөлшектеп жеңіп отырды.

Шыңғысханның әйелдері мен күндері көп болған, бәйбішесі Бөртеден атақты төрт ұлы бар. Үлкен ұлы Жошы, оның мұрагері Бату (Бату) Алтын Орданы құрды; Орта Азияның бірқатар аймақтарында үстемдік құрған әулетке атау берген Шағатай болды; Шыңғысхан мұрагер етіп тағайындағаны Үгедей болса, Төле (Тулуй) – біртұтас Моңғол империясын 1251-1259 жылдары билеген Мөңкенің әкесі болды.

Шыңғысхан өзі көзі тірісінде-ақ ұлдары арасында алып империяны ұлыстарға бөліп берді (17 сурет). Қазіргі Қазақстан территориясы ұлыс жүйесіне сәйкес Шыңғысханның ұлдары арасында бөлінді. Негізінде, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ үлкен ұлы Жошының ұлысына қарады; оның орталығы Ертіс бойында орналасты. Тек кейбір шекаралас аймақтары ғана Жошының інілері Шағатай мен Үгедей ұлыстарының құрамына кірді.



17 сурет. Шыңғысхан ұлдарына бөлінген ұлыстар. (Сабитов Ж. Государственный строй империи Чингиз-хана. <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9144>)

Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайға берілген аумақ Ұйғырлар жерінен (Шығыс Түркістан) Оңтүстік Балқаш маңы (Жетісу) арқылы Самарқанд пен Бұхараға және оңтүстік Алтайдан Амударияның бастауына дейін созылды.

Шыңғысханның мұрагері, үшінші ұлы Үгедейдің отауы Тарбағатайда, орталығы мен Үгедей ұлдарының қорымы Жоғарғы Ертісте орналасты.

Шыңғысханның төртінші, кенже ұлы Төле әкесінің кара шаңырағына – Монғол жеріне ие болып қалды.

Осылайша, Жошы ұлысы – Ертіс өзені, Шығыс Дешті Қыпшақ, Арал, Сырдарияның төменгі ағысы, солтүстік шығыс Жетісу жерлерін иеленді;

Шағатай ұлысына – Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан жерлері берілді;

Үгедей ұлысы – Батыс Монғолия, Алтай, Тарбағатай, Ертістің жоғарғы ағысына ие болды;

Төле ұлысы – Монғолия жері болды.

1226-1227 жылдары Шыңғысхан танғұттармен тағы да соғыс жүргізді, бірақ осы соңғы жорығының сәтті аяқталуын көре алмай 1227 жылдың 25 тамызында Лупаньшань тауларының оңтүстігіндегі Си өзенінің Тяньшуй ауданында өзінің жазғы ордасында қайтыс болды.

Шыңғысхан енгізген Яса немесе Ұлы Яса заңдарының жиынтығы моңғолдардың әдеттегі құқығына негізделді; оның жеңістерінің сенімді құралы жоғары жауынгерлік қабілетті жергілікті армия болды, оны Азия мен Шығыс Еуропа елдеріне жорыққа шығар алдында жергілікті тайпааралық ұрыстарда жинады.

Шыңғысхан тарихқа әскери данышпан ретінде енді. Шыңғысханның ұлдары Киевтен Кореяға дейінгі империяны мұра етіп алды, оның немерелері Қытайда, Парсы мен Шығыс Еуропадағы билеуші әулеттерді құрды, ұрпақтары Орталық Азияны көптеген ғасырлар бойына биледі.

Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы өз ұлысын дербес мемлекет етуге ұмтылды, алайда ол 1227 жылы қайтыс болды. Жошының орнына оның ұлы Бату отырды. Шыңғысхан оны басқа немерелерінен ерекше жақсы көрді. Бату Жошының мұрагері ретінде 1228 немесе 1229 жылы Үгедей Ұлы хан болып жарияланған Бүкілмоңғол құрылтайына қатысты. 1235 жылғы Бүкілмоңғол құрылтайында Батыс елдеріне жаңа жорық жасау туралы шешім қабылданғанда Бату біртұтас моңғол әскерінің басшысы болып тағайындалды.

1236-1243 жж. жорық барысында Еділ Болғарияны, орыс князьдіктерін жеңіп, Польша, Венгрия, Чехия, Валахия және басқа да еуропалық аймақтарды талқандап, Бату Еділ бойына қайта оралып жаңа мемлекет құрады. Тарихи жазбаларда бұл мемлекетке ортағасырлық мұсылман авторлары мынадай атауларды қолданған: Жошы ұлысы, Дешті-Қыпшақ, Берке елі, Солтүстік патшалық және т.б., ал зерттеу әдебиеттерде бұл мемлекет Алтын Орда деп аталады. Дегенмен, бірқатар ғалымдар «Алтын Орда» атауы жасанды деп есептейді. Ш.Уәлихановтың айтуынша, Алтын Орда Ұлық Ұлыс деп аталады, ал түркі тарихшылары мен халық аңыздарында ешқашан орда деп аталмайды. Ұлық Ұлыс – алғашқы орталықтандырылған ежелгі қазақ мемлекеті және Қазақстан тарихында ерекше орын алады.

Алтын Орданың тарихы бірнеше ғасырлар бойы зерттелді. Басты мәселе – деректердің аздығы, олардың көбі араб, парсы, қытай тілдерінде жазылған. Бұл тақырып әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жошы – Шыңғысханның тұңғыш ұлы. Ол Шыңғысхан империясының құрылуына үлкен үлес қосты. Қытайға, батыс Дешті-Қыпшақ даласына, Хорезмшах мемлекетіне жорықтарға қатысып, өзін көрнекті қолбасшы, мықты стратег ретінде көрсетті. Сондықтан, Шыңғысхан оны өзінің мұрагері ретінде қарастырып, Жошыға билік ету үшін үлкен аумақ берді деген пікір бар. Жошы ұлысы кейінгі дереккөздерде Алтын Орда, Жошы Ұлысы Ертіс пен Дунай арасындағы халықтарды біріктірді (18 сурет). Дәл осы Алтын Ордада этникалық топтар бірігіп, Орда аумағында бүгінгі ұлттардың қалыптасуына алып келді. Алтын Орданың бөлінуі кезінде Қазақ хандығы құрылды. Сондықтан, біз Жошы ұлысының мұрагерлерінің біріміз. Алтын Орда тарихта өте ауқымды және маңызды орын алады.



18 сурет. Алтын Орда мемлекеті (Меллат Е. Жошы хан және Алтын Орда мемлекеті. <https://e-history.kz/kz/news/show/23898>)

Алтын Орданың негізін Бату хан (1227-1255) қалады. Бату тұсында Алтын Орданың орталығы Сарай-Бату қаласы болды, XIV ғасырдың бірінші жартысында астана Сарай-Беркеге көшірілді. Алайда Бату да, оның Алтын Орда тағындағы мұрагерлері де біртұтас мемлекеттің билеушілері бола алған жоқ. Жошы ұлысы оның көптеген ұлдарының арасында ұсақ бөліктерге бөлінді. Алтын Ордада өз кезегінде ұлыс жүйесі қалыптасты.

Берке (1257-1266 жж.) және оның мұрагерлері тұсында Әзербайжанға және Оңтүстік Каспий маңының басқа да жерлеріне деген құқығын даулауға тырысты. Менгу-Темірдің (1266-1280 жж.) тұсында Алтын Орда моңғол империясының орталығынан оқшаулана түсті және өзін тәуелсіз деп жариялап, алғаш рет өз атынан тенге соғуды бастады, Хайдудың Орталық Азия мен Жетісудағы Шағатай билігін нығайту үшін ұлы ханмен жүргізген соғысын қолдады. Өзбек хан (1312-1342 жж.) және оның ұлы Жәнібек (1342-1357 жж.) тұсында Алтын Орда өзінің ең үлкен қуатына қол жеткізді. Өзбек хан Орда-Еженнің ұрпақтарын бұрынғы вассалдық тәуелділікке қайтаруға ұмтылды, ал Сығнақта ол өзінің ұлы Тыныбекті хан етіп отырғызды, алайда ол көп ұзамай өлтіріліп, билік Орда-Еженнің ұрпақтарына қайта ауысты.


Алтын орда Еуразияның бүкіл орталығын иемденгендіктен, ол батыс пен шығыс арасындағы экономикалық және саяси байланыстарды сақтады [40]. Бұл Шығыс Еуропада кейбір мемлекеттердің құрылуына тікелей әсер етті.

Алтын Орда көпұлтты мемлекет болды. Оған өзіндік мәдениеті мен әдет-ғұрпы бар әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен ерекшеленетін көптеген тайпалар мен ұлттар кірді. Дешті-Қыпшақ даласындағы көшпенділердің басым бөлігі түркі тайпалары: қыпшақтар, қаңлылар, қарлұқтар, наймандар және т. б. құрады.

Мемлекетте жоғарғы билеуші ұлы хан болды. Ұлы ханның Мемлекет басшысы ретіндегі құқықтары әскери, заң шығарушы және әкімшілік билікті қамтыды (4 кесте).

Империяның саяси өмірінде құрылтай – Шыңғысхан ұрпағы мен көшпелі ақсүйектерінің жалпы империялық жиналысы үлкен рөл атқарды. Ресми түрде құрылтай биліктің жоғарғы органы болды, құрылтайда ірі әскери кәсіпорындармен байланысты мәселелер, ішкі саясат, иеліктерді Шыңғысхан ұрпағы арасында бөлу мәселелері шешілді. Құрылтайда ханды жариялау және оның салтанатты түрде таққа отыруы туралы шешім қабылданды. Құрылтайды империяның басшысы, ұлыс немесе билеуші рудың аға мүшесі шақырды. Оны шақыру уақыты алдын-ала анықталып, хабаршылар арқылы хабарланды.

4 кесте. Алтын Орданың қоғамдық құрылымы



Хан атынан барлық әскери істерді беклербек басқарды, ал азаматтық биліктің басшысы уәзір болды. Беклербек әскери биліктің өкілі ретінде кеңесші-уәзірден жоғары дәрежеде тұрды; ол басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды да жүргізді.

Даругтар мен баскактар Алтын Орда мемлекетін басқару жүйесінде маңызды орын алды. Даругтар негізінен алымдарды жинаумен айналысты, баскактар басқару функцияларын орындай отырып, жергілікті халықты әскери бақылауды жүзеге асырды. Кейбір жерлерде олар салық жинаушы ретінде де әрекет етті. Елді тікелей басқару атқарушы орган – диуан арқылы жүзеге асырылды.

Ұлық Ұлыстың пайда болуы орталықтандырылған рөл атқарды. Шыңғысхан Шығыс пен Батыс арасындағы байланыс жолындағы шекараларды жойып, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарға

кедергі келтірген бекіністерді жермен жексен етті, содан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы өзара байланыстар дами бастады.

Жалпы Шыңғысхан империясының, атап айтқанда, Алтын Орданың мұрасы XVI-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығында, сондай-ақ, Орталық Азия, Сібір, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ және Қырымдағы түркі мемлекеттерінде көрініс тапты. Оның ішінде қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымында ерекше орын алды, мұнда хан тағының монополиясына Шыңғысхан ұрпағы ие болды.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Моңғол империясының ұлыс жүйесінің қалыптасу және даму тарихы Ақ-Орда және Көк-Орда терминдері мәселесімен, Жошы өлгеннен кейін құрылған Жошы мемлекеті құрамындағы негізгі екі ұлыс атауларымен тығыз байланысты [41].

Ақ-Орда және Көк-Орда терминдерінің қолданылуы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына ғана тән құбылыс болды. Қазақстандық ғалымдардың бір бөлігі Ақ-Орда Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің иелігіне берілген атау болса, Көк-Орда Жошының бесінші ұлы Шибанның иелігі болды деп есептейді. Алайда, қазіргі кейбір зерттеушілер басқаша тұжырым жасайды. Олар «Ақ Орда (Ұлыс Орда Ежен) Қазақ хандығының прототипі» деген ескі тезистің қателігіне баса назар аударып, Алтын Орданы Еуразиядағы көптеген түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың да, ортақ түпкі мемлекеті ретінде алға тартады [42]. Сонымен бірге, Ақ Орда Алтын Орданың құрамдас бөлігі (оның орталығы), сол қанаты Көк Орда, оң қанаты Боз Орда болды.

Ақ Орда аумағы Алтын Ордаға тәуелділігі әлсіреген сайын біртіндеп қалыптасты. Ақорданың құрамына қазіргі Қазақстанның Жетісудан бастап, Орал өзенінің шығысында және Арал теңізі мен Сырдария өзенінің солтүстігінде кең алаңды қамтыған Жошы ұлысының шығыс бөлігі (сол қанаты) кірді. Ақ Ордада Бату хан және оның мұрагерлері билік құрды. Батудың ағасы Орда-Ежен Ертістің жоғарғы жағында Алакөл көлінің маңында орналасқан, әкесі Жошының Көк Ордасының резиденциясына ие болды. XIV ғасырда Ақ Орданың астанасы қызметін Сығанақ қаласы атқарды.

Ақ Ордада түркітілдес тайпалар мекендеді. Қыпшақтармен бірге бұл аумақта наймандар, үйсіндер, қарлұқтар, керейттер, күнгүлдер, маңғыттар, арғындар және т.б. өмір сүрген.

XIV ғасырдың 60-70 жж. Орысхан тұсында мемлекет күшейе түсті. Соңғы билеушісі – Барақ хан (1423-1428). Орыс ханның немересі болған Барақ хан өз заманының ықпалды хандарының бірі еді. Ол – Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласының құрылыс жетекшілерінің бірі болған.

XV ғасырдың 20-жылдарында Ақ Орданың ыдырауы және Жошы ұрпақтарының өзара жанжалдары нәтижесінде Әбілқайыр хандығы немесе Өзбек хандығы құрылды. Бұл хандық өзбек деп аталды. «Өзбек» термині хан әскері деп аталатын саяси мағынаға ие болды. Мемлекеттің құрылуы Әмір Темірдің ұрпағы Ұлықбектің Моғолстанға жасаған жорықтарымен тұспа-тұс келді. Бұл кезде тимуридтер күштерін шығысқа қарай бұрғандықтан,

олардың Сырдарияның төменгі ағысындағы билігі әлсірей түскен болатын. 1425 жылы Ақ Орда ханы Орыстың немересі Барақ Ұлықбекпен вассалдық қарым-қатынасты үзіп, өзін хан деп жариялады. 1427 жылы Ұлықбек Сығанаққа аттанды, бірақ жеңіліске ұшырады.

Мауреннахрдың аудандарын Барақ әскерлері қиратты, бірақ ол өз билігін мұнда нығайта алмады. 1428 жылы ол бүлікшілер қолынан қаза тауып, таққа Шайбанның ұрпағы, Әбілқайыр хан отырды. Ол өз билігіне XIII ғасырда Шайбан меншігіне кіретін Қазақстанның облыстарын ғана емес, Ақ орданың иелігін де біріктірді.

Әбілқайыр хандығы бір орталыққа бағынған біртұтас мемлекет бола алмады және бірнеше этносаяси топтарға, иеліктерге бөлінді. Бүкіл билік кезеңі жанжалдар мен соғыстарға толы болды. Ол жаулап алу жорықтарын жүргізіп, қысқа уақыт ішінде Хорезмді басып алды, Үргеншті тонады, Сығанақ, Созақ, Ақ Қорған, Үзгенд, Аркук қалаларын жаулап алды. Сығанақ хандықтың астанасы болды.

50-ші жылдары Әбілқайыр Самарқан мен Бұхараға қарақшылық шабуыл жасады. 1457 жылы Әбілқайыр хан Сығанақ түбінде ойраттардан жеңіледі. Әбілқайыр хан Исламды қабылдап, көшпелі ақсүйектер арасында ислам және шариғатты тарата бастады.

XV ғасырдың 50-ші жылдарының соңы - 60-шы жылдарының басында Әбілқайырдан Моғолстанның батыс бөлігіне сұлтандар Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған тайпалардың бір бөлігі қоныс аударды. Оларға қарсы 1468 жылы Әбілқайыр хан жорық жасады, бірақ жолда қайтыс болады. Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін мемлекет ыдырады.

Моғолстан мемлекеті қазақтар мен Қазақ хандығының ерте тарихында үлкен маңызға ие. Моғол этнонимі зерттеушілердің ортақ пікіріне сәйкес «моңғол» сөзімен байланысты [43, 59 с.]. Тарихи әдебиетте Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде XIII–XVII ғасырларда өмір сүрген түркітілдес тайпалар моғолдар деп аталды. XIV ғасырдың ортасында Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде моғол тайпалары Моғолстан мемлекетін құрды, оның құрамына қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан (Жетісу), Қырғызстан және кейде Шығыс Түркістан, Ташкент және Сайрам аумақтары кірді.

XIV ғасырдың 50 жылдары соңында Шағатай ұлысы тәуелсіз мемлекеттерге айналған батыс және шығыс бөліктерге бөлінді. Шығыс бөлігі Моғолстан деп аталды. Моғолстанның құрамына Шығыс Түркістанның бір бөлігі кірді. Айта кету керек, Моғолстанның шекаралары тұрақты болған жоқ. Моғолстан экономикасының негізі және халқының басты кәсібі жартылай отырықшы егіншілікпен үйлескен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды.

Мемлекеттің негізін қалаушы дулат тайпасынан шыққан түрік әмірі Полатшы болды. Сұлтан Тоғлық Темір хан тағына отырды. Моғолстанның саяси тарихы феодалдық соғыстарға, жанжалдарға, Әмір Темірдің шабуылдарына тойтарыс берген ұрыстарға толы болды. Мемлекетте саяси бірлік болмады. Моғолстан аумағының өзі үш бөлікке бөлінді: Шығыс

Түркістан, Ыстықкөл қырғыздары, Жетісудың көшпелі тайпалары. Ақсақ Темірдің агрессиясымен ауыр күрестің нәтижесінде Моғолстан бөлшектенді. Қызыр Қожа хан билік жүргізген кезеңде өзін Әмір Темірдің вассалы ретінде мойындауға мәжбүр болды.

Қызыр Қожа ханның ұлы Мұхаммед ханның тұсында (1408-1416 жж.) жағдай біршама нығайды. Оның тұсында Моғолстан Тимуридтерден тәуелсіз болды, ол Шу мен Талас өзендерінің аңғарларындағы жерлерді жау билігінен азат ете алды. Біршама уақытқа өзара қақтығыстар мен жанжалдар азайды. Мемлекетті орталықтандыру мақсатында Мұхаммед хан елде ислам дінін табандылықпен таратты. Осы кезде Моғолстанның Шығыс шекараларына ойраттар жиі шабуыл жасай бастады. Ұлысбегі Мір Мұхаммед Шах бастаған ақсүйектер тобы ішкі тартыста Уайс ханның ұлы Есен-бұғаны (1433-1462) қолдады. Есенбұға ханның тұсында, Жетісуға Шығыс Дешті Қыпшақтан сұлтандар Жәнібек пен Керей бастаған қазақтардың бір бөлігі көшіп келді. Жетісудың түркі және түркіленген тайпаларынан қазақтың ұлы жүзінің қалыптасуының аяқталу процесі, сондай-ақ, Тянь Шань маңындағы тайпаларының Қырғыз ұлтына бірігуі Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанның біртіндеп оқшаулануының және Моғолстанның ыдырауының маңызды факторы болды. Мемлекеттің ыдырауының басқа да себептері болды: елдің жеке биліктерге ыдырауы, Шағатайлықтардың әулеттік жанжалдары және тайпа ақсүйектерінің өзара қақтығыстары, тұрақсыздыққа бұқараның наразылығы, алымдар мен салықтардың ауырлауынан қашқан тұрғындардың жаппай көшуі. Жүніс хан мемлекетті біршама нығайтты (1462-1487), алайда, 1472 жылы ойраттардан жеңіліп, Сырдарияға қашып кетуге мәжбүр болды. Моғолстан билеушілерінің соңғысы Жүніс ханның немересі Сұлтан Саид 1514 жылы Қашқарияны вассал билеушісінен тартып алып, Шығыс Түркістанда жаңа Моғол мемлекетін құрды. Ал, қазақ рулары мен тайпалары Қазақ хандығының құрамына кірді.

Моғолстан жергілікті халықпен бірігіп, «Моғолдар» деп аталатын этносаяси қауымдастықты құрған жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының мемлекеттік саяси бірлестігі болды.

Алтын Орданың ыдырауынан және Ақ Орданың әлсіреуінен кейін көтерілген XV ғасырдағы тағы бір мемлекеттік құрылым Ноғай ордасы болды. Ноғай Ордасы – көшпенділердің мемлекеттік бірлестігі. Каспий және Арал теңіздерінің солтүстігінде, Еділ өзенінен Ертіске дейінгі аумақты алып жатты. Ноғай ордасының негізгі халқы маңғыт, қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, тама және т.б. тайпалар болды. Дереккөздерде «Маңғыт жұрты» деген атауда кездеседі. Орданың астанасы – Жайық өзенінің төменгі жағында орналасқан Сарайшық қаласы. Қара теңізден Орта Азияға дейінгі жолдағы ірі транзиттік сауда орны болды.

Халықтың негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы болды. Сондай ақ, мұнда қолөнер және сәулет өнері дамыды.

Мемлекет басшысы Едіге (1396-1511) өз саясатын Алтын Ордан оқшаулауға бағыттады. Нұраддин ханның тұсында Ноғай Ордасы Алтын Ордан біржола бөлініп шықты.

Ноғай Ордасы мырзалар басқарған ұлыстарға бөлінді. Жоғарғы билікті Әмір жүзеге асырды. Ұлыстар, тайпалар мен рулар арасында жайылымдық жерлерге таласып, Ордадағы саяси билік үшін күрес үздіксіз жүрді.

Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар мен рулардың қазақ халқының қалыптасуына тікелей қатысы болды. Алайда, XVI ғасырдың ортасында Мәскеу мемлекетінің агрессиясына байланысты Ноғай ордасының сыртқы саясатын өзгерту үшін әртүрлі кландардың ішкі күресі пайда болды және ол бүкіл Ноғай мемлекетінің дағдарысын күшейтті. 1556 жылғы күрес барысында Ноғай Ордасы 3 бөлікке бөлінді.

Сібір хандығы XV ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап XVI ғасырдың соңына дейін Батыс Сібір территориясымен бірге, Обь, Тобыл, Есіл бойындағы жерлермен бірге қазіргі Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағының бір бөлігін, Ертістің оң жағалауын қамтыды. Негізгі халқы түркітілдес тайпалар болды. Бірлестіктің және жергілікті әулеттің негізін қалаушы Тайбұға болды. Моңғол шапқыншылығынан кейін Батыс Сібірдің территориясы Жошы ұлысының құрамына кірді, ол номиналды түрде шайбанидтердің батыс тармағына тиесілі еді, дегенмен, басқару жергілікті ақсүйектердің қолында болды.

Алтын Ордада болған жағдайдың бәрі Батыс Сібірге де әсер етті. 1398 жылы Едігеден жеңіліп, Тоқтамыс Батыс Сібірге қашып кетті, онда ол бір иелік жерге ие бола алды. Тоқтамыс қайтыс болғаннан кейін Тайбұғалықтар Едіге билігін қайта мойындады. Едіге ханнан кейін билік үшін күрес басталды.

Шайбанид Махмут Қожа XV ғасырдың басында хан болып жарияланды. Хандықтың астанасы Қызыл Тұра қаласы болды. 1428 жылы Әбілқайыр хан Қызыл Тұраға жорыққа шығып, оны жаулап алады. 1430 жылы Әбілқайыр хан Махмуд Қожа ханға қарсы аттанып, соғыста Махмуд Қожа хан тұтқынға түсіп, өлтіріледі. 1468 жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін Батыс Сібір аумағының көп бөлігі Шайбанид Ибақ ханға өтті. Ибақ хан Әбілқайыр ханның мұрагерлерімен бірнеше рет соғысқан еді. Жәнібек пен Керей билігінің бекітілуімен Ибақ хан Дешті Қыпшақтан кетуге мәжбүр болады. Көп ұзамай ол тайбұғылықтарды биліктен аластатып, хандықты өзі басқара бастады.

Сібір хандығының негізгі өзегі Ертіс, Тара, Тобыл және Тура өзенінің орта ағысындағы жерлер болды. Ибақ кезінде Ресеймен байланыс орнатылды. 1481, 1483 жылдары ол екі рет Ресей патшасы III Иванға одақтасу, сауда қатынастарын орнату туралы ұсыныспен елшілік жіберіп, келісімін алды. Алайда, жергілікті дворяндар бұған келіспеді және Ибақты өлтіреді. Кейіннен Сібір хандығын Ресей жаулап алды.

Бақылау сұрақтары:

1. Алтын Орданың империялық кезеңіндегі Дешті Қыпшақтың мәдени даму деңгейі, жаңа археологиялық ашылымдар туралы сипаттап жазыңыз.
2. Алтын Орданың әлсіреуіне және ыдырауына әкелген сыртқы және ішкі факторларды көрсетіңіз.
3. Египеттегі Мамлүк сұлтанатымен дипломатиялық байланыстар орнату туралы баяндаңыз.
4. Монғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы туралы ортағасырлық деректер мен зерттеулер.
5. Алтын Орда дәуірінің мәдени-өркениеттік мұрасы.

2.3 Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. - XVIII ғ. басы)

1. Қазақ жұрты қалыптасуының тарихи алғышарттары.
2. Қазақ хандығының құрылуы, дамуы және негізгі оқиғалары.
3. Қазақ хандығының XVI ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.
4. *Қазақ хандығы XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың басында.*

Қазақ жұрты қалыптасуының тарихи алғышарттары. Қазақ жұртының қалыптасуы өте күрделі және ұзақ үдеріс болып табылады. Ғалымдар қазақ этносы өзінің рассалық-генетикалық бастауын қола дәуірінен алады деп есептейді.

Қазақстан жерін мекендеген үйсін, сақ, ғұн, қаңлы және сармат тайпалары қазақтардың арғы тегі болып табылады [44].

Қазақ елінің қалыптасуы кездейсоқ немесе бір жолғы акт емес. Бұл Қазақстан территориясында мемлекеттіліктің пайда болуы кезіндегі ежелгі дәуір мен орта ғасырларға дейінгі этникалық процестердің нәтижесі.

Ежелден келе жатқан қазақ халқы б.з. 2 мыңжылдығының ортасынан бастап дербес этникалық бірлік ретінде өмір сүргенін көптеген зерттеушілер мойындап отыр. Дәл осы кезден бастап жергілікті тұрғындар бүкіл Қазақстан аумағында генетикалық қоры мен фенотиптік келбетінің барлық спецификалық белгілері, өзіндік мәдени ерекшеліктері мен қазіргі тілінің негіздері бар біртұтас этникалық қоғам құрады.

Этнос – тарихи қалыптасқан, жалпы сыртқы физикалық ерекшеліктерге ғана емес, сонымен бірге, мәдениет пен психиканың салыстырмалы түрде тұрақты ерекшеліктеріне, олардың бірлігі туралы санаға, сондай-ақ басқа этникалық топтардан оқшаулануға ие адамдар жиынтығы.

Қазақстан территориясындағы этногенетикалық процестер дамуының бірнеше кезеңдері бар. Антропологиялық деректерге қарағанда, этникалық даму процесінде халықтың кавказдық типі ұзақ уақыт сақталды, бірақ уақыт өте ол монголоидтыққа қарай өзгеріске ұшырады. Тілдік жағдай да өзгеріссіз

Бұл жағдайда Кеңес билігі еріктілік қағидасын - міндетті әскери міндеттілікпен ауыстыруға мәжбүр болды, өйткені Қызыл армия қатарына тек қазақтар ғана шықпады. 1918 жылдың жазында ұлттық әскери құрылымдар құрыла бастады. Кейбір деректер бойынша 1919 жылы қаңтардан желтоқсанға дейін Орта Азия мен Қазақстанның аумағында 20 ұлттық әскери бірлік құрылды, олардың ең ірісі 800-700 адамды құрады. Бұл кезде Қазақстанда халық саны 5600 мың адамды құрағаны белгілі. Сондықтан, жергілікті халық азаматтық соғыстың жауынгерлік іс-қимылдарына жаппай қатысты деуге келмейді.

Азамат соғысы барысында Қазақстан аумағында Шығыс, Түркістан, Орал және жергілікті Ақтөбе және Жетісу майдандары құрылды. Күрделі жағдай 1918 жылдың жазында Орынборда қалыптасты. Оны 3 шілдеде

атаман Дутов басып алды, ол Орынбор-Ташкент темір жолын кесіп тастады. Ақ гвардияшылардың Ташкентке баратын жолын кесу үшін Қызыл армия Ақтөбеге шегінді және мұнда 1918 жылы 18 шілдеде Ақтөбе майданы құрылды, қолбасшы Г.В. Зиновьев болды. Мәскеуден Ақтөбе майданына көмекке Төтенше комиссар Ә. Жангелдин бастаған экспедиция жіберілді. Еділ, Каспий теңізі бойынша экспедиция Маңғыстау арқылы 11 қарашада Шалқарға келді. 1919 жылы Орынбор, Орал, Орск босатылғанда күзде Ақтөбе майданының әскерлері Шығыс майданының әскерлерімен бірігіп, ол таратылды.

1918 жылдың жазында және күзінде ұрыс қимылдары Жетісуда өрістеді. Ақ гвардияшылар Іле өлкесін, Верныйды және одан әрі Қазақстанның оңтүстігіне және Орта Азияға қарай қозғалуға ұмтылды, ақ гвардияшылардың оңтүстікке жылжуын болдырмау мақсатында Солтүстік Жетісу майданы құрылды, оның негізгі бөлімдері Гавриловский (Талдықорған) ауылында орналасты, қолбасшысы Л.П. Емелев болды. 1918 жылдың күзінде Солтүстік Жетісу аймағын ақ гвардияшылар басып алды, кеңес билігі Лепсі уезінде ғана қалды, оның орталығы Черкасское селосы болды. Черкасск қорғанысы 1918 жылы маусымнан бастап 1919 жылы қазанға дейін созылды.

Азамат соғысы жылдары Ақмола және Семей облыстары партизан қозғалысының орталықтарына айналды. 1919 жылдың жазында адмирал Колчак әскері жеңіліске ұшырады, бұл Батыс, Солтүстік, Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңірін азат етуге жағдай жасады, жылдың соңына қарай негізгі аумақ ақ гвардияшылардан босатылды. 1920 жылы наурызда Қазақстан аумағындағы соңғы Семей майданы жойылды.

Саяси билікті басып алғаннан кейін большевиктер мемлекеттендіру саясатын бастады. 300-ге жуық ірі кәсіпорындар мемлекет меншігіне алынды. Алайда, мұндай саясат өнеркәсіптің жойылуына алып келді, өйткені инженерлік-техникалық кадрлар буржуазия табына жатқызылып, экспроприацияланды. 1918 жылдың көктемі мен жазында азық-түлік дағдарысы басталды. Үкімет «әскери коммунизм саясаты» бағдарламасын қабылдады, оның мәні нарықтық, тауарлық-ақшалай қатынастар толығымен бұғатталды, экономикалық ынталандырулар экономикалық емес, дефективті, қатаң мемлекеттік бақылау енгізілді, теңдік идеясының іске асуы ретінде коммунистік өндіріс пен бөлуге көшу әрекеті жасалды. Ауыл шаруашылығында азық-түлік салғырты енгізілді, етті өңдеу және жинау мал шаруашылығы аудандарында жүргізілді. Бұл саясаттың жетекшілері кедейлер комитеттері - комбедтер болды. Тауарсыз эксперимент азық-түлік апатына алып келді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстанда 1,4 млн. адам аштық алдында тұрды. Бұл саясаттың нәтижесінде 2 миллионнан астам адам ашаршылыққа ұшыраса, 1 миллионға жуық адам аштық пен аурудан қайтыс болды.

Кеңес билігінің әлеуметтік-экономикалық саясаты азаматтық соғыс жылдарында «әскери коммунизм» деп аталды. «Әскери коммунизмнің»

алғышарттары өнеркәсіпті мемлекет меншігіне алу, орталықтандырылған мемлекеттік аппарат (оның ішінде Бүкіл Одақтық халық шаруашылығы Кеңесі) құру, азық-түлік диктатурасын енгізу, ауылға әскери-саяси қысым көрсету (азық-түлік отрядтары, комбазалар) тәжірибесі негізге алынды. Осылайша, «әскери коммунизм» саясатының ерекшеліктері Кеңес үкіметінің алғашқы экономикалық және әлеуметтік іс-шараларында байқалды. Большевиктер үшін «әскери коммунизм» саясаты мәжбүрлі, елде орын алған төтенше жағдайға, ауыл мен қала арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстардың бұзылуына, сондай-ақ, азаматтық соғыста жеңіске жету үшін барлық ресурстарды жұмылдыру қажеттігіне негізделген деп есептелді.

«Әскери коммунизм» саясаты экономикалық және әлеуметтік-саяси саланы қозғаған іс-шаралар кешенін қамтыды. Бұл ретте ең бастысы: өнеркәсіпті (үлкен, орта, шағын) мемлекет меншігіне қарату және қуатты орталықтандырылған аппарат (басқару) құру болды. Халық комиссарлар кеңесінің 1919 жылы 11 қаңтардағы декретімен нанға салғырт саясаты енгізілді.

1920 жылы ол картоп, көкөніс және т.б. енгізілді. Салғырттың мәні барлық артық нанды, көбінесе қажетті қорларды алып қою болды. Азық-түлікті алып қойғаны үшін шаруаларға түбіртектер мен инфляцияның салдарынан өз құнын жоғалтқан ақша берілді. Жұмысшылар арасында еңбекақы төлеудің теңестірілген жүйесі енгізілді [76].

Әлеуметтік салада «әскери коммунизм» саясаты «Кім жұмыс істемесе, ол тамактанбайды» қағидасына сүйенді. 1920 жылы жалпыға ортақ еңбек ету міндеті енгізілді.

Еңбек ресурстарын күштеп жұмылдыру құрылыс жұмыстарын және т.б. қалпына келтіруге бағытталған еңбек әскерлерінің көмегімен жүзеге асырылды. Халықтың өмірін қамтамасыз ету үшін мемлекет еңбекақыны заттай төледі, оның ішінде ақшаның орнына азық-түлік пакетін, асханада тамақ алуға талон, бірінші қажетті заттарды берді. «Әскери коммунизм» саясаты кезінде тұрғын үй, көлік, коммуналдық және басқа да қызметтер үшін төлемақы алынып тасталды.

Большевиктердің экономикалық саясатының жалғасы тауар-ақша қатынастарын жою болды. Бастапқыда азық-түлікті, одан кейін мемлекет жалақы ретінде бөлетін басқа да тұтыну тауарларын еркін сатуға тыйым салынды.

Мұндай саясат қолда бар барлық өнімді есепке алуды және бөлуді жүргізетін арнайы аса орталықтандырылған шаруашылық органдарын құруды талап етті. ХШБК (халық шаруашылығының бүкіл одақтық кеңесі) жанынан құрылған бас орталықтар өнеркәсіптің қандай да бір салаларының қызметін басқарып, оларды қаржыландыруды, материалдық-техникалық жабдықтауды, дайындалған өнімді бөлуді іске асырып отырды.

Күш қолдану саясаты халықтың наразылығын тудырды. 1920 жылы «Коммунистерсіз кеңестер», «Салғырт жойылсын» ұранымен Қазақстанның көптеген өңірлерінде - Семей облысында, Павлодар уезінде 10 мыңға жуық


адам қатысқан наразылық бүліктері орын алды. 1921 жылғы ақпанда «Сібір шаруа одағы» бастаған көтеріліс Батыс Сібір өңірі мен Солтүстік Қазақстанның аудандарын қамтыды, қатысушылар саны 30 мың адамға жетті. Көтерілістер Петропавл мен Көкшетауды уақытша басып алды. «Жасыл шаруа армиясы» Қостанай губерниясында, «Қызыл шындық армиясы» Батыс Қазақстанда әрекет етті. Бұл көтерілістердің барлығы қатыгездікпен басылып, кулақтық-бандиттік ретінде бағаланды. Осылайша, кеңес билігі әскери коммунизм саясатымен кіші азамат соғысын бастады.

Кеңес өкіметі тұсында Қазақстанның бірінші арнаулы басқару органы 1918 жылы 11 мамырда құрылған РКФСР Ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариаты жанындағы Қазақ бөлімі болды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңес өкіметі қалпына келтірілгенде 1919 жылы 10 шілдеде Кирревком – Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитетін құру туралы декрет қабылдады. Оның құрамына С. Пестковский (төраға), А. Байтұрсынов, Б. Қаратаев, Ә. Жангелдин және басқалары кірді. Жоғарғы әскери-азаматтық басқару Қирревкомның қолына шоғырланды. Оған келесі міндеттер жүктелді:

1. Қазақ халқының кеңестік мемлекеттілігін құруға дайындық.
2. Болашақ қазақ мемлекеттілігінің аумақтық тұтастығын қалыптастыру.
3. Белсенді армияны қамтамасыз ету үшін азық-түлік мәселесін шешу.

Сонымен қатар, білім беру, сот ісін жүргізу және халық шаруашылығын қалпына келтіру мәселелері шешілді. Революциялық комитет Орал және Торғай облыстарының, Ақмола және Семей облыстарының аумағында азаматтық соғыс нәтижесінде Сібір ревкомының басқаруымен жоғары әскери және азаматтық билікті жүзеге асырды. Кирревком 1919 жылдың шілдесінен 1920 жылдың қазанына дейін 15 ай жұмыс істеді.

Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы. 1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі М.И. Калинин мен В.И. Ленин қол қойған құжатты қабылдады. Бұл астанасы Орынбор қаласында болатын РКФСР құрамында «Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет (24 сурет) болатын. 1920 жылдың 4-12 қазан аралығында Орынборда өткен Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы еңбекшілерінің құқықтары туралы Декларацияны қабылдады, ол Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құруды рәсімдеді.



24 сурет. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы туралы декрет. 1920 жылдың 26 тамызы. Түпнұсқа. (ҚР ОММ. 5 қор.)

С. Меңдешев басқарған Орталық Атқару Комитеті, В. Радус-Зенькович басқарған Халық Комиссарлар Кеңесі сайланды, республиканың аумағы 2 млн. км, халқы 5 миллионға жуық адам болды, оның құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Маңғыстау уезі, Красноводск уезінің бір бөлігі, қазақтар қоныстанған Астрахань губерниясының бір бөлігі кірді.

1918 жылы 30 сәуірде Ташкентте жарияланған Түркістан Кеңестік Федеративтік Республикасының құрамына екі қазақ облысы - Жетісу және Сырдария кірді. 1922 жылы 30 желтоқсанда КСРО-ны құру туралы келісімге

қол қойылды, оның құрамына бастапқыда РКФСР, Украина КСР, Белоруссия КСР, Закавказье құрамындағы 4 республика және Қазақстан РКФСР құрамына кірді.

1918 жылы қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы Қ. Қожықов «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым. Ол - Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалалардың бірі болсын деген ұсынысым еді» деп жазады [77, 9 б.].

Алаш зиялылары съезде ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі - территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын алғаш рет көтерді. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан қаласының азаматтары С. Өтегенов, С. Қожанов, Қ. Қожықов, С. Алдабергеновтер белсене қызмет етті.

Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС). 1920-1930 жылдар – қазақ халқының тарихындағы қиын да тартысты кезеңдердің бірі болды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңес үкіметі әлеуметтік-экономикалық эксперименттердің тұтас сериясынан тұратын социализмді құруға кірісті.

1920 жылы қыркүйекте өткен Түркістан Компартиясының 5-ші және Түркесубликасы Кеңестерінің IX-съезі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жер-су реформасын жүргізу қажет деп тапты. «Қосшы» одағы ұйымдастырылды. Реформа жетекшілерінің бірі С.Қожанов болды. Реформа бойынша 1916-1917 жылдары патша өкіметі тартып алған жерлер қазақтарға қайтарылды.

1921-1922 жылдары Қазақстанда жер-су реформасы жүргізілді, оның мәні Сібір және Орал казак әскерлері үшін, Ертіс өңірі мен Орал өзенінің сол жағалауындағы, сондай-ақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы жерлерді қайтару болды. Шаруалардың пайдалануына барлығы 1 млн. 385 мың десятинадан астам жер алынды. 1921 жылдың сәуірінде патша өкіметі Сібір және Орал казак әскерлеріне берген жерлерін еңбекші қазақтарға қайтару туралы декрет шығарды. Осы декрет бойынша қазақ шаруалары Ертіс маңындағы алқаптан 177 мың десятинадан астам жер алды және Орал қаласының сол жағалауында 1916 жылғы көтерілісті басу кезінде қазақтардан тартып алынған 208 мың десятинадан астам жер қайтарылды. Сонымен қатар, бұрынғы офицерлік және еркін қоныс аудару учаскелері есебінен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қазақ және орыс тұрғындарына жер беру үшін ауданы 1 млн десятинадан астам жер қоры құрылды. Аграрлық қайта құрулар 1916 жылы Қытайға қоныс аударған 300 мың босқынның (қазақтар мен қырғыздардың) әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалпына келтіруге және нығайтуға ықпал етті.

Соғыс аяқталғаннан кейін әскери-экономикалық шаралар жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қайшы келді. Шаруалардың «әскери коммунизм саясатына» қарсы көтерілістер үкіметті экономикалық саясатты қайта қарауға мәжбүр етті. Шешуші қадам 1921 жылы наурызда РКП(б) X

съезінде ЖЭС (Жаңа экономикалық саясат) (6 кесте) қабылдады, ол капитализмнен социализмге ауысу әрекеті ретінде қарастырылды.

7 кесте. Жаңа экономикалық саясат.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)

8-16 наурыз 1921 ж. - РКП(б)Х съезі:

ЖЭС мазмұны –

- азық-түлік салығын ауыстыру;
- жерді жалға алуға және беруге рұқсат;
- жалдамалы еңбекті қолдану ;
- несиелік, тұтынушылық кооперацияны ынталандыру ;
- еңбек міндеткерлігін жою;
- шағын кәсіпорындарды жеке тұлғаларға немесе кооперативтерге жалға беру;
- темір жол және автомобиль көлігінің, өндіру және өңдеу өнеркәсібінің шаруашылық есебіне көшу.

Қазақстанда ЖЭС-ті ұлттық шеткері аудандардың артта қалған халықтардың «капитализмді айналып өтіп, социализмге» көшу призмасы арқылы қарау керек. Жаңа саясаттың ерекшелігі дәстүрлі қоғам негіздерінің бұзылуында болды.

Бұл дағдарысқа қарсы бағдарлама еді, оның мәні большевиктік үкіметтің қолында басшылықты сақтай отырып, көп салалы экономиканы қайта құру еді. Қоғамның негізгі саяси және экономикалық тетіктері мемлекеттің қолында болды. Өнеркәсіпте мемлекеттік сектор, орталықтандырылған қаржы жүйесі және сыртқы сауда монополиясы болды.

ЖЭС-тің басты саяси мақсаты - әлеуметтік шиеленісті жою, кеңестік биліктің әлеуметтік базасын жұмысшылар мен шаруалар одағы түрінде нығайту болды.

Ауыл шаруашылығында ЖЭС азық-түлік салғыртын белгіленген азық-түлік салығымен алмастырды. Өндірушілер артығын нарықта сату құқығына ие болды. Қазақстанда азық-түлік салығын қолдану аясы ауыл шаруашылығындағы дағдарыстың тереңдігіне байланысты таралды. Орал, Ақтөбе, Орынбор, Бөкей және Қостанай облыстары аштыққа ұшырағандар қатарына қосылып, салықтан босатылды.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы бірқатар әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстармен қатар жүрді. Соның бірі – 1921-1922 жылдардағы ашаршылық. 1921-1922 жылдары етек алған ашаршылықтың негізгі себептері тек ауа райының қолайсыздығы мен қуаншылыққа, қыстың қаталдығына байланысты болған жоқ, кеңес өкіметінің жүргізген саяси-экономикалық реформаларының және науқандарының әсерінен орын алды. Кеңес өкіметі

реформаларды жүзеге асыру барысында қазақ халқы тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігін ескермеуі дәстүрлі шаруашылықтың күйреуіне, ашаршылықтың кең жайылуына келіп соқтырды.

1921 жылғы қуаншылық салдарынан егістік астықтың 70 пайызы шықпады. 1921 жылы шілде айында ашаршылық кең етек алды [78, 88 с.].

Большевиктер социалистік пролетарлық революцияның жеңісін жариялағанымен, нағыз жеңіс әлі алыс еді. Азамат соғысының жеңіспен аяқталуы да саяси биліктің жаңа саяси партияның қолына нақты өтуін білдірмеді. Билікті ұстап тұру оны басып алудан қиынырақ болды. Большевиктердің позициялары, әсіресе, империяның шығыс шетінде, ең алдымен, Қазақстанда әлсіз болды.

1921-1922 жж. ашаршылыққа қарсы күресте Алаштың бұрынғы қайраткерлерінің де, Кеңес үкіметіне қызмет еткендердің де еңбегі зор болды. Олар халықтың басына түскен апатқа бей-жай қарамады. Сейітқали Меңдешев, Ұзақбай Құлымбетов, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Манан Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Шаймерден Тоқжігітов, Уәлихан Танашев және басқа да зиялы қауым өкілдері қажымас еңбегінің арқасында қазақ халқы қатты ашаршылықтан құтылды. Олар өз мүмкіндіктеріне қарай мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға ұмтылып, жоғары үкіметтік органдарға, Орталық комитетке хат жазып, көмек сұрады. Олар өздері халықтың арасына барды, барлық күш-жігерін аштыққа ұшырағандарға асханалар ашуға, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге жұмсады.

Торғай, Орал, Қостанай, Орынбор өңірлеріндегі аштықтан зардап шеккендерге көмек ұйымдастыру мақсатында М. Әуезов пен А. Досов Семейге, А. Кенжин және М. Төлепов – Ақмолаға, С. Сәдуақасов – Қостанайға жіберілді. Осы іс-сапарлар барысында жоғарыда аталған қазақ зиялыларының өкілдері аштыққа ұшыраған халық үшін азық-түлік пен мал жинауды ұйымдастырды, кооперативтер құрды және оларға несие беруге ықпал етті. Өздеріне берілген тапсырмаларды абыроймен орындады.

Жалпы, Республикадағы ашаршылыққа қарсы бірлескен күрес бастамасын Семей зиялылары бірінші болып көтерді. 1922 жылы 9 наурызда Семей қаласында қазақ зиялыларының жалпы жиналысы өтті, оған Х. Ғаббасов, М. Дулатов, А. Сәтбаев, М. Тұрғанбаев, Б. Сәрсенов, Г. Ихсанов, Д. Ихсанов, Ж. Аймауытов, Ш. Смағұлов және басқа да белгілі қазақ азаматтары қатысты. Осы жиналыс кезінде Мыржақып Дулатов баяндама жасап, қаражат жинау арқылы аштыққа ұшыраған аймақтарға көмектесуге шақырды. Оның ұсынысы «Қазақ тілі» газетінің 145-санында халыққа ашық хат ретінде жарияланды.

1921-1922 жылдардағы аштық Кеңес дәуірінің алғашқы ашаршылығы ретінде белгілі, тұтыну өнімдерінің толық болмауы бұрын-соңды болмаған аштықты тудырған қайғылы оқиғалардың басталуы болды. Барлық материалдық ресурстарды тоталитарлық биліктің қолына шоғырландыру дәрменсіздік пен немқұрайлылық сезімін тудырды. Ашаршылықтың қайғылы

жағдайлары жаңа билікке барынша жұмылдыруға және өз ұстанымдарын нығайту үшін сыни әлеуметтік-экономикалық жағдайды пайдалануға мүмкіндік берді.

Семей және Ақмола губернияларында азық-түлік салғырты саясатының науқаны толық көлемде жүргізілді. ЖЭС-тің негізінде шаруалардың материалдық қызығушылығы және тауар-ақша қатынастарын дамыту принципі жатты. Сонымен қатар, қаржы, несие және басқа салаларда тиімді акциялар қабылданды. Зауыттар мен фабрикаларда жалақы, коммуналдық қызметтер мен көлік ақысы қалпына келтірілді.

Өнеркәсіпте орта және шағын кәсіпорындар кооперативтерге, серіктестіктерге немесе жеке тұлғаларға жалға берілді. Кәсіпорындарда шығындар есебі енгізілді. Осылайша, экономикада көп құрылым қалыптасты.

ЖЭС шеңберіндегі түбегейлі шаралар халық шаруашылығының жай-күйіне әсер етті. 1925 жылдың аяғына қарай өнім өндіру деңгейі 1920 жылмен салыстырғанда 5-6 есеге өсті. Темір жолдар салынды. Ауыл шаруашылығында астық бойынша 1913 жылғы деңгейге қол жеткізілді. Мал шаруашылығы дағдарыстан шыға бастады, 1922 жылмен салыстырғанда 1925 жылы мал басы екі есе өсті, біртіндеп көшпелі мал шаруашылығы қалпына келді. Меншіктің әртүрлі нысандарының болуы халық шаруашылығының үдемелі қозғалысына күшті серпін берген фактор болды. Алайда, 20-жылдардың екінші жартысынан бастап саяси және экономикалық дағдарысты желеу еткен большевиктер мемлекеті ЖЭС-тен бас тарта бастады.

XX ғасырдың 20-жылдары ЖЭС индустрияландыру, ұжымдастыру, халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени деңгейін арттыру проблемаларын шешудің негізінде болуға тиіс ұзақ мерзімді саяси стратегия ретінде қабылданды. Алайда, 20-30 жылдары ЖЭС желісі жабылды. Экономика және қоғамдық-саяси өмір саласында басшылықтың командалық-әкімшілік жүйесі орнықты. Сталин пен оның айналасындағылар ұжымдастыруды үдету есебінен индустрияландыру бағытының қарқынын жеделдетуге бағыт алды, ал ол алдын ала дайындалмағандықтан, шаруашаруалықтардың күйреуі есебінен жүзеге асырылды.

Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі. 1918 жылы Түркістан АКСР, Хорезм, Бұхара, Хиуа республикалары құрылды. Қазақстанның оңтүстік бөлігі Түркістан АКСР-і құрамына кірді. Академик М. Қозыбаевтың есептеуі бойынша Қазақстанды отарлау 400 жыл бойы жалғасты, оның барысында қазақтар 45 млн. десятина жерден айырылды. «Қазақ ұлтының малын, жанын күн демей, түн демей талап, тоз-тозын шығарды» [79, 20 б.]

1920 жылы жергілікті коммунистер Орталық Азия республикаларын біріктіру арқылы Біртұтас Түрік республикасын құруға тырысты. Біріккен Түркістан идеясын Т. Рысқұлов 1920 жылы 25 қаңтарда Мұсбюроның III Төтенше конференциясындағы баяндамасында айтты. Түркістан республикасының автономиясы туралы негізгі тезистер мынадай болды:

1. Түркістан - шаруашылық пен өмір салтында ерекшеліктері бар түркі халықтарының тарихи Отаны: халық көшпелі және отырықшы болып бөлінеді. Әр топ олардың ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

2. Түркістан түркітілдес халықтардың тарихи Отаны болғандықтан, Түркістан Республикасын «Түркі Республикасы» деп өзгерту қажет.

3. Оған басқа Түркі республикаларының қосылуы үшін жағдай жасау қажет.

4. Мемлекеттік тілі - түркі тілі.

Үшінші аймақтық мұсылман коммунистік конференциясында РК(б)П Түркістан республикасын Түркі халықтарының Республикасы және Түркістан коммунистік партиясын Түркі Коммунистік партиясы деп тануға қаулы етті. Мақсаты - РКФСР құрамына кіретін барлық түркі халықтарының біртұтас республикасын құру. Бұл түркі халықтарының бөлінуі идеясы большевизм саясатына қайшы келді. Осы мақсатта кейінірек Түркі халықтарының республикалары таратылды. Мұндай қарарлардың қабылдануы Мәскеу тарапынан алаңдаушылық туғызды. Осы мәселелерді талқылауға және талдауға кіріскен Түрік комиссиясы құрылды. Түрік комиссиясы жұмысының нәтижесінде конференция шешімі жойылды, Т. Рысқұлов идеясын қолдаған барлық көрнекті қайраткерлер отставкаға кетті. Түркістанның жаңа Төралқасы мен Түркістан компартиясының уақытша Орталық комитеті сайланды, жергілікті кеңестік және партиялық ұйымдарды тазарту барлық жерде өтті.

1924 жылдың соңында Орта Азия республикаларында ұлттық-территориялық межелеу жүргізілді. Оған сәйкес қазақтардың тарихи қалыптасқан жинақы қоныстанған аудандары Қазақ АКСР-нің қарауына және басқаруына өтті. Орынбор губерниясының бір бөлігі Орынбор қаласымен бірге Ресейге өтіп, Қызылорда қаласы республиканың астанасы болды. Қазақ АКСР-нің шекарасын белгілеу нәтижесінде 1,5 миллионға жуық халқы бар бұрынғы Түркістан, Хорезм және Хиуа республикалары аумағының 40 пайызы берілді.

К. Нұрпейіс 1924 жылы жүргізілген Орта Азия және Қазақстан республикаларын межелеу саясаты үрдісін жартыкешті сипатта болған деп тұжырымдайды: «Қазақстандағы отаршылдық саясаттың ауыр мұрасы өлкенің жекелеген әкімшілік-аумақтық бөлімдер арасында бөлінуі болды. Қазақ АКСР-нің құрылуы қазақ жерлерін біріктіру проблемасын туғызды. Түркістан құрамына кірген Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу идеясы азаматтық соғыс кезеңінде пайда болды. Осы облыстардың қазақ халқы үнемі Солтүстік аудандармен бір республикаға бірігуді жақтады. Бұл ұлттық республикаларды нығайтуға мүдделі емес Орталық биліктің жоспарларымен сәйкес келді. Орта Азияны межелеу (25 сурет) нәтижесінде қазақ жерлерін біртұтас Қазақ Кеңес мемлекетіне біріктіру аяқталды. Осының арқасында халықтың аумағы мен саны ұлғайды, Қазақстанның экономикалық әлеуеті артты. Сонымен бірге, Орынбор қаласы іргелес

аудандармен бірге РКФСР-ге, ал Қарақалпакия Өзбекстанға көшті» [80, 19 б.].



25 сурет. Орта Азия республикалары мен облыстарының ұлттық межелеуге дейін және одан кейінгі картасы (К. Рамзиннің "Орта Азиядағы Революция" кітабынан. 1928.)

Қазақстан территориясы 1920 жылы 2 млн шаршы км-ден 1925 жылы 2,8 млн шаршы км дейін ұлғайды, ал көлемі жағынан республика КСРО-да РСФСР-ден кейінгі екінші орынды иеленді. Республика халқының саны 1920 жылы 4,8 миллионнан 1925 жылы 6,5 миллионға дейін өсті. Қазақтардың үлесі 1920 жылы 46,6 пайыз болса, 1926 жылы 59,9 пайызды құрады. Межелеу барысында Өзбекстан, Түрікменстан, т.б одақтық республикалар құрылып, ал Қазақстанда одақтық болу үшін барлық қажетті саяси және экономикалық жағдайлар болғанымен, автономиялық болып қала берді. Бұл мәселені С.Қожанов көтерді, бірақ қолдау таппады. Тек 12 жылдан кейін ғана (1936 ж.) Қазақстан одақтық республика болды.

Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі XX ғасырдың басында Түркістан аймағындағы халықтардың ұлттық тәуелсіздікке деген ұмтылысының күшті болғанын көрсетеді. Түркі халықтарының біртұтас мемлекет құруға деген ұмтылысы бола тұра, 1920-1930 жылдары Кеңес үкіметінің жүргізген саясаты мен әртүрлі ұлттық мүдделердің қарсыласуы нәтижесінде Түркістан аумағында бірнеше ұлттық республикалар құрылды. Бұл процесс біртұтас Түркістан

идеясының күйреуіне алып келді. Түркістан аймағындағы халықтар әртүрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік шектеулерге тап болды, ал ұлттық-мемлекеттік межелену олардың саяси болашағын бөлшектеді. Соған қарамастан, бұл оқиға Түркістан халықтарының ұлттық санасының өсуіне, мәдени және ұлттық ерекшеліктерінің сақталуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Бақылау сұрақтары:

1. А. Байтұрсынұлының В.И.Ленинге жазған хаттарында большевиктік идеяларын сынауы туралы пікір айтыңыз.
2. Алаш Орда үкіметіне амнистия жариялану себептерін ашып айтыңыз.
3. 1921-1922 жж. Қазақстандағы ашаршылық себептері мен салдарын көрсетіңіз.
4. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметі туралы баяндаңыз.
5. Мұстафа Шоқай, оның қоғамдық-саяси қызметін түсіндіріңіз.
6. Мұсылман бюросы және Түрккомиссия: саяси билік үшін күрес туралы сипаттамалық ойыңызды айтыңыз.

4.2 Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы

1. Қазақстандағы индустрияландыру ерекшеліктері.
2. Ұжымдастыру әдістері мен қарқыны.
3. Сталиндік қуғын - сүргін, олардың ауқымы және ауыр зардаптары.
4. Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау.

Қазақстандағы индустрияландыру ерекшеліктері. Индустрияландыру - экономиканың барлық салаларында, ең алдымен өнеркәсіпте ірі машина өндірісін құру процесі. XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысында елде кеңес билігі орнығып, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылды (1922 жыл 30 желтоқсан). Сондай-ақ, төңкерістерден, азаматтық соғыстан және шетелдік интервенциядан бүлінген халық шаруашылығы қалпына келтірілді. Сондықтан, 20-жылдардың екінші жартысында аграрлық елден индустриялық елге айналдыру, оның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету және қорғаныс қабілетін нығайту экономикалық дамудың маңызды міндеті болды. Барлық халық шаруашылығын техникалық жетілдіру (қайта жарақтандыру), экономиканы жаңғырту шұғыл қажеттілік болды.

Индустрияландыру бағытын 1925 жылдың желтоқсанында Бүкілодақтық коммунистік партияның (большевиктердің) - БКП (б) XIV съезі жариялады. Съезде КСРО-ны машиналар мен жабдықтарды импорттайтын елден өндіретін елге айналдыру қажеттігі туралы сөз болды. Индустрияландыру саясатының басталуы 1927 жылғы сәуірде КСРО Кеңестерінің съезінде заңды түрде бекітілді.


Индустрияландыру саясаты үш басты міндетті шешуді мақсат етті:

1) индустрияландыру, яғни елдің аграрлық саладан өнеркәсіптік, индустриялық салаға үдемелі айналуы;

2) ұжымдастыру - социалистік ұжымдық ауыл шаруашылығын құру;

3) мәдени революция - сауатсыздықпен күрес, білім беру, ғылым, мәдениет жүйесін құру, жаңа социалистік интеллигенцияны тәрбиелеу және жаңа өмір салтын орнықтыру.


Қазақстанда индустрияландыру пайдалы қазбалардың жер қойнауын игеруден, өнеркәсіптің өндіруші салаларын: түсті металлургияны, көмір және мұнай өнеркәсібін дамытудан басталды (26 сурет). Индустрияландыру жылдары темір жол құрылысы жүргізілді. Сібір мен Орта Азияны (Түрксіб) қосатын ұзындығы 1445 километр темір жолды салу 1927 жылғы сәуірде басталды. Ол 1930 жылы 25 сәуірде мерзімінен 17 ай бұрын аяқталды. 1927 жылы Петропавл-Көкшетау жолы салынып, 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғасты. 1939 жылы Қазақстаннан шикізат шығару үшін Ақмола-Қарағанды, Илецк-Орал, Рубцовск-Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды-Жезқазған жолдары салынды (27 сурет).



27 сурет. Түрксіб темір жолы (Ә.Қастеев)

Сол кезеңнің ірі құрылыстары: Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс балқыту және Ащысай полиметалл комбинаттары болды. Текелі полиметалл және Жезқазған мыс балқыту комбинаттарының, Өскемен қорғасын-мырыш зауытының құрылысы басталды. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, КСРО-да түсті металлургияның ірі кәсіпорындары болды.

Шымкент, Ақтөбе және басқа да өңірлерде химия өнеркәсібі кәсіпорындарының құрылысы басталды. Электр энергиясын өндіру ұлғайды: Қарағанды ОЭС, Үлбі СЭС, Балқаш мыс балқыту комбинатының жылу электр орталықтары сол кездегі ең озық құрылыстар болды. Ембі мұнай ауданы дамыды. Қосшағыл, Мақат жаңа кен орындары: Құлсары, Сағыз ашылды. Қазақстан түсті металдар өндірісі бойынша Одақта екінші орынға, мұнай өндіру бойынша үшінші орынға шықты, Қарағанды үшінші көмір базасы болды.



26 сурет. Қазақстандағы индустрияландыру саясаты

Индустрияландыру жылдары тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары: Семей ет комбинаты, Гурьев балық консерві зауыты, Алматы жеміс консерві зауыты, Жамбыл, Мерке, Талдықорған қалаларында қант зауыттары салынды. Индустрияландыру өз нәтижесін берді. Қазақстан шаруашылығында өнеркәсіп басым салаға айналды. 1939 жылы оның үлесі 58,9% құрады. Бірқатар кенттер Қарағанды, Риддер, Балқаш және т.б. қалаларға айналды.

Қала халқының үлесі тиісінше 8,2%-дан 27,7%-ға дейін өсті. Білікті жұмысшылар, инженерлік-техникалық кадрлар жасағы құрылды. 1926 жылы халық шаруашылығында жұмыс істейтін жұмысшылар 10,7% құрады, 1939 жылы олар 33,8% болды.

Республиканы индустрияландыруда 1928/29-1932/33 жылдардың бірінші бесжылдығы үлкен маңызға ие болды. Ол төрт жыл үш айда орындалды. Осы бесжылдық ішінде өнеркәсіптік өндіріс өсіп, 1928 жылы іске қосылған Қарсақбай мыс балқыту зауыты алғашқы мың тонна қара мысын берді. Тас көмір өндіру өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге, ал мұнай өндіру 2,2 есеге ұлғайды.

Пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын іздеу қарқынды дамыды, 1931 жылы 140-тан астам геологиялық барлау партиясы жұмыс істеді, олар бағалы минералдық шикізаттың жана түрлерінің бірегей кен орындарын анықтады, олардың көпшілігінің қорлары бойынша Қазақстан елде бірінші орынға шықты. Бірінші бесжылдық жылдарында кеңес мемлекеті республиканың халық шаруашылығына салған күрделі қаржысының көлемі 311 млн. рубльден асты, оның 48% өнеркәсіпке, көлікке, байланысқа бағытталды.

Бесжылдықта республикада 40-тан астам жаңа және қайта жаңартылған ірі зауыттар, фабрикалар, шахталар, кеніштер мен электр станциялары іске қосылды.

Екінші бесжылдық жылдарында Қазақстанның халық шаруашылығына 721 млн. сом көлемінде күрделі қаржы салынды. Үдемелі қарқынмен Балқаш мыс балқыту зауыты, Ақтөбе химия комбинаты салынды, Қарағанды көмір бассейні мен Ембінің мұнай байлықтарын игеру жалғасты, Кенді Алтай кәсіпорындарын қайта жаңарту жөнінде кең ауқымды жұмыстар жүргізілді, тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары салынды. Қалалар мен олардың халқы өсті. Қысқа мерзім ішінде жұмыссыздық жойылды. 1930 жылы КСРО-да соңғы еңбек биржасы жабылды.

Республиканың ауыл шаруашылығын социализм рельстеріне түпкілікті көшіру бойынша үлкен жұмыстар кешені жүзеге асырылды. Республикада 120 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын салынды, мың шақырымнан астам жаңа теміржол жолдары іске қосылды. Өнеркәсіптің жалпы өнімінің үлес салмағы республиканың бүкіл халық шаруашылығы өнімінің 56,8%-на жетті. 500 мыңнан астам қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтары отырықшылыққа көшті. 1937 жылы Қазақстан колхоздары республиканың шаруа қожалықтарының 97,5% біріктірді, олар егіс алқаптарының 99,8% өңдеді және дәнді дақылдардың жалпы өнімінің 84,4% өндірді. Колхоздар мен совхоздарда, басқа да мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындарда, сондай-ақ, колхозшылардың жеке меншігінде мал басының 99%-ға жуығы болды.

Сонымен бірге, индустрияландырудың теріс салдары да болды. Ол орасан қаражатты талап етті және бұл қаражат ауыл шаруашылығынан және ішкі қарыз есебінен алынды. Қазақстан өнеркәсібі шикізат бағытында болды. Мұнайды, газды, металдарды өңдейтін өнеркәсіптер, машина жасау, станок жасау, автомобиль жасау кәсіпорындары болмады. Қазақстан елдің электр теңгеріміндегі, темір жолдардың болуы мен пайдаланылуындағы үлес салмағы артта қалды. Қазақстанға көші-қон ағыны артты. Олар Ресейден, Украинадан, Беларусиядан және еліміздің басқа да өңірлерінен қоныс аударғандар еді. 1928-1939 жылдары көші-қон есебінен Қазақстан қалалары халқының механикалық өсімі 1,8 млн. адамды құрады. 1920-1930 жылдардағы ашаршылық пен көші-қон процестерінің нәтижесінде Қазақстан халқының жалпы есебіндегі қазақтардың үлесі 1939 жылы 38%-ға дейін қысқарды.

Индустрияландыру әдістері мынадай болды:

- индустрияландыру шаруалардан алынатын үстеме салық есебінен жүргізілді;
- командалық, әкімшілік, директивалық жоспарлау, орталыққа сөзсіз бағыну әдістерімен жүзеге асырылды;
- мемлекеттік бюджетке республикалар жинақтарының барлық жақтарын жаппай қоғамдастандыру және мемлекет иелігіне алу;

- субсидиялар мен дотациялар бөлу, айталық, 1931-1934 жылдары республиканың халық шаруашылығына 2 млрд. 137 млн. рубль күрделі қаржы бөлінсе, соның тек 121 млн. рублі ғана жергілікті бюджеттен бөлінді;

- өндірісті, өткізуді және жабдықтауды мемлекеттің қолына шоғырландыру;

- репрессиялық саясат - саяси лагерьлер жүйесін өрістетуге;

- көшпенділердің ғасырлық өмір салтын күшпен бұзу, халықтар дәстүрін бұзу, қазақ шаруаларының кедейленуі мен ашаршылыққа ұшырауы.

Ұжымдастыру әдістері мен қарқындары. Кеңес үкіметі тұсында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру деп ұсақ жеке-дара шаруа қожалықтарын ірі кооперативтік социалистік шаруашылықтарға (колхоздарға) ерікті түрде біріктіру процесі деп түсіндірілген еді.

Орасан зор индустрияландыруды жүзеге асыру аграрлық секторды түбегейлі қайта құруды талап етті. Батыс елдерінде аграрлық революция, яғни ауыл шаруашылығы өндірісін жетілдіру жүйесі өнеркәсіп революциясының алдында болды, сондықтан, тұтастай алғанда қала халқын өнімдермен қамтамасыз ету жеңілдетілді. КСРО-да бұл процестердің екеуін де бір мезгілде жүзеге асыруға тура келді. Бұл ретте ауыл азық-түлік көзі ретінде ғана емес, индустрияландыру қажеттіліктері үшін қаржы ресурстарын толықтырудың маңызды арнасы ретінде қарастырылды.

1927 жылдың желтоқсанында ұжымдастыру съезі деп аталатын БКП (б) XV съезі өтті. Оның шешімдеріне сәйкес, қысқа мерзім ішінде, 1932 жылдың көктеміне қарай елдің ауыл шаруашылығы жеке-дара шаруашылықтан ұжымдық-колхоздық шаруашылыққа айналуға тиіс болатын.

Ұжымдастыру күштеу әдістерімен, тұрғылықты халықтың өмір сүру ерекшеліктерін ескермей тез қарқынмен жүргізілді.

Қарашада өткен БКП (б) ОК Пленумы басқа да проблемалар арасында колхоз қозғалысын дамыту мәселелерін талқылады және «ауыл шаруашылығын қайта құруға басшылықты жақсарту үшін шаралар» қабылдады. Қазақстан Компартиясы ОК пленумы 1929 жылғы желтоқсанда БКП (б) ОК Пленумы шешімдерінің орындалу жолдарын талқылады және көшпенділердің отырықшы өмір салтына көшуі ұжымдастырудың басты бағытын жүргізудің қажетті шарты болып табылады деп қаулы етті.

Қазақстанда ұжымдастыру 1929 жылы басталды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтардың 2% ұжымдасқан болса, 1930 жылғы 1 сәуірде - 50,5%, ал 1931 жылғы қазанда - 65% шамасында болды. 1931 жылғы күздің басында республикада 78 аудан (122 ауданның ішінде) саналып, онда ұжымдастыру 70-100% ауылдарды қамтыды.

1929 жылы 7 қарашада «Правда» газетінде И.В. Сталиннің «Ұлы өзгерістер жылы» атты мақаласы жарық көрді, онда «ауыл шаруашылығының дамуындағы түбегейлі өзгеріс туралы шағын және жеке артта қалған экономикадан ірі озық ұжымдық егіншілікке» өту жайында айтылған болатын.

1929 жылғы желтоқсанның соңында Сталин ЖЭС-тің аяқталғанын және «кулактарды тап ретінде жою» саясатына көшу бағытын жариялады.

Кулактарды жою. Осы кезде ауылды жерлерде өзара байланысты екі зорлық-зомбылық процесі орын алды: колхоздарды құру және кулактықты жою. Кулак шаруашылықтарын таратудың мақсаты ең алдымен ұжымдық шаруашылықтарды материалдық базамен қамтамасыз ету болатын. Шаруа үшін кулактықты жоюдың ауыр салдары болды. Еріктілік пен қарапайым заңдылық қағидатының бұзылуы басынан бастап жаппай сипат алды. Жергілікті органдарға берілген директиваларда таратылатын кулак шаруашылықтарының үлес салмағы жалпы қожалықтардың 3-5%-нан аспауы тиіс екендігі көрсетілген еді.

1930 жылы 15 наурыздағы жағдай бойынша, яғни «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар туралы» ОАК және ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы қабылданғаннан кейін бір ай өткен соң 3113 адам қамауға алынып, сотқа берілді, ал 2450 шаруашылық тұрғылықты округінен тыс жерлерге көшірілуі тиіс болды. «Кулактық шаруашылықты жою» саясатын жүргізу барысында 60 мыңнан астам шаруа қожалықтары бай деп жарияланды және олардың мүлкі тәркіленуге тиісті болды; 40 мыңнан астам кулак шаруашылығы жойылды, ал қалғандары өз мүлкін тастап қашып кетті.

Түзету-еңбек лагерлері бас басқармасының (ГУЛАГ) Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) арнайы қоныс аударушылар бөлімінің деректері бойынша, 1930-1931 жылдары Қазақстан бойынша «кулак ретінде жер аударуға» жіберілген шаруалардың саны 6765 адамға жетті. Осы бөлімнің мәліметінше, республикаға 46091 отбасы немесе 180015 адам көшірілді. Олар Еділдің төменгі және орта ағысынан, Нижегородск өлкесінен, Мәскеу облысынан, Орта Азия мен Закавказьеден келген шаруалар болды. Бұл адамдар өте ауыр қасіретті бастарынан өткерді. Жиналуға тек бір сағат немесе бір күн ғана беріп, тауар тиейтін вагондарға отырғызып, өздеріне белгісіз аймақтарға жер аударып жіберді.

Қазақтар үшін ұжымдастыру жылдары жүзеге асырылған көшпенділер мен жартылай көшпенділерді күштеп отырықшыландыру қайғылы оқиға болды. 1930 жылы 87136 шаруашылық, 1933 жылы 242208 шаруашылық отырықшылыққа ауыстырылды. Отырықшылықтандыру тетігінің өзі өте қарапайым түсіндірілді: жүздеген шаруашылықтар бір жерге шоғырландырылды, содан кейін ауыл типі бойынша тұрақты кенттер ұйымдастырылды. Осының бәрі күштеп ұжымдастырумен қатар жүрді, яғни отырықшыландырылған көшпенділер мен жартылай көшпенділерді бірден жүз пайыз колхозға рәсімдеді. Бұл ретте 200 және одан да көп шақырымға дейінгі радиуста жүздеген шаруашылықтарды біріктіретін алпауыт колхоздар құрылды. Қоғамдық меншікке берілген малдарды ұстайтын колхоз фермалары көбінесе арқандармен қоршалып, ол жерде жануарлар өліп қалатын. Нағыз апат мал шаруашылығында орын алды. Ұжымдастыру

қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн. бас мал болса, ал 1933 жылғы 1 қаңтарда 4,5 млн. бас ғана қалды.

Нәтижесінде, осы іс-шаралардың барлығы 1930-1933 жылдардағы ашаршылық қасіретіне алып келіп, республиканың 2,1 млн. тұрғыны қаза тапты. Қазақ зиялы қауым өкілдері бұл жөнінде алаңдаушылық білдірді. Мысалы, Т. Рысқұловтың 1932 жылы 29 қыркүйектегі және 1933 жылы 9 наурыздағы И. Сталинге жолдаған хаттары белгілі, онда ол қалыптасқан жағдайды егжей-тегжейлі сипаттады. Аштықтан және қуғын-сүргіннен құтылу үшін 1 млн. астам адам Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударды, олардың 616 мыңы қайтып оралмады. Ұжымдастыру саясатының трагедиясы қазақтарды әлемнің бірқатар елдеріне шашырап кетуіне алып келді, мысалы, қазір Қытайда 1.070 мың, Моңғолияда - 137 мың, Түркияда - 120 мың этникалық қазақтар өмір сүреді. Сондай-ақ, қазақ диаспорасы Ауғанстанда, Иранда, Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада бар. Қазіргі уақытта Қазақстаннан тысқары жерлерде 4,5 млн. жуық қазақ тұрады, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның 14 мемлекетінде және алыс шетелдің 25 мемлекетінде өмір сүреді.

Қазақстан халқының ұжымдастырудағы қатыгез саясатқа наразылығы қарулы қарсылыққа ұласты. Ұжымдастыру кезінде республикада 372 жаппай бас көтерілулер орын алды. Толық емес мәліметтер бойынша, көтеріліске 80 мыңға жуық адам қатысқан. Шаруалардың ірі көтерілістері республиканың бүкіл аумағында дерлік болды. Сырдария уезінің Созақ ауданындағы көтеріліс өзінің табандылығымен және ұйымшылдығымен ерекшеленді, көтерілісшілер Созақты басып алды.

Қазақтардың күштеп ұжымдастырылуына және қоныстануына қазақ зиялыларының өкілдері – Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, С. Сәдуақасов, Т. Рысқұлов және т. б. қарсы болды. 1930 жылы 2 наурызда «Правда» газетінде Сталиннің «Сәттіліктен бас айналу» атты мақаласы жарық көрді, онда «колхоздарды күшпен құруға болмайды» делінді. Бір жағынан, жаппай ұжымдастыру саясаты апатты нәтижеге алып келді. Екінші жағынан, ұжымдастыру елді индустрияландыруды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасады. Ол аграрлық қоныс аударуды да жойып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұзақ уақыт ашаршылыққа жол бермейтін деңгейде ұстап тұру үшін қала иелігіне көптеген жұмысшы қолын берді. Ұжымдастыру өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз етті. Ол қаражатты ауылдан қалаға индустрияландыру қажеттілігі үшін жіберуге жағдай жасап қана қоймай, жеке меншік шаруа қожалығын жойып, маңызды саяси-идеологиялық міндетті орындады.

Қазақстанда ұжымдастыру «Кіші Қазан революциясы» саясатының ұранымен өткізілді. Бұл саясаттың басты идеологы Ф. Голощекин болды, ол 1925 жылдан 1933 жылға дейін большевиктер партиясының Қазақ аймақтық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Ол 1917 жылғы Қазан революциясы Қазақстанның ауыл шаруашылығын социализм жолына шығару үшін тағы бір «Кіші Қазан революциясын» өткізу қажет деп есептеді.

Ф. Голощекиннің билікке келуімен Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай едәуір нашарлады. Ф. Голощекин социализм теоретигінің рөлін атқарды, теориялық базаны өңірлік көшбасшылық практикасына енгізді [81, 389 б.]. Ф. Голощекин қазақ ауылында кеңес билігі жоқ екенін, ауылдарды

Қазан революциясы қозғамағандығын, кедейлер комитеті құрылмай, кулактар жойылмағандығын айтып, «Кіші Қазан» саясатын жүргізе бастады. 6-шы Бүкілодақтық конференцияда Ф. Голощекин «Қазақстанды социалистік рельстерге қою» туралы баяндама жасап, онда өзінің «Кіші Қазан» бағытын негіздеді.

Зиялылар өкілдерінің өңірдегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің әдістері мен қарқыны туралы мәселеде өз ұстанымдары болды. Атап айтқанда, С.Сәдуақасов қазақтар арасында социализм туралы «Орыс деревняларына социализмді қолдануға қатысты мәселеде дауласуға болады. Бірақ Қазақстан жағдайындағы социализмге келетін болсақ, ол туралы айтудың қажеті жоқ» деп жазды.

С. Сәдуақасов басшылыққа зиялыларды кеңінен тарту қажет деп ұсыныс жасады. А. Байтұрсынов мемлекет басшылығына партияда болғанына немесе болмағанына қарамастан халық сеніміне ие болған адамдарды тартуды жақтады. Көпұлтты этникалық құрамы бар аудандарда биліктің 2/3 бөлігін тұрғылықты халық өкілдері құрауы қажет деп санады, сондай-ақ, шаруашылық-экономикалық билік толығымен қазақтардың қолына шоғырлануы тиіс деп есептеді. Ол қазақ өлкесінің этнотерриториалдық тұтастығын сақтауды жақтады.

Алайда, өлкеде Ф. Голощекиннің ұстанған бағыты жүргізіле бастады. «Кіші Қазан» саясатының мынадай салдары болды: экономикалық салада мал басы 20 есеге дейін азайды, идеологиялық салада - зиялы қауым қудаланды және қуғын-сүргінге ұшырады, саяси салада - өңірлік деңгейде жеке басқа табынушылықты енгізді, өңірдің ұлттық ерекшеліктері ескерілмеген саясат жүргізу, партиялық құрылыс саласында – қалыптан тыс жағдайды ушықтыру, жоқ блоктар мен топтамаларды ойлап табу, партиялық және кеңестік кадрларды түрлі жала жабу арқылы қудалау. Ол өзінің көзқарасымен келіспеген партия көшбасшыларымен күрес жүргізді. 1926 жылы С. Сейфулин, М. Мырзағалиев, Н. Нұрмақов, С. Меңдешев және басқаларды қуғынға ұшыратты. Олардың көбі республикадан алыстатылды, Ж. Сұлтанов, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев қызметінен алынды. 1928 жылдың соңында Ф. Голощекиннің саяси қарсыластарын, соның ішінде А. Байтұрсыновты, М. Дулатовты, Ж. Аймауытовты, М. Жұмабаевты тұтқындау басталып, екі жылдан кейін М. Тынышпаев, Ж. Досмұхамедов және басқалар қамауға алынды.

Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы мен ауыр салдары. Сталинизмнің ең қорқынышты құбылыстарының бірі жаппай қуғын-сүргін болды. Сталиннің билігі жылдары, оның күдігі арта түскен сайын, Кеңес Одағында қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарының саны арта түсті. Сталинге ұнамайтындардың бәрі, тіпті оларда ешқандай кінә болмаса да, қуғындалды.

Тек саясаткерлер ғана емес, әскери қолбасшылар, ғалымдар, жазушылар мен мәдениет қайраткерлері де атылды, қудалауға ұшырады.

Тарихшылар Н.Г. Охотин мен А.Б. Рогинскийдің пікірлерінше, егер репрессия ұғымы тар мағынада – мемлекеттік қауіпсіздік органдарының саяси айыптаумен қуғын-сүргін жүргізуі ретінде анықталса, «онда болмашы қателіктермен 1921-1953 жылдар аралығындағы репрессияға ұшырағандардың саны шамамен 5,5 миллион адамды құрайды» [82]. Егер олардың қатарына «әртүрлі депортацияланғандардың, жасанды аштықтан қайтыс болғандардың және қақтығыс кезінде қаза тапқандардың және ата-аналары қуғын-сүргінге ұшырағандықтан немесе аштықтан қаза тапқандықтан дүниеге келмеген балалардың әр түрлерін» қоссақ, онда қаза тапқандар саны еселеп артады. Аштықтан және қуғын-сүргіннен болатын өлім-жітімнің жалпы ауқымы туралы тек 1926-1940 жылдар кезеңінде 9 млн. адамды құраған демографиялық шығындар бойынша пайымдауға болады.

1958 жылы Жоғарғы Соттың статистикалық жинағында соғыс уақытындағы жарлықтар бойынша 17,96 млн. үкім шығарылған, оның 22,9 %-ы немесе 4113 мыңы бас бостандығынан айырылды, ал қалғандарына айыппұлдар салынған немесе түзеу жұмыстарына жегілген. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына КСРО БК Президиумының 1941 жылғы 6 шілдедегі соғыс уақытында халық арасында алаңдаушылық туғызатын жалған сыбыстарды таратқаны үшін жауапкершілік туралы Жарлығы бойынша сотталғандарды да жатқызуға болады. 15,75 млн. адам осындай жарлықтар бойынша жұмыстан өз бетінше кеткені үшін сотталды (соғыс аяқталғаннан кейін жұмысшылардың көптеген санаттарына жұмыс орнын өз бетінше өзгертуге тыйым салынды). Сонымен қатар, адамдардың едәуір бөлігі аштық жағдайында ұсақ ұрлық жасағаны үшін ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды және тіпті атылды да («Үш масақ туралы заң» деп аталады). Тарихшы В.П. Поповтың пікірі бойынша, 1923-1953 жылдардағы саяси және қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталғандардың жалпы саны кем дегенде 40 млн. адам болды. Оның пікірінше, бұл сан «өте төмен, бірақ репрессиялық мемлекеттік саясаттың ауқымын толығымен көрсетеді. Егер халықтың жалпы санынан 14 жасқа дейінгі және 60 жастан асқан адамдарды алып тастасақ, онда бір ұрпақтың өмір сүру шегінде - 1923 жылдан 1953 жылға дейін - қоғамның іс жүзінде әрбір үшінші еңбекке қабілетті мүшесі сотталғаны анықталады» [83]. Тек РСФСР-да ғана жалпы соттар 39,1 млн. адамға қатысты үкім шығарды, оның үстіне әр жылдары сотталғандардың 37-ден 65%-на дейін нақты қамау мерзімдерімен сотталды.

А. Вишневскийдің айтуынша, «азды-көпті мерзімге бас бостандығынан айыру немесе бостандығын айтарлықтай шектеу түріндегі қуғын-сүргінге ұшыраған КСРО азаматтарының жалпы саны» (лагерьлерде, арнайы қоныстарда және т. б.) 1920 жылдардың аяғынан 1953 жылға дейін «кем дегенде 25-30 миллион адамды құрады» (яғни, КСРО Қылмыстық кодексінің барлық баптары бойынша сотталғандарды, арнайы қоныстанушыларды қоса алғанда) [84].

Қуғын-сүргін салдарынан қаза тапқандардың санын анықтау кезінде түрмеде және жер аударылған жерлерде өлім жазасына кесілгендерді де, қайтыс болғандарды да ескеру қажет.



Тарихшы В.Н. Земсковтың есептеуі бойынша, 1934 жылдың 1 қаңтары мен 1947 жылдың 31 желтоқсаны аралығында ГУЛАГ-тың түзеу-еңбек лагерлерінде 963 766 тұтқын қайтыс болды, бірақ бұл санға тек саяси тұтқындар ғана емес, сонымен бірге қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін сотталғандар да кірді [85] .

Қолда бар мұрағаттық мәліметтерге сәйкес, 1930-1953 жылдары барлық түрмеде 1,76 миллион адам қайтыс болды. Кейбір зерттеушілер лагерьлердегі өлім-жітім статистикасында айтарлықтай қарама-қайшылықтар бар екендігін атап өткен. А.Н. Вишневскийдің есептеулері бойынша, тек түрмеде және жер аударылған жерлерде қаза тапқандар мен қайтыс болғандардың саны 4-6 млн. адамға жеткен.

Республика жұртшылығына қысым жасау саясаты күшейіп, 1925 жылы қыркүйекте БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы лауазымына жіберілген Ф.И. Голощекиннің келуімен ерекше қатал сипат алды. Жергілікті кадрларды қудалау, әсіресе, қазақ партия крайкомының ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған Н. Ежовтың қызметі тұсында күшейе түсті. 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдары жаппай сипат алған саяси қуғын-сүргіннің біртіндеп өсуімен сипатталды. «Халық жауларын» іздеу, келіспеушілікке және басқаша әрекетке төзбеушілік, Сталиннің, ал Қазақстанда - Голощекиннің жеке басына табынушылықты нығайту республика ұлт зиялыларының, басшылық құрамының физикалық жойылуына алып келді.

1928 жылдың соңында жалған айыптаумен «Алаш-Орданың бұрынғы қайраткерлері тұтқындалды. «Алаш» партиясының бұрынғы өкілдерін қылмыстық қудалауды бастау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында есімдеріне шек қоюдан бастап тікелей арандатушылыққа, отбасы мүшелерін қамауға дейінгі кез келген құралдар пайдаланылды.

Көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері - А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров және т.б. қуғын-сүргінге ұшырады. «Ұлттық фашизм өкілі», ауыл шаруашылығы дағдарысына себепші, жапондық барлаумен байланыстары бар, тыңшылық жасады» деген айыптар С. Қожанов, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов және тағы басқаларға қойылды. Осы кезеңде Ж. Аймауытов, А. Байділдин, Д. Әділев атылды, қалғандары түрмеге түрлі мерзімдермен қамалды. Олардың кейбіреулері (М. Дулатов және т. б.) лагерьлерде қайтыс болды, қалғандары (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және т. б.) жазасын өтеп болған соң, 1937 жылы Алашорда қызметіне қатысқаны үшін қайтадан жауапқа тартылып, 1937-1938 жылдары атылды (27 сурет).



27 сурет. А.Байтұрсыновқа ату жазасы тағайындалу туралы анықтама. (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорынан)

Ұлттық зиялы қауым өкілдерінің тағы бір тобы шамамен 40 адам - 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында қамауға алынды. Көп ұзамай олардың 15-і (М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, Х. Досмухамедов, Ж. Досмұхамедов, Қ. Кемеңгеров және т. б.) Ресейдің Орталық аумағына жер аударылды. Бұл жағдайда Сталин және оның серіктестері орталықта ғана емес, ұлттық республикаларда да ықтимал оппозицияны дереу жоюға шешім қабылдады. 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған «ұлтшыл-фашистер» деп аталатын істердің қатарына бір кездері Қазақстанның мүддесін қорғап, 1931-1933 жылдары қазақ халқының жаппай қырылуына ашық наразылық білдіргендер де кірді. 1937 жылғы ашық сот процестері республиканың Үржар, Преснов және басқа да аудандарында өткізілді. А. Асылбеков, Н. Нұрсейітов, М. Гатаулин және Қарағанды облысының басқа да басшыларының 1937 жылғы қарашада өткен соты үлкен резонанс тудырды. Алайда, «халық жаулары» негізгі бөлігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының отырыстарында, ПХК-ның арнайы жиналыстарында және «үштік» және «екілік» деп аталатындарда жасырын түрде шешілді.

№5. Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. - XVIII ғ. басы)

1. Төмендегі деректі оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Алаша хан туралы аңыздардағы этно- саяси тарихқа байланысты деректер.

Алапес баланың өмірге келуіне байланысты:

Қ. Халид шежіресінде бұл әңгіме: «бір ханның ұлы алапес деген түстен ақтаңдақ болғаны үшін қасына жүз кісі қосып, қаладан шығарып жіберген» - деп басталады.

*Құрбанғали Халид // Тауарих Хамса.
А., 1992 ж. 56-57 б.*

Хан болуы:

М.Ж.Көпеев шежіресінде: Алапес бала: «Тобылғыдан жақ қылып, жүзгеннен оқ қылып, көзіне көрінгенді қорек қылып, ішіп-жеп құралайды көзінен өткізген мерген болыпты» - дей келе, дәл он екі жасында аң аулап жүрген Майқы бидің баласы Үйсінге жолығады. Ол әкесіне келіп айтады. Майқы би оны сәтті күні туған бала екенсің, жеріне жетпей жүр екенсің деп үйіне келіп, елді жинап, ала бие сойдырып батасын береді. Мына баланы жебе қылып бастарына шаншыңдар шылып қылып беттеріне ұстандар, ту қылып төбелеріне көтеріңдер. Қаратаудан әрман асыңдар, Шу мен Сарысуды көктей өтіндер. Ұлытау, Кішітау деген таулар бар..... күндердің күнінде осы бала хан болады. ...Енді біз ел болғанымызды, жұрт болғанымызды көзіне түсірейік деп, баяғы алал баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашымен көтеріліп шығып, хан көтереді- деп жазады.

Оған Алаша хан деп ат қояды. «Алаш алаш болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» - деп айтылған сөз содан қалады.

Алаш хан туралы, аңыздар неге ұзақ сақталды, неге қазақ өзін алаш еліміз деп айтады? Алаш хан күмбезі туралы не білесіз? Оның салыну уақыты?

Алаш хан мазарын археологиялық зерттеулер негізінде табылған таңбалар, соның ішінде төре тұқымының таңбасымен бірге, арғын тайпасының да таңбасы кездесуі нені дәлелдейді?

2. Төмендегі деректі оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Қасым хан туралы жазба деректер

Ортағасырлық тарихшылар Қасымның өз заманында ақылмен ел билеуде аса беделді болғаны жөнінде көп жазады. Мәселен, «Қазір бүкіл Дешті – Қыпшақ билігі Қасым ханға көшкен» - деп Махмұд пен Уәли Қасым ханның көрегендігі, саясаткерлігін көрсетсе, «Жошы ханнан кейін атақ пен даңқты Қасым хан иеленді» - дей келе М.Х.Дулати, тіпті оның халқының саны «миллионнан асқанын» дерек етеді.

Материалы по истории казахских ханств XV – XVII вв.
А., 1969, 222-320 б.

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының территориялық жағынан кеңеюі. Мауераннахр билеушілерімен күрес. Моғолстанмен саяси қатынасын түсіндіріңіз

3. Төмендегі тізімді толтырыңыз.

«Қасым ханның қасқа жолы»

Өзінің мазмұны жағынан бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери демократия арасына барып тірелді. XV ғ. соңы-XVI ғ. басында Бұқардың ишан-қазылары қазақ өлкесінде діни үгіт таратып, ежелгі жарғы заңын қалдырыңдар, ол көкке табынатын дінсіздіктің ісі, оның орнына шарият қағидасына ауысыңдар. Айт бергенде көк соқсын деп құранды бастарына көтеріңдер деп үгіттейді.

Қасым хан шариятты бүтіндей қалдырып, халықтың тілегіне жаңа әрі ерте заманнан оларға түсінікті ежелгі «жарғы» заңын жаңадан күшейтеді

Бұл заңға кірген ережелерді толтырыңыз.

1. Мүлік заңы-_____
2. Қылмыс заңы-_____
3. Әскери заң-_____
4. Елшілік жоралары-_____
5. Жұртшылық заңы-_____

4. Түсіндіріңіз.

XVI ғ. 50-70 ж. Хақ Назар тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатындағы негізгі бағыттар:

1. Ноғай Ордасы
2. Әбілқайыр хандығы
3. Сібір хандығы
4. Мәскеу мемлекеті

Қазақ Ордасының сыртқы саясаттағы қарым-қатынастарын анықтаңыз. XVI ғ. II жартысын қандай кезең деп айтуға болады?

5. Мәтінді оқып, түсіндіріңіз.

Үш жүздің шығуы тарихынан

Тарихи мәліметтер бойынша Үш жүздің ішінен саны жағынан салмағы артық Орта жүздің қалыптасуы Қасым хан заманында жүзеге асады. Қазақ хандығы Қасым тұсында ата қоныс мекені Ұлытау жерін мекендеді. Халық саны 1 миллионға жетті. Ал, Хақ Назар хан билік еткен Қазақ Ордасының территориясында Кіші жүз одағы қалыптасады.

Үш жүздің басына берілген сипаттама:

«Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой,
Орта жүзді, қамшы бер де, дауға қой
Кіші жүзді найза берде, жауға қой».

(мақал)

«Жүз» ұғымының мағынасын және этникалық құрамын ажыратыңыз. Үш жүздің қалыптасуы қай уақытты шамалайды? Үш жүздік құрылымның қалыптасуы генеологиялық туысу, этникалық бірлестікке қосылу жүйесі екенін түсіндіріңіз.

6. Кестені толтырыңыз.

Қазақ хандары және Орта Азия

Қазақ хандары	Байланыс түрлері	Қай елмен
Шығай хан		
Тәуекел хан		

Кесте арқылы Қазақ Ордасының көрші елдермен байланысы жөнінде мәліметтер келтіре отырып айтыңыз.

7. Деректі оқып, талдаңыз және түсіндіріңіз.

Қос билік

Тарихи мәліметтер бойынша Есім мен Тұрсын ханның бір мезгілде Қазақ Ордасында билік құрғаны анық. Ресей деректерінде Тұрсын хан тұсында қазақ билігі Ташкент, Түркістан, Бұхар хандығымен арадағы соғыстар кезінде Сауран, Әндіжан қалаларына жүргенін жазады. Сонымен қатар өзін Ташкентте хан етіп жариялап, соның белгісі ретінде өзінің теңгесін соқтырып, елден баж, хараж салықтарын жинаған.

Зерттеушілер Ташкенттегі жұртымен Түркістандағы Қазақ хандығында бір кезде қос биліктің болуын тарихи факт деп жазды. 1624 жылы Тұрсын Мұхамед пен Есім хан бірігіп, Әндіжандағы қайтару мақсатымен соғыс бастағандары жөнінде мәліметтер кездестіреміз. XVII ғ. қазақ елінің саяси тіршілігіндегі қарым – қатынастар ант беру, серттесу арқылы шешіліп отырған. Осындай анттың бірі Есім хан мен Тұрсын сұлтанның арасында болған келісімі. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде «Еңсегей бойлы Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде, Ташкентте Тұрсын қатаң деген жұртты билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есіммен бата қылысты, бір- бірімен жау болмасқа Күнбатыс Бұхар, Қоқан, Самарқанмен жауласуға мен қарсы тұрайын. Сен күншығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертіс суының басынан кір, аяғынан шық» деген соң, мың кісі қосын алып Күншығысқа бет қой деп анттасып, келіскендері жөнінде жазады.

*М.Ж.Көпеев. //Таңдамалы. Екі томдық.
А., 1992, Т. 2. 147 б.*

Есім мен Тұрсын арасындағы анттасу немен аяқталды? «Қатағанның ханы Тұрсын, кім арамды ант ұрсын» - деген мақалдың мағынасы.

8. Деректі оқып, төмендегі сұраққа жауап беріңіз.

«Ант беру» дәстүрі

Қазақ халқының саяси және қоғамдық тарихында кездесетін дәстүрлердің бірі - «ант беру». XV-XIX ғасырлар аралығында пайда болған көптеген құжаттар мен қазақ шежіресі мазмұнында «ант беру» дәстүрі

жан- жақты баяндалды. Қазақ көшпенділерінің ішкі қоғамдық өмірінде бұл дәстүр негізгі реттегіш қызметін атқарады. Мысалы, XIX ғ. соңында қазақ халқының әдет-ғұрпы заңдары жөнінде жазған В.К.Фон-Герн өзінің зерттеулеріне және өзіне дейінгі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып: «Қазақтың халық сотының ең жарық тұсы — бұл оның әділдігі мен екі жақты татуластыруға ұмтылуы... өз кезегінде ант қабылдау процесі «ант беру» деп аталады, яғни көп қолданылатын түрі «жан беру», бұл «жанын беру» деген мағынаны білдіреді. Мұндай мағынадағы ант қабылдау адамды өзінің өмірін аяқтағандай сезімге келтіреді», - дейді.

*Герн, фон В. К. Характер и нравы казахов :
- Т.18. - Астана : Алтын кітап, 2007. - 140 с. 10 б.*

«Ант беру» арқылы шешілген XVII ғ. Қазақ елінің саяси тіршілігі жөнінде айтыңыз. Осы мәселе бойынша қазақ ішінде сақталған қандай мақалдарды білесің?

9. Деректі оқып, төмендегі сұраққа жауап беріңіз.

«Жеті жарғыдан» үзінді

«Бірінші орынды кек заңы алады: қанға қан, зақымға зақым, ұрлық, тонау, зорлық өлім жазасына кесіледі. Осы ережелерге сәйкес, өлген адамдардың туыстары қылмыскерді өлтіруге қақылы, ал қолын, аяғын, құлағын, т.б. мүшелерін зақымдаса (шапса) сол мүшесінен айрылуы керек. Дегенмен, билердің шешімі немесе даугер жақтың келісімі бойынша қылмыс үшін кесілетін келісімді ақыны төлеп, жазаны жеңілдетуге болады.

Қылмыскер құн төлеп өзінің жанын сақтап қала алады, яғни әр өлген еркек үшін 1000, ал әр әйел үшін 500 қой төлесе зақым келтірген немесе біреудің бір мүшесін шауып тастаған адам тиісті жазасына сәйкес белгілі мал санын төлейді. Мысалы, үлкен басбармақ үшін – 100 қой, шынашақ үшін - 20 қой және тағы сондай.

.... Ата-анасына тіл тигізген немесе қол көтерген ұлды қара сиырға теріс мінгізіп, мойнына ескі қара кигізді байлап, жаңағы сиырды ауылдарды аралатып жүргізіп, оның үстіне отырғанды қамшымен ұрады: ал қыздың аяқ қолын байлап, не істесең оны істе деп анасына береді.

*А.И.Левшин.//Описание киргиз-казачьих или киргиз- кайсацких
орд и степей. Ч.III.СПб. - 1832. 170-178 с.*

“Жеті- жарғы” заңы қайда және қашан қабылданды? Заңның XVIII ғ. Қазақ хандығының қоғамдық-саяси өмірінде атқарған қызметі мен Үш жүздің билерін атаңыз. Жалпы “Жарғы” сөзінің мағынасы қандай?

10. Деректі оқып, төмендегі сұраққа жауап беріңіз. «Тарихи-Рашиди» (1543-1546 жж.) кітабында қандай құнды деректер бар?

Мұхаммед Хайдар Дулати

Мұхаммед Хайдар ұлы жүз дулаттарынан тарайды. Ш.Уәлихановтың жазуынша, Мұхаммед Хайдар Дулат руының Болатшы бидің ұрпағы. Дулат руы ол кезде атақты рулардан болып, Қашқар хандары әйелді осы рудан алатын болған. Мұхаммед Хайдар халық ортасында көбінесе Мырза Хайдар деген атпен даңқты болған. Оған қосымша лақабы Көреген, Мырза, Хайдар. “Көреген”-ескі монғол-түрік тілдерінде күйеу деген сөз. Орта ғасырларда хан қызын алып, ел басқарған би-батырларға “көреген” деген лақап беретін болған. Мағынасы ел басқаратын ханның күйеуі. Бұл лақапты Хайдардың әкесі Хұсайн да, Әмір-Темір де, тағы басқалары да тағынған. Лақап атынан басқа, жазған кітаптарында Хайдар өзінің қай рудан екенін білдіру үшін ресми атын Мұхаммед Хайдар Дулати деп жазған. Мұхаммед Хайдар Қашқар уәлаяты (Моғолстан) мен Қазақстан туралы жазған тарихи кітабын Шағатай ұрпағы, Есенбұқа мен Тұғлық-Темір тұқымы, Жүніс хан, Сұлтан Ахмет және Сейітхан баласы Рашид сұлтанға арнап, кітабының атын «Тарихи-Рашиди» деп атайды.

11. Берілген мағлұмат бойынша орта ғасырдағы ғылымның дамуы туралы айтыңыз.

Ұлықбек обсерваториясының ең басты еңбегі «Зидж- Гурганидің» («Ұлықбек зиджі») жазылуы болып табылады. Бұл Ұлықбектің басшылығымен жүргізілген көп оқымыстылардың коллективті еңбегі. «Зиджі» деген парсы сөзі, ол астрономдар мен географтар үшін жасалған таблицалар жинағы дегенді білдіреді... «Зидж Гургани» төрт бөлімнен тұрады:


1. Календар туралы
2. Уақыт өлшеу жөнінде
3. Планеталардың қозғалысын анықтау жайында
4. Астрономиялық басқа мағлұматтар туралы

Мұнда астрономияның теориялық негіздерімен қатар 1019 жұлдыздың орнын көрсететін каталог жасалған ... Ол Лондонда 1650-65 жылдардың өзінде қатарынан үш рет басылып шықты. XIX ғ. орта кезінде Ұлықбек таблицаларын Лондондағы астрономиялық қоғам қайта бастырды. Ұлықбектің өлшеуі бойынша бір жылда 365 күн 6 сағат 15 секунд бар.

Математиканы дамытуда, әсіресе, Ұлықбек обсерваториясының бірінші меңгерушісі Жәмшит Әл-Кәши еңбектерінің мәні зор болды. Ол математика тарихында бірінші болып ондық бөлшектерді ашты. Еуропада ондық бөлшек содан 150 жылдан кейін ғана мәлім болды.

Ұлы ғалымдар өмірінен. Құраст. Б. Ысқақов. (XV-XX ғғ.). Алматы. - 1994. 20-21 б.

12. Қазақ қоғамының потестарлы-саяси құрылымы (XVIII ғ. материалдары негізінде) бойынша схеманы толық байланыстырыңыз. Қазақ хандығының тағы қандай потестарлы-саяси құрылымдары болды?



13. Төменде келтірілген деректе қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар қалай берілген?

«Күймемен көшкен қазақтар»

«Сөзі сенімді, өзі білгір адамдардан естігенім: Олардың үй-жайы аспанның жиегіндей үлкен донғалақты арбаларға орныққан бір жұрттан екінші жұртқа түйелермен сүйреп жеткізеді, кәдімгі керуен сияқты. Бір бірінен қалыспай, іркес-тіркес жүрсе жүздеген монғол фарсаңына созылып кетеді. Осындай әр үй бір адамның үй-жайы, себебі ең кедей деген қазақтың жылқысы, түйесі мен қойы мыңдап саналады. Осы сансыз үйдің иелері, осыншама көрнекті адамдардың бәрі шетінен батыр, әрқайсысы қалың жаумен шайқасқанда он жауынгерді орап-матап алады, он жауынгерге ат жалын құштырып немесе о-дүниеге аттандырып жібереді.


Сонымен, олардың көші-қоны туралы айтылғанда олардың (қыпшақ) даласының төрінен, Еділ өзенінің жағасына күн сайын жылжи отырып өзінің сән-салтанатымен, байлығымен, әсем әшекейлер тағылған ақ тыйын, манат ішіктерге қымтанып, шымқай жібекке малынып екі ай бойы көшіп, кейде қарды кешіп қыс қыстайтын қонысына жетеді. Олардың қыстаулары Сейхундарияның жағасына орналасқан, өздері оны - “Сырдария” деп атайды. Жоғарыда айтқанымыздай, Сейхунның жағасы - “най” (түркі тілінде), қамысқа толы, малға отын мол, қонысқа жайлы.

Қой саны, шамасы өскен ағаштан аз болмаса керек, осы қоныстардың шөбі майдай, өмірдің тамыздығы, ал бұл тамыздық қайтадан малға айналып шыға келеді. Осы солтүстік өлкенің бір ерекшелігі де осында болса керек, бір жағдайдан екінші жағдайға өту жылдам, себебі шөптен алынған азық малға айналады, мал адамға өтеді, ал енді жер мен судың өзі тез арада азыққа айналатындай әсер қалдырады».

Фазлалах ибн Рузбехан.// Михман-и Бухара, (Бұқаралық қонақтың жазбалары). М., 1976. 94 б.

14. Кестені толтырыңыз.

«Жүз» ұғымы және олардың орналасуы




Орта жүздің рулық құрамы

Мұса Шорманов шежіресіне қарасақ қазақтың түп атасы Құтан тайшы. Қазақтың үш жүзі Құтанның Ақжол, Алшын, Үйсін атты балаларынан тараған. Ақжолдан сегіз ұл туған: төртеуі бәйбішеден - Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, төртеуі тоқалдан - Керей, Уақ, Тарақты және Төлеңгіт. Соңғы төртеуі бәйбіше балаларына қызмет етсе керек.

Шежіре бойынша Керей үйді сыпырады екен, сол себепті таңбасы - шілік, Уақ болса үй тігеді, таңбасы - бақан, Тарақты жылқыны күтеді, таңбасы - тарақ, ал Төлеңгіт болса қолына найза алып жылқы күзетеді, таңбасы - найза.

15. Қазақ халқының қалыптасу кезеңдері туралы айтыңыз.




16. Ортағасырлық картаға қарап қазақ халқының қалыптасуына байланысты баяндаңыз.




Янсониус Йоханнес, Амстердам 1645 ж. Финляндия Ұлттық кітапханасы қорынан. А.Э. Нордениельд жинақтауындағы карталар. 1800 ж. <https://urn.fi/URN:NBN:fi-fe201202231440>.

№5. XIV – XVIII ғғ. Қазақ хандығы және мәдениеті

1. XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы қалалардың жағдайы туралы түсіндіріңіз.




2. Кестені толтырыңыз.



3. Сызбаны толтырыңыз.




4. Кестені толтырыңыз.



5. Сызбаны толтырыңыз.



6. Ақша айырбасы бойынша кестені толтырыңыз.



7. Ақсақ Темірдің мәдениет дамуына қосқан үлесі туралы баяндаңыз.

Монғол шабуылы кезінде тоқырап қалған Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі тайпалардың өнері, білімі мен мәдениеті XIV ғ. аяғында қайта жандана бастады. Жергілікті халықтан шыққан Ақсақ Темір қала

мәдениетін көркейтуге күштерін салған. Әсіресе, сәулет өнері мен ғылымның өркендеуіне қамқорлық жасаған. Ол үшін Ақсақ Темір өзі жаулап алған елдерден, Үндістаннан, Ираннан, Әзербайжаннан, араб және түрік елдерінен тәжірибелі құрылысшыларды алдырып, медреселер мен мешіттер салдырған. Сондай құрылыстардың бірі - Түркістандағы - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жөнінде не білесің? Діни орын ретіндегі ерекшелігі қандай?

8. Кесенелер құрылысындағы сәулет өнер ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Кесенелер	XIV-XV ғғ.	XVI-XVII ғғ.

9. Кейінгі орта ғасыр мазарлары. Сәйкестікті табыңыз.

Алаша хан мазары	Түркістанда
Қасым хан	Жамбыл қаласының маңында
Есім мен Жәңгір ханның кесенелері	Ұлытау жерінде
Айша бибі, Бабаша Хатун	Сарайшықта
Ахмет Яссауи	Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі жанында

10. Төменде берілген суреттерді қолданып қазақ халқының қолданбалы өнерінің маңыздылығын түсіндіріңіз.

	Атауы	Маңызы
		



№6. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы

1. Келтірілген екі дерек бойынша XVIII ғ. басындағы қазақтар өмірінің жағдайын сипаттаңыз.

1- дерек:

Тарихи деректер Жоңғарияның қазақ жеріне аса бір қауіпті шабуылды 1681-1684 жж. жасағанын айқындайды. 1678 жылы Шығыс Түркістан өлкесін толық қаратқан Жоңғария басшылары Кіші Бұхармен тығыз байланыста жатқан Мауренахр жеріне алаңдай берді. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бұл екі өркениет орталығы бір күре тамырдың екі түйіні сияқты еді. Қазақ Ордасы екінші жағынан Алатау қырғыздары мен Ферғана қыпшақтары тарапынан соққылар алды. Бұл оқиғаларды қазақ шежіресі “Сауран айналған” деп айтады. Қазақтар Сауран қаласын қимай үш рет айналған екен делінеді. Қалмақ елшілерінің қазақтың қалаларының көпшілігі өз қолымызда деп мақтануына да осы жағдай себепкер болған. Қазақ руларының көпшілігі батысқа қарай ығысып Жиделі байсын өңірін жайлады. Сауран қаласы түбінде қолға түскен бес мың қазақтың отбасын, әскер басы Сыбан Раптан әр жаққа таратып жіберді. Мың шақты қазақ отбасы Іле бойына егіншілік жұмысына арнап көшірілді.

2- дерек:

Бірақ 1700 жылдың басында Жоңғария мен Халха арасындағы қантөгіс соғыс және Халханы қолдап Қытайдың араласуы кезінде сәтті шақты пайдаланған қазақтар қалаларды қайтарып алды. Оның бір айғағы Тобольскіден келген Ресейлік елші Кобеков 1697 жылы Тәуке ханның билігінде қазаққа қатысты 25 қала бар, оларды саудагер сарттар мекендейді (бұқарлықтар). Тәуке хан қалаларының бәрі саман кірпіштен салынған. Әскери адамның саны 20 мың. Сырдың бойында көшіп жүрген қарақалпақты қоссаңыз тағы да 6 мың...

*Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос. XVIII ғ.
Қарағанды. 1995. 40 б.*

2. Дерекпен жұмыс. Жоңғар хандығының құрылуына байланысты Тәуке хан шекараны нығайтуға талпынды. Тоболға екі рет елшілік жіберілген болатын. Олар: Тәжім батыр елшілігі (1687 жыл), Туман батыр елшілігі (1689-90 жж.). Елшіліктердің мақсатын көрсетіңіз, нәтижесін анықтаңыз.

Тәжім батыр елшілігі (1687 жыл)	мақсаты:	нәтижесі:
------------------------------------	----------	-----------

Туман батыр елшілігі (1689-90 жж.)	мақсаты:	нәтижесі:
---------------------------------------	----------	-----------


3. Дерекпен жұмыс. Түсіндіріңіз.

Құпия істердегі аға тілмәш және кейіннен дипломат болған А.Тевкелевтің хатында: “... императордың ұлы мәртебелі тақсыр император Ұлы Петр Парсы шығанағынан оралысымен өзінің отаны Ресей империясы үшін ежелден естіліп жүрген және ол уақыттары қырғыз-қайсақ ордасын Ресейдің бодандығына алуды көздеген ниетін білдіруді қалады және де ол орда бодандыққа өтуді қаламаса, бір рет қағазымен Ресей империясының қолдауында болуға міндеттенгенше, зор шығындарға қарамастан, тіптен бір миллионға дейін (сом) ақшаны шығарсам да, тырысу керектігін айтты.”


Бұл І Петрдің қандай жоспары болатын және жоспары қалай жүзеге асты?

4. Сызбаны таратыңыз. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» 1723-27 жж.

Көшу бағыттары



5. Абылайдың сыртқы саясаты туралы жазыңыз.



6. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы. Сәйкестікті табыңыз.

1680-1715 ж.ж.	Бухольцтің отряды Омбы қаласының негізін қалайды.
1710 жыл	Шығыс Қазақстан территориясында қазақтардың қалмақтармен сәтсіз кездесуі.
1716 жыл	Қарақұм құрылтайы. “Жеті жарғы” заңының қабылдануы.
1717-1718 ж.ж.	Тәуке ханның билік еткен жылдары.
1723-1725 ж.ж.	Әбілхайырдың Ресейге елшілігі.
1726-1729 ж.ж.	Кіші жүздің Ресей протекторатын қабылдауы.
1730 жыл	Жоңғарлардың оңтүстік Қазақстанды жаулап алуы. “Ақтабан шұбырынды” жылы.

1731-1732 ж.ж.	Қазақтардың қалмақтармен Бұланты, Аңырақай жеріндегі шайқастары.
1733-1770 ж.ж.	Жоңғарлардың Орта жүзге шабуылы, Абылай сұлтанның тұтқынға түсуі.
1739 жыл	Орта, Ұлы жүздің жоңғарлармен одақтастыққа қол қоюы.
1741-1742 ж.ж.	Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің билік еткен жылдары.
1743 жыл	Ташкент қаласында Ұлы жүздің ханы Жолбарыс өлтіріледі.
1745 жыл	Жоңғарлардың Қытайға қарсы шабуылы. Қытайлардың қазақ хандығына шабуылы.
1756-1757 ж.ж.	Қытайға қазақ елшілігінің жіберілуі.
1757 жыл	Қалдан Сереннің қайтыс болуы. Жоңғарлардың саяси дағдарысқа ұшырауы.
1760 жыл	Абылайдың хандық құрған жылдары.
1771-1781 ж.ж.	Екатерина II-нің Нұралыны хандықтан шеттетуі. (Кіші жүз)
1783-1797 ж.ж.	Қырғыздар мен Қоқандардың шекара үшін қақтығысы.
1786 жыл	С.Датұлы бастаған ұлт азаттық көтеріліс.

7. XVIII ғ.-XIX ғ. қазақ мәдениеті бойынша кестені толтырыңыз.

Қайраткер	Өмірі	Мәдени, ғылыми мұрасы
Ақтанберді жырау		
Бұқар жырау		
Тәттіқара		
Үмбетей		
Шал Күлекеұлы		
А.Левшин		
Құрманғазы		
Дәулеткерей		
Тәттімбет		
Біржан		
Ақан сері		

8. Жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылық жасауының себептері мен зардаптарын талдау:

Себептері	Зардаптары

9. Берілген суреттерді қолдана отырып, қазақ хандығының ішкі жағдайын нақты дәлелдер келтіріп түсіндіріңіз.



10. Халық ауыз әдебиеті туындыларынан берілген үзіндіні оқып, тарихи дерек ретіндегі құндылығын анықтап жазыңыз. Қандай тарихи кезеңмен байланысты екенін анықтаңыз.

Қалданменен ұрысып,	Қалмақты алдың, Бөгенбай!
---------------------	---------------------------

Жеті күндей сүрісіп, Сондағы жолдас адамдар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, Тігеден шыққан Әскербек, Шапырашты Наурызбай. <i>Бұқар жырау</i>	Құбыла көшкен байтақтың Ордасындай Бөгенбай! Темір жұмсап, оқ атқан Қорғасындай Бөгенбай! Қалмақты қуып қашырдың, Қара Ертістен өткізіп, Алтай тауға асырдың! Ақшәуліге қос тігіп, Ауыр қол жидырып алдырдың Қалмаққа ойран салдырдың! <i>Үмбетей жырау</i>
<i>Тарихи дерек ретінде құндылығы:</i> _____ _____ _____ <i>Тарихи кезеңмен байланысы:</i> _____ _____ _____	<i>Тарихи дерек ретінде құндылығы:</i> _____ _____ _____ <i>Тарихи кезеңмен байланысы:</i> _____ _____ _____

№7. Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғ. басы)


1. Кестені толтырыңыз.

1822 жылғы Сібір қырғыздары жөніндегі жарғы	
Мақсаты:	Орта жүзідегі саяси өзгерістер:
1827 жылғы Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы	
Мақсаты:	Кіші жүздегі саяси өзгерістер:

2. Дұрыс жауап таңдау тесті.

1. Орта жүзде Уәлидің хандық құрған жылдары.	1781-1819жж. 1844-47жж. 1801ж. 1841ж. 1815-1821жж.
2. Кіші жүздегі Арынғазының қозғалысы.	
3. Бөкей ордасының құрылуы жөніндегі І Павелдің бұйрығы.	
4. Бөкей Ордасында ашылған мектеп.	
5. Орынбор мен Омбыда Кадет корпусының ашылуы.	

3. Сызбаны аяқтаңыз.



4. Мына сөздерді қолдана отырып, мемлекеттік тәуелсіздіктің жойылуы тақырыбында ойыңызды айтыңыз.

1822-24 ж.ж. Жарғылар;
1867-68 ж.ж. реформалар;
Ресейдің әкімшілік саяси басқару жүйесі;
Шекаралық шеп;
Сұлтан-билердің билігін шектеу;
Патша үкіметі;
Әкімшілік сот істері;
Игельстром реформасы;
Әскери шептер.

5. 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша Қазақстан аумағында құрылған Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан генерал-губернаторлықтарының аумағын белгілеңіз:



6. XIX ғасырдың I жартысындағы ақындардың өлең жолдарын қолданып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Атадан туған аруақты ер	Болыстарға баға
Атадан туған аруақты ер Жауды көрсе, жапырар Үдей сокқан дауылдай. Жамандарға қарасаң, Малын көрер жанындай. Жүйрік аттың белгісі Тұрады құйрық-жалында-ай. Айтып-айтпай немене, Халық қозғалса, Тұра алмайды хан тағында-ай! <i>Махамбет Өтемісұлы</i>	Сыйқымбай өзің атың Аятбектен, Сенде болат кездіксің асыл тектен. Бойыңда қылтылдаған мінезің бар, Әйтпесе озар едің талай көптен. Ноғай мырза, атаң өліп бұл бір жұмыс, Басыңа түскен екен қатты бір іс. Болысың - Тілеуберді ана отырған, Халқыңа оның өзі емес дұрыс. Ақылсыз жігіт екен тыртаңдаған, Бұл заманның болысы күй таңдаған. Жек көргенін халық та сыйламайды, Пәлекор, ұры-қары келдің қайдан? <i>Сүйінбай Аронұлы.</i>
Өлең жолдарынан қандай ақпарат алуға болады	
Өлең жолдары негізінде XIX ғасырдың I жартысындағы қоғамды сипаттаңыз	
Авторлар туралы ойыңызбен бөлісіңіз	

7. Берілген суреттерді қолданып, Жәңгір ханның тұлғалық қасиеттеріне тоқталып, ағарту саласындағы маңызды істерін туралы түсіндіріп, нақты 2 дәлел келтіріп, ой-түйін жасаңыз.



8. Берілген жылдар негізінде Шоқан Уалихановтың өмір дерегін талдап, ғалымның қазақ қоғамындағы орны туралы ой-түйін жасаңыз.

Жылдар	Өмір дерегі	
1847 жылы		
1855 жылы		
1856 жылы тамыз айының басы		
1857 жылы 27 ақпан күні		
1858–1859 жылдары		
1864 жылдың көктемі		
Ой түйін:		

9. Берілген кесте бойынша Абай Құнанбаев шығармашылығының маңызын түсіндіріп, дәлел келтіріңіз:

Абай шығармашылығының маңызы	
Абайдың қоғамдағы қызметінің маңызы	
Абай тұлғасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызы	

10. Берілген музыкалық аспаптарды сипаттамасымен дұрыс сәйкестендіріңіз

№	Музыкалық аспап		Аспаптың сипаттамасы
1		А	Дауылпаз ұрып ойналатын көне музыкалық аспаптың бірі. Халық тұрмысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады.
2		В	Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды.
3		С	Ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты екені де айтылады.


4		D	Сілку арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы — 110-130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты
5		E	Қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті, шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. ырғап, шайқап ойнайды.

1	2	3	4	5


№8. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі

1. Сызбаны толтырыңыз.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының (1836-1838 жж.) қолбасшылығымен болған көтеріліс маңызды орын алды.



2. Сызбаны жалғастырыңыз. Тәуелсіздік үшін Саржан мен Кенесарының қозғалысы.



3. Ойды аяқтаңыз.

Басқарудың әкімшілік жүйесін іске асыру өзінің шекаралары жағынан кеңейіп жатқан империя жағдайына да қолайлы болды. Крепостниктік құқықты жоя салысымен Ресей үкіметі әлеуметтік-саяси өмір ағысын түбірімен өзгерткен бірқатар реформаларды: земстволық, соттық, қалалық, және басқаларын жүзеге асырды. Капитализмнің дамуы “тереңінен” де кеңінен де жүріп жатты. Осындай жағдайда Ресей Қазақстанда басқарудың бұрынғы жүйесін түбірінен өзгерту міндетін алға тартты.

Қазақстанды басқару жөніндегі ереженің жобасын даярлау үшін үкімет ... деп аталатын комиссия құрды. Бұл реформаны әзірлеу кезінде қалың халық бұқарасының көңіл-күйі еске алынбады. Ш.Уәлиханов қазақтардың материалдық тұрмыс халін арттыруға және аман-есендігін, өмір сүрулеріне жәрдемдесетін радикальді (негізді) реформа жүргізуді жақтады. Ол Қазақстанда халықтың өзін-өзі басқару жүйесін енгізуді ұсынды: “.....” туралы хатында ол қазақ халқы үшін аса маңызды нәрсе әлеуметтік- экономикалық жаңалықтар енгізу деп есептеді. 1868 жылы 11 шілдеде II Александр - ... басқару туралы ережелер жобасына, 1868 жылы 21 қазанында ... басқару туралы ережелер жобасына қол қойды. Сонымен Қазақстанды басқару жөніндегі “..... ережені” үкіметтік шенеуніктердің ойластыруы негізінде, ... сұлтандардың және басқалардың белсенді қатысуымен патша үкіметі әзірледі.

4. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып кестені толтырыңыз.

1897 жылы Ресей империясы жүргізген халықтың жалпы санағы бойынша Қазақстан облыстарындағы халық саны:

	Халық саны	Орыстар %	Қазақтар %
Ақмола облысында			
Семей облысында			
Сырдария облысында			
Торғай облысында			
Орал облысында			
Жетісу облысында			

5. Сәйкестікті табыңыз.

1823-1845 ж.ж.	Шығыс Түркістаннан ұйғыр және дұнғандардың қоныс аударуы
1836-1838 ж.ж.	Хиуа, Қокан хандықтарына, Ресейге қарсы Жанқожа батырдың қозғалысы
1897 жылы	Жәңгір ханның Бөкей Ордасында билік құруы
1845,50,55-58 ж.ж.	Түркістан генерал губернаторлығының құрылуы
1854 жылы	И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлының көтерілістері
1867 жылы	Маңғышлақтағы “Уақытша ережеге” қарсы көтеріліс

1868 жылы	Семей облысының құрылуы. Сырдария линиясының негізі салынған жыл.
1870-1871ж.ж.	Сібір темір жолының салынуы
1877 жылы	Орынбор далалық облыстары және Шығыс- Сібір генерал губернаторлығын басқару жөніндегі уақытша ереже
1881-1884 ж.ж.	Ресей империясының халықтық жалпы санағы

6. XIX ғ. қоғамдық ой мен әдебиет. Акын-ойшылдар: Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханұлы, Ыбырай Алтынсарин, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының мазмұны. Зар заман әдебиеті деген не? Кестені толтырыңыз.

Аты-жөні, өмір сүру жылдары	Шығармасы	Негізгі ойы	Шығармасынан үзінді

7. Орыс зерттеушілерінің Қазақстанға арналған еңбектері. А.И.Левшин, В.В.Вельяминов-Зернов, В.В.Радлов, П.П.Семенов-Тянь-Шяньский еңбектерінен мәліметтер келтіріңіз.

8. XVIII-XIX ғғ. Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері туралы мәліметтерді сәйкестендіріңіз және көтеріліс себептері мен басшыларына байланысты мәліметті .

Көтеріліс басшылары	Аумағы, жылдары	Себебі, мақсаты, қозғалыс күштері	Маңызды оқиғалар
Сырым Датұлы	Бөкей хандығы 1836-1838 жж.	Себептері –	1837 ж. жазында Чириковтың жазалаушы отряды жеңіліс тапты (Көтерілісшілер қол астына Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл округтері енді). 1837 ж. қарашада Петропавл керуенімен бірге болған Ақтау бекінісінің казактарына көтерілісшілер жасаған шабуылы. 1838 ж. жазында көтерілісшілер әскері Ақмола бекінісін басып алды. 1838 ж. Көтерілісшілер әскері Кіші және Орта жүздің көп бөлігін біріктірді. 1841 ж.хан болып сайлануы. 1841 ж. Қоқан хандығымен соғыстың басталуы (Созақ, Жаңақорған, Желі және Ақмешіт қалалары басып алынды). 1842 ж. Сотников бастаған сібір әскері ауылын шабуылдады. 1843 ж. көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтар арасында соғыстың басталуы (Бизанов

			полковниктің басшылығымен).
Исатай Тайманұлы Мен Махамбет Өтемісұлы	Барлық Қазақстан, 1837-1847 жж.	Себептер —	1843 ж. көтерілісшілер Қоқан хандығының Қуандария бекінісін талқандады. 1845 ж. бекіністі қалпына келтіруге барған Хиуа әскері өлтірілді. 1857 ж. 9 қаңтарында Арықбалық деген жердегі Фитинговтың жазалаушы отрядымен қақтығысты (көтерілісшілер әскері жеңілді). 1859 ж. қазақтар Хиуа хандығына қарай ығысты.
Кенесары Қасымұлы	Кіші жүз, 1783-1797 жж.	Себептері —	1785 ж. наурызда жазалаушы отряд старшындары Колпаков пен Понамаревтың басқаруымен көтерілісшілер Ембі өзеніне дейін қуылды. 1785 ж. маусымда Антоновский форпосты мен Сахарная бекінісіне шабуылдады. 1792 ж. жазында әскери қозғалыстар түгелдей Кіші жүз аумағын алып жатты. 1792 ж. күзде Іле қаласына сәтсіз шабуылдап жеңіліс тапты, содан кейін қозғалыс партизандық бағытқа ауысты. Игельстром реформасы хандық биліктің жойылуына мүмкіндік берді. 1797 ж. Айшуақ сұлтанның басқаруымен Хандық кеңес құрылды. 1797 ж. тамызда Кеңес мүшесі болады және көтерілістің аяқталуын жариялайды.
Есет Көтібарұлы	Оңтүстік Қазақстан, 1856-1857 жж.	Себептері —	1854 ж. ақпанда қазақтарға қарсы бағытталған барон Врангельдің отряды көтерілісшілерді баса алмады. 1855 ж. шілдеде Жантөре сұлтанның әскері талқандалды. 1858 ж. мамырда көтерілісшілер Созақ, Мерке, Шолаққорған және Жаңақорған мен Түркістанды қоршауға алды.
Жанқожа Нұрмұхаме дұлы	Батыс және Оңтүстік Қазақстан, 1855-1858 жж.	Себептері —	1833-1836 жж. көтерілістің басты алғышарттарының қалыптасуы. 1837 ж. 2 қазанда атаман Покатиловтың көтеріліс басшыларының бірін тұтқынға алудың сәтсіздігі. 1837 ж. 15 қазанында Балқы би Құдайбергенұлының аулын талқандауы. 1837 ж. 15 қазанында Исатай Тастөбе деген жерде жеңіліс тапты. 1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ шайқасында көтеріліс әскері жеңілді, жетекшінің өзі қаза тапты. 1846 ж. қазанында көтеріліс басшыларының бірі өлтірілді.

9. М.Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін тыңдап, тарихи кезеңдегі қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресіне байланысты идеялар мен шындығын түсіндіріңіз.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сакалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?

Махамбет Өтемісұлы.

№ 9 «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы.

1. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Алаш қозғалысына байланысты еңбектерді талдаңыз. (Ө.Бөкейханов, М.Шоқай, А.Байтұрсынұлы және т.б.).

2. 1897 жылғы Бүкіл ресейлік халық санағының мәліметін аяқтап, өз ойыңызды айтыңыз.

1897 жылғы Бүкіл ресейлік халық санағының мәліметтері бойынша өлкенің қазіргі шекарасы шебіндегі территориясында _____ адам тұрды, мұның _____ немесе 81,7% қазақтар болды. 1914 жылға қарай өлке халқының жалпы _____ мыңы немесе 65,1% қазақтар еді. Өлке халқының өзге жағдайлардан басқа, негізінен алғанда, әсіресе, столыпиндік аграрлық реформадан кейін Ресейден _____, _____ мен _____ облыстарына жаппай ағылып келген қоныс аударушылар есебінен көбейді. XX ғ. басында өлке халқы бұрынғыдан да көп ұлтты бола түсті.

3. SWOT талдау әдісі арқылы XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуын талдаңыз.

S – мықты жақтары
W – әлсіз тұстары
O – мүмкіндіктер
T – қауіп-қатерлер

4. Толықтырыңыз. XX ғ. басында ашылған өнеркәсіп орындары.

1. Кәсіпорындар: _____
2. Өнеркәсіп орындары: _____
3. Сыртқа шығару орындары: _____

5. 1905-1907 ж.ж. бірінші орыс революциясы. Кестені толтырыңыз.

XX ғ. басында марксистік үйірмелер қайда құрылды?	
Әрекеттері	

Осы үйірмелердің негізінде пайда болған ұйымдар мен топтар	
--	--

6. Сәйкестікті табыңыз.

1905-1907 ж.ж.	Спасск мыс қорыту зауытының жұмысшылар ереуілі
1905 жыл 15 қараша	Ж.Ақбаев бастаған Қарқаралыда демонстрация болды
1913-1918 ж.ж.	«Айқап» журналының жарыққа шыққан кездері
1911-1915ж.ж.	«Қазақ» газетінің жарыққа шыққан кездері
1912 жыл 12 мамыр	Бірінші орыс революциясы

7. Бұл петицияның қандай саяси маңызы болды? Жазыңыз.

1905 жылдың шілдесінде Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император ІІ Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбаев, Т. Нұрекенов т.б. белсене атсалысты. Петициядағы маңызды мәселелердің бірі Ресей империясының заң шығарушы ең жоғары органы Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын қатыстыру талаптары болды.

Қарқаралы петициясы.

1905 жылы Император ағзамға Қарқаралы - Семейлік қазақтардың тарапынан Омбыда әр түрлі мекемелер өкілдерінің жиналысында қырғыздырдың (қазақтардың) өкілдерін земствоның жиынына жібермеу жөніндегі жек көрінішті министр А.Т.Булышинның жобасына жақын шешім қабылданыпты: «Бұндай жағдай Дала өлкесінің басты тұрғындары (қазақтардың) жағдайын білмеудің салдары бізді қатты алаңдату. Қандай әділет бар. Қазақтарды құқықсыз, заңсыз топқа енгізген қайдан шыққан. Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз, бірақ ол қаңғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау құқығымызды шек қоюға себепші болмақ? Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік мақсатты орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы “бұратаналармен” салыстырмай-ақ қояйық. Кім қазақтардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?».

*Қазақ Мемлекеттік орталық мұрағаты,
64-қор, 1- тізім, 322-іс, 116-парақ.*

8. Қоныс аудару саясаты - қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді шиеленістірді, ара-жік ұлғайды. Төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.

- Қоныс аудару саясатының басталу себебі?
- Қоныс аудару саясатының кезеңдері?
- Қоныс аудару саясатының негізгі облыстары?
- Орыс, украин шаруаларына жер қалай берілді?
- Ұйғыр, дүнгендердің Қазақстанға қоныс аударуы?
- Қоныс аудару кезінде қанша халық келді?
- Қоныс аудару саясатын жүзеге асыру үшін қандай экспедициялар жұмыс істеді?
- Қоныс аудару саясатының зардаптары.

9. Төмендегі «Қазақ» газетінің фотосы мен өз білімінді қолдана отырып, басылымның маңыздылығына баға беріңіз.



«Қазақ» газеті. 1915 жыл 23 мамыр. - №129.

10. «Алаш» партиясының бағдарламасымен танысыңыз. Бағдарламада қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру қалай көрініс тапқан? Түсіндіріңіз.

«Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету» ұраны төңірегінде топтасқан ұлттық интеллигенцияның бағдарламасы.

- I. Мемлекеттік қалпы
- II. Жергілікті бостандық
- III. Негізгі құқық
- IV. Дін ісі
- V. Билік һәм сот
- VI. Ел қорғау
- VII. Салық
- VIII. Жұмысшылар
- IX. Ғылым-білім үйрету
- X. Жер мәселесі.

Ұлт зиялылары не себептен осы мәселелерді көтерді?

11. Фотомен жұмыс.

Сіздің ойыңызша бұл фото қай жерде және қашан түсірілген?

.....

.....

.....

Фотода көрсетілген тұлғалар кімдер және не мақсатта жиналғандығын түсіндіріңіз.

....

.....

.....

Сіз осы фото ішінде болғыңыз келеді ме?

.....

.....

.....



Бірінші жалпықазақ сиезінің делегаттары, 2-қатар оң жақтан 4-ші Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы Ө. Бөкейханов; 5-ші Алашорда үкіметінің мүшесі, қазақтан шыққан тұңғыш математик – профессор Ө. Еркеков; 1-қатар сол жақтан 4-ші ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмаков. Орынбор, 1920 ж.

ҚР Кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазбалар орталық мемлекеттік архиві. Архив №2-117419.

12. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңін төмендегі QR кодты ұялы телефонмен сканерлеу арқылы тыңдап, «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясына байланысты тарихи жағдайды талдаңыз. <https://www.youtube.com/watch?v=XcF00eNSfC0>



АЛАШ ҰРАНЫ

Алаш туы астында,
Біз алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарканың даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Қолдайтын алаш бабамыз.
"Туыскандық", "теңдік" деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер,
Жарылмай ма жүректер?!
Заң жасайтын орынға,
Жұртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,

Куә болсын арымыз.
 Көркейтуге алашты,
 Құрбандық біздің жанымыз!
 Былай тұрсын малымыз,
 Алаш деген ел үшін
 Сарыарканың жері үшін,
 Бостандық берген ер үшін,
 Төгілсін біздің қанымыз!
 Аялмасын жанымыз!
 Жасасын, алаш, жасасын!
 Алаш туы астында,
 Өлсек бірге өлдік біз.
 Не жақсылық, не қайғы,
 Көрсек бірге көрдік біз!
 Ішкі жанжал таласты,
 Күншілдікпен қарасты,
 Мына жерге көмдік біз!
 Жасасын, алаш, жасасын!
 Алаш туы астында,
 Күн сөнгенше сөнбейміз.
 Енді ешкімнің алашты,
 Қорлығына бермейміз!
 Адамдықтың жолына,
 Бастаған ерлер соңында,
 Басқаға көңіл бөлмейміз,
 Қандай шайтан келсе де,
 Алдауына көнбейміз.
 Өлер жерден кеттік біз,
 Бұл заманға жеттік біз!
 Жасайды алаш, өлмейміз!
 Жасасын, алаш, жасасын!

1917 жыл

<https://abai.kz/post/38182> порталынан алынды.

13. Төмендегі дереккөзі мен өз білімінді қолдана отырып, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа баға беріңіз.

«...16 жылғы оқиғалар қазақ қоғамында империялық үстемдікке қарсы күресте екі көзқарастың, екі әдістің болғандығын көрсетіп берді»... «батырлар бастаған қол жасақтап, жауға қарсы көтеріліп, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау еді. 16 жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарастың қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Ол әдістің негізгі белгісі ұлттық саяси тұтастық және негізгі мақсаттар үшін саналы, ұйымдасқан әрекетке өту екендігін халыққа жеткізуге тырысты».

Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. - Алматы : Санат, 1995. - 368 б.

Қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты ұстанымдары:

1
2

Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызы:

--

14. Кестеде берілген қазақ зиялыларының ұлттық мүддені сақтаудағы рөлін бағалаңыз.

	
Тарихи тұлғалар кімдер?	
Ұлттық мүддені сақтаудағы рөлі қандай?	

15. Берілген дереккөзбен танысып, ұлт зиялыларының қызметін анықтаңыз.

В.И.Ленинге жазылған хат

...Имперализмнің сан ғасырлық езгісінде болып келген халық ең алдымен осы езгіден азаттық алуды ойлайды. Қазақтардан неліктен өзін-өзі билеуге ұмтылатыны, Кеңес үкіметінің қазақтардың нені тілейтіні әзірше бізге айқын емес және күннен-күнге барған сайын бұлыңғыр болып барады...

Соған байланысты мыналар қажет етеді:

1. Халқы аралас аудандарда үкімет органдарының бәрінде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 бөлігі болуға тиіс.
2. Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын.
3. Қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан болсын.
4. Қазақ өлкесінің шегарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуі тиіс.

*Қазақ әскери-революциялық Комитеті мен БОАК мүшесі А.Байтұрсынов.
1920 жыл 7 мамыр, Мәскеу қаласы*

Ұлттық мемлекет құрудағы алаш қайраткерлері (Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Ә.Ермеков, А.Байтұрсынов, М.Сералин) қызметінің маңыздылығы неде?

1.
2.

Ұлт зиялыларының белсенді болуы қандай жағдайға алып келуі мүмкін?

1.
2.

№10. Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде

1. Дұрыс жауап таңдау тесті

№	Сауалдар	1916 ж. 25.06.	1913 ж.	1917 ж. 24.02.	1917 ж. 25.10.	1920 ж. 20.08.
1	Қазақ АССР құрылуы					

2	Бұратаналарды қара жұмысқа салу туралы патша жарлығы					
3	Қазан төңкерісінің жеңуі					
4	А.Байтұрсынов «Қазақ» газетін шығарған жылы					
5	Ресейдегі II революция нәтижесінде II Николайдың тақтан түсуі					

2. Ә.Бөкейханов кадет корпусынан неге шықты? Жауап беру үшін төмендегі үзінділермен танысыңыз. Алашордашылардың басқа өкілдерінің көзқарастары қандай болды? Түсіндіріңіз.

«Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдша көрші мұжыққа сатып, біз аз жылда сыпырылып, жаңаша шыға келеміз.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұланды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық. Француз, орыс пәле өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молла хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалавания алған моллалар үкіметке жетекшіл болып, ерін кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша “отделение церкви от государства” дейді, кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.


Осы үш жол айрылғалы биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім».

Ғалихан. “Қазақ” газеті, 1917, 23 желтоқсан, №256.

“Қазақ” - саяси партияға кірген кісі, кірген партиясының программасына мақұл болады. Одан шыға жайылам деген екен, партия программасынан айырылғандығы жағдайы қазақ һәм күзгі күнгі Сібір съездеріне мәлім еді. Орынборда болып өткен желтоқсанның 5-13-де соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінде Ғалихан топқа кадет партиясынан шыққандығын баян қылды. “Кадет партиясынан неге шықтым?” деп себептерін көрсетіп жазған мәнісі сол.

“Қазақ” 1917, №256. Кеңес Нұрпейісов.// Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.

3. Сызбаны таратыңыз.



4. Қысқаша мәліметтер беріңіз

1. Қазақ АССР және Түркістан Республикасы.
2. Мұсылман бюросы және Түрккомиссия
3. Тұтас Түркістан идеясы

5. «Қазақ КСР-нің құрылуы – мемлекеттілікті қалпына келтірудегі алғашқы қадам». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз? Өз жауабыңызды негіздеу үшін бірнеше дәлелдер келтіріңіз.

6. «XX ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанның білім беру жүйесіне оң өзгерістер енгізілді». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз? Өз жауабыңызды негіздеу үшін бірнеше дәлелдер келтіріңіз.

7. Мәтінді және тарихи білімдеріңізді пайдалана отырып, XX ғасырдың I жартысындағы Қазақстан мәдениетінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдаңыз.

XX ғасырдың I жартысындағы Қазақстан мәдениеті

... Рухани мәдениет саласында түбегейлі жаңғыру көрініс тапты. Зайырлы мектеп қалыптасты, жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүйесі енгізілді, қазақ техникумдары мен жоғары оқу орындары пайда болды. Шығармашылық зиялы қауым заманауи өнер жанрлары мен түрлерін жасады. Дінге қарсы күрес жүрді және атеистік насихат жағдайларында исламның қоғамның рухани өміріне ықпалы әлсіреді

Джандосова З.А., Қазақстан тарихы, 10 сынып

8. А.Байтұрсыновтың қоғамдық қызметін хронологиялық ретпен орналастырыңыз.

А. «Қазак» газетінің шығуын ұйымдастырып, бас редактор қызметін атқарды.

В. Ауылдық және болыстық мектептерде мұғалім болып, кейінірек Қарқаралыдағы екі сыныптық училищенің меңгерушісі болды.

С. Орынбордағы халық ағарту институтында, Ташкент және Алматыдағы педагогикалық институттарда қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушы профессоры қызметін атқарды.

9. Алашорда автономиясы мен Қоқан автономиясының айырмашылықтары мен ортақ мақсаттарын және автономиялар идеяларының неліктен жүзеге аспай қалуының себептерін анықтап, тарихи маңызын жазыңыз.

<i>Алашорда автономиясы</i>		<i>Түркістан автономиясы</i>
Айырмашылықтары:	Ортақ мақсаттары:	Идеяларының жүзеге аспай қалуының себептері
1	1	1
2	2.	2
Тарихи маңызы:		

10. Берілген дереккөздегі статистикамен танысып, өз біліміңді қолданып, 1921-1922 жылғы ашаршылықтың себептері мен жою шараларына қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылық

1921-1922 жылдардағы аштыққа ұшырағандардың саны		
1921 жыл: қараша – 1 558 927; желтоқсан – 1 572 291	1922 жыл: қаңтар – 1 554 197; ақпан – 1 625 387; наурыз – 1 719 234.	1922 жыл: сәуір – 2 286 486; мамыр – 2 093 403; маусым – 2 019 475.

ҚАКСР Еңбек және Қорғаныс кеңесінің есебі. Орынбор, 1922 жыл.

1921-22 жылдары Қазақстанда ашаршылықтың болуына қандай факторлар әсер етті?


Ашаршылықты жою үшін қандай шаралар жүргізді?

11. Жаңа экономикалық саясаттың тиімді және тиімсіз тұстарын анықтап, нәтижелерін жазыңыз

<i>Тиімді тұсы</i>	<i>Тиімсіз тұсы</i>	<i>Саясаттың нәтижесі</i>

№11. Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы

1. Кестені толықтырыңыз.




2. Кестені толтырыңыз.

XX ғ. 20 жж. аяқ кезіндегі мемлекеттің реттеу актілері өздерінің мақсаты жағынан жүзеге аспайтын, мән-мағынасы жағынан бүлдіруші актілер болатын. 1926-1927 ж.ж. шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу нәтижесі:


..... мың дес. шабындық жер		
..... мың дес. егістік жер		
Кедейлер	 %	Нәтижесі
Ауқаттылар	 %	
Орташалар	 %	
Ауқатты шаруалар	 %	

3. 1927-1928 ж.ж. ірі байлар шаруашылықтарын тәркілеу бойынша сызбаны толықтырып жазыңыз.



4. Сызбаны байланыстырыңыз.

Қазақстандағы 1928-1931 ж.ж. шаруашылықтың ұжымдастырылуы.



5. Толықтырыңыз. 1932 жылдың 7 тамызында қандай заң қабылданды, бұл заң бойынша айыпты деп танылғандарға қандай жаза қолданды және мұны кімдер шешті? Жауапты түсіндіріңіз.

_____ жылы әкімшіл-әміршіл үкімет ірі бай шаруашылығын тәркілеу туралы Декрет қабылдады. Заң жобасы бойынша _____ бай қожалық тәркіленуге тиіс еді, алайда қазақ өлкесінде бұл уақытта ірі байлар осыншама көп болмаған. Сондықтан тапсырған міндетті орындау үшін жергілікті органдар орташа шаруаларды да тәркілеуге кірісті.

Жемшөп азығының жоқтығы бір орынға жинастырылған мемлекеттік колхоз меншігіндегі малдың қырыла бастауына әкеп соқты. 1929 жылы ұжымдастыру науқаны басталғанда Қазақстанда _____ млн. бас малы болса, 1933 жылы _____ млн. ғана қалды. Мал басы саны _____ есе азайды. Шаруашылықтар күйзеліске, халық аштыққа ұшырады. Республика халқының саны _____ млн. адамнан _____ млн адамға кеміді. Халық саны қайта қалпына келтіру үшін елімізге әлі _____ жыл қажет болды.

Тәркілеу идеологиясы шаруаларға келгенде кең көлемдегі репрессиялық шараға айналып кетті.

6. Дерекпен жұмыс.


Ақмола округі бойынша астық дайындау мен ұжымдастыру науқанында орта шаруаға қатысты бұрмалаушылықтар орын алғаны анықталды. Орта шаруаларға тұтқында ұстау, ұрып-соғу, өз еркінен тыс ауыр жұмысқа салу, мал, дүние-мүлкін тәркілеу жазалары қолданылған. Салынған салық көлемінің ауырлығы соншалық, орта шаруа қолындағы бар дәулетінен айырылған. Оның үй-жайын тартып алған, колхоздан қуып, жер аударып жіберген.

1. Мұндай жазалау шаралары басқа округтерде де орын алды ма?
2. Ұжымдастырудың бұл әдісін орта шаруаларға қолдану қажет па еді?

7. Білгеніңізді ортаға салыңыз. БК(б)П-ның XIV съезі 1925 жылы желтоқсанда белгілеген елді индустриаландыру бағытын жүзеге асыру Қазақстанда бірсыпыра елеулі қиыншылықтарға кездесті. Олардың, ең бастысы, республиканың әлеуметтік-экономикалық мешеулігі еді. Тағы қандай қиыншылықтар болды?

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

8. Сызбаны толтырыңыз!



9. Қазақстандағы индустрияландыру саясатының жетістіктері мен кемшіліктерін берілген бөлімдер бойынша талдаңыздар.

Қазақстандағы индустрияландырудың қиындықтары	1. 2.
Қазақстандағы индустрияландырудың жағымды жақтары	1. 2.
Қазақстандағы индустрияландырудың келеңсіз жақтары	1. 2.
Қазақстандағы индустрияландырудың нәтижелері	1. 2.

10. Төменде берілген дереккөз бен біліміңізді қолданып, күштеп ұжымдастыру науқанын тарихи фактілермен сипаттап, салдарына талдау жасаңыз.

РСФСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтан.
11 наурыз 1933 ж. № Т.Р.-07/0 Мәскеу, Кремль

И.В. Сталинге хат

Қазақ халқы 1931 жылдың екінші жартысынан бастап, туған жерінен тыс аймақтарға көше бастаған. Мұндай қоныс аударып, үдере көшу көктемге қарай күшейе түсті. Аштық, ауру-індет жайлаған көптеген қазақ ауылдары мен қоныс аударушылардың қырылуы көбейді, мұндай опат орталық биліктің жедел түрде көмек беруіне мұқтаж. ... Қазақстан халқының басына түскен мұндай ауыр жағдай көрші мемлекеттерде көрініс таппаған. Ашаршылыққа ұшыраған қоныс аударушылар өздерімен бірге Ташкент, Сібір т.б. өлкелерге ауру-індеттерді таратуда. Кеңес өкіметі тарапынан жасалынған кейбір іс-шаралар бұл мәселені шеше алмады. Орталық Атқару Комитетінің қабылдаған қаулысы негізінде бөлінген азық-түліктің басым бөлігі тиісті өлкелер мен аш адамдарға жетпейді. Бұл опаттың салдары болуына байланысты сізден осы хатқа назар аударып, мына сұмдық жағдайға араласуыңызды сұраймын. Ашаршылыққа ұшыраған халықтың өмірін сақтап қалу үшін көмек беруіңізді өтінемін.

«Қазақстан коммунисті», 1990, № 7, - Б.44–65.

Қазақстанда жаппай ұжымдастырудың қандай салдары болды?

1) _____

2) _____

3) _____

Осы хатты жазған тұлғаның тағдыры қалай болғандығын жазыңыз.

11. Төменде берілген суреттен тарихи оқиғаның себебін анықтап қорытынды жасаңыз.



1937 жылы ұлт зиялысы тұрпатының осындай болуы кеңес үкіметінің қандай саясатымен байланысты?

Ұлт зиялыларын қудалаудың себептері неле?

12. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық жазудың реформаторы» тақырыбында нақты деректер мен дәйектер келтіріп, 80-100 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

жоғары болды: майданға және қорғаныс өнеркәсібіне оның әрбір бесінші тұрғыны жіберілді. Мобилизациялау пайызының мұнша жоғары болуына қандай есептер болды?

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

14. Кестені толтырыңыз. Отан қорғаушыларының ерліктері.


Б.Момышұлы	Т.Бигелдинов	М.Маметова
Ә.Молдағұлова	Р.Қошқарбаев	Қ.Қайсенов
И.Павлов	Л.Беда	С.Луганский

15. Берілген тұжырымдардың «ақиқат» не «жалған» екендігін ажыратыңыз.

№	Ақпараттар	«ақиқат»	«жалған»
1	Қазақстан еңбекшілері «Қорғаныс қорына» ерікті түрде жинаған қаражатынан 4,7 млрд сом ақша, 2,5 млн астам киім, 1600 вагон сыйлық жіберген.		
2	Қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы өз қаржысына сүңгуір қайық жасатып, оған А.Имановтың есімін бергізеді.		
3	1942 жылы Қазақстан Одақта өндірілген қорғасынның 60 % - ын, мұнайдың 1 млн тоннаға жуығын берді.		
4	Соғыс жылдары майданға жақын аймақтардан 220 завод пен фабрика Қазақстанға эвакуациялады.		
5	1943 жылы Алматы жастарының қаржысына жасалған ұшақ батыр ұшқыш С.Луганскийге табыс етті.		
6	Майданды азық-түлікпен қамтамасыз етуде звено		

жетекшісі Шығанақ Берсиев күріш өндіруде ерен еңбек етті.		
---	--	--

16. Суреттер мен тарихи білімдеріңізді пайдалана отырып, XX ғасырдың 20-80 жылдары Қазақстан мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдаңыз.

 «Еңлік-Кебек» қойылымы http://anatili.kazgazeta.kz/wp-content/uploads/EK.jpg сайтынан алынған	 Ә. Қастеев. «Түрксіб» https://www.oner.kz/content/uploads/2017/07/Turcib-1969-933x700.jpg сайтынан алынған
 К. Байсейітова. «Қыз Жібек» операсы https://dknews.kz/ru/eksklyuziv-dk/235693-kulyash-bayseitova-pervaya-opernaya-pevica-kazashka сайтынан алынған	 А. Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» көркем фильмі https://www.silkadv.com/en/content/kinoiskusstvo-kazahstana сайтынан алынған

13. Әміре Қашаубаевтың орындауындағы «Балхадиша» халық әнін төмендегі QR кодты ұялы телефонмен сканерлеу арқылы тыңдап, кеңестік кезеңдегі қазақ мәдениетін түсіндіріңіз.
https://www.youtube.com/watch?v=xm2o5Iz_zyU



№12. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары

1. Кестені толтырыңыз.

XX ғ. 40-50-ші жж. қоғамдық идеология	Қоғамдық ғылымдарға қарсы шаралар (қаулылар): себебі, мәні
---------------------------------------	--


--	--

2. Кестені толтырыңыз.

1950-60 ж.ж. елдің саяси дамуындағы маңызды оқиғалар.

1947 жыл	
1949 жыл, 29-тамыз	
1956 жыл, ақпан	
1954 және 1956 жылдары КОКП Орталық Комитеті мен Кеңес үкіметінің шаралары	
1964 жыл қыркүйек Пленумы	
1965 Шаруашылық реформалар	


4. Сызбаны таратыңыз.



5. Кестені толықтырыңыз. XX ғ. 60-70 жж. республиканың экономикасы

Өнеркәсіптің дамуы	
1957 жыл шаруашылық реформасы	
1965 жыл шаруашылық реформасы	
Біртұтас транспорт жүйесінің жасалуы	
Жұмысшы табының өсуі	
Ауыл шаруашылығы	

6. Кестені толтырыңыз




7. Кестені толтырыңыз.

XX ғ. 60- жж. экономикалық реформалардың 1970 ж. басындағы көрінісі.

Реформалардың негізгі мақсаты	Реформалардың сәтсіздікке ұшырауының себебі

8. Сызбаны таратыңыз.



9. Кестені толтырыңыз.

Тоқырау жылдары

Халықтың тұрмыс дәрежесі: тенденциясы мен қарама-қайшылықтары	Саяси өмір және ұлттық қатынас

10. Үндеуді толықтырыңыз.

КСРО-ның сыртқы саясаты. «Невада-Семей» қозғалысы.

Республика жұртшылығының 1989 жылы ақпандағы митингісінде тұңғыш кеңестік “Невада-Семей” қозғалысының бастамасы қаланды. Оны белгілі қоғам қайраткері, акын О.Сүлейменов басқарды. Бұл қозғалыс бүкіл Қазақстан халқы тарапынан күшті қолдау тапты. Елдің көптеген қалалары мен аймақтарында оның бөлімшелері құрылды. Қысқа мерзімнің ішінде бұл қозғалыс неғұрлым ықпалды қоғамдық қозғалыстардың біріне айналды. Оны ядролық қарусыздану жолында күресуші халықаралық жұртшылық та қолдады.

Бұл қозғалыстың Семей облысы Қарауыл ауылының жанында 1989 жылы 6 тамызда өткен митингісінде КСРО мен АҚШ халықтары мен Президенттеріне ядролық сынауға бірлесіп мораторий жариялау қажеттігі туралы үндеу қабылданды. Онда былай делінді:

1990 жылы Алматыда өткен халықаралық Конгрессте

1991 жылы 28 тамызда _____ жарлыққа қол қойылды.

11. Берілген деректерге мұқият қарап, оларды сұрақтарға жауап беру үшін көмек ретінде пайдаланыңыз.

А. Дереккөзі. Ұлы Отан соғысынан кейінгі Қазақстанның ауыл шаруашылығының жағдайы



<https://world-nan.kz/kz/blogs/uly-otan-sogysynan-keyiingi-qazaqstannyn-auyl-sharuashylygynyn-zhagdayiy>

Б Дереккөзі. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін еліміздің экономикалық жағдайы өте қиын болды. Жау қолында болған қалалар мен селолардың тек қирандылары ғана жатты. Кеңес Одағы байлығының үштен бірі жойылып кетті. 1710 қала, 70 мыңнан астам деревнялар мен селолар, көптеген зауыттар мен фабрикалар, шахталар, мыңдаған шақырым теміржолдар және т.б. істен шығып қалды. Соңғы тарихи деректер бойынша, Кеңес Одағынан соғыста 30 млн-ға жуық адам қаза болды. Бұл елдеп адам ресурстарының тапшылығына алып келді. Осынау қиындықтарға қарамастан қысқа мерзім ішінде халық шаруашылығын қалпына келтіру керек болды. Қазақстан халқы халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру ісіне белсене араласты. Ондаған қалалар мен аудандарға туысқандық көмек жасады. Мыңдаған қазақстандық жұмысшылар мен мамандар Ленинград пен Сталинградта, Брянск пен Донбаста, Солтүстік Кавказда, Украинада, Белоруссияда және Кеңес Одағының басқа да аудандарында аянбай еңбек етті.

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8814>

В дереккөзі. Семей сынақ полигоны ядролық жарылыстарды жүзеге асыруда көлемі жағынан да, саны жағынан да, технологиялық деңгейі жағынан да әлемдегі ең үлкен де озық сынақ орнының бірі болды. Алғашқы атом бомбасын сынау 1949 жылы өткізілсе, 1953 жылғы 12 тамызда термоядролық құрылғы сыналды, ал 1955 жылы 29 қарашада сутегі бомбасы жарылды. Жалпы, 1949 жыл мен 1989 жыл арасында 456 ядролық сынақ (616 жарылыс) жасалды. Семей сынақ полигонында ядролық қаруларды сынауды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі 1949–1962 жылдарда ядролық жарылыстарды ауада және жер үстінде жүргізу болса, екінші кезеңі 1962–1989 жылдарда жер астында (штольнялар мен ұңғымаларда) жүргізілді. Сынақты ауада, жер бетінде жасағанда қоршаған ортаның радиациялық ластануы көбірек 8 болады. Соны ескеріп, кейінгі жылдары жерасты жарылыстарына көбірек назар аударылды. Семей полигонында тек ядролық жарылыстар ғана сыналмай, химиялық жарылыс заттарын пайдалана отырып жүргізілетін жарылыстар да сыналды.

<https://egemen.kz/article/14539-poligon>

С дереккөзі. «Семей ядролық полигоны: суреттер сыр шертеді»



Беркінбаев О. Семей ядролық полигоны: суреттер сыр шертеді
<https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/29248>

А) Дереккөздер мен өз біліміңді пайдалана отырып, Қазақстанның соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығының дамуын зерттейтін тарихшыға дереккөздің құндылығын бағалаңыз.

В) Дереккөздер мен өз біліміңді пайдалана отырып, соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан халқының халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру ісіндегі рөліне баға беріңіз.

С) Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолданыңыз. «Семей полигонының экономикалық, әлеуметтік және демографиялық зардаптары ауқымды болды» Осы тұжырыммен қаншалықты келісесіз?

12. Дерекпен жұмыс. Кестені толтырыңыз.


Қазақстандағы «Қайта құру» саясатының сипаты

М.С.Горбачев (1985-1991жж.) - елді басқарудағы реформаторлық бағыттың үстемдік алуы.


Жариялық	Саяси өмірдегі өзгерістер

13. 1986 жылғы «Желтоқсан ызғары» тақырыбында өз көзқарасыңызды жазыңыз.

14. Сызба конспектті толықтырыңыз.



15. Кестені толтырып, түсіндіріңіз. 1991 жылы 19 тамыздағы Мәскеуде өкімет билігін Төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік Комитет басып алды.



16. Мұхтар Шахановтың 1989 жылы Халық депутаттарының Бүкілодақтық съездінде сөйлеген сөзін төмендегі QR кодты ұялы телефонмен сканерлеу арқылы тыңдап, 1986 ж. «Желтоқсан ызғары» тақырыбында өз көзқарасыңызды жазыңыз. https://www.youtube.com/watch?v=tx_ogWh0njc



№13. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылысы

1. 1990 жылы 25 қазанда Қаз КСР мемлекеттік егемендігі жарияланып, Декларациясы қабылданды. Мұнда не туралы жазылған?

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____
11. _____
12. _____
13. _____
14. _____
15. _____
16. _____
17. _____

2. Құжатпен жұмыс. 1991 жылы желтоқсан айындағы тарихи оқиғаларды жазыңыз.

3. Кестені толтырыңыз. Тәуелсіз Қазақстанның саяси партиялары және қоғамдық қозғалыстары.

Атауы	Құрылу уақыты, бағдарламалық принциптері

4. Сәйкестікті табыңыз.

1990 жыл 25 қазан	Қазақстан халықтарының форумы
1992 жыл 14 желтоқсан	Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация
1991 жыл 29 тамыз	Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы
1992 жыл	ҚазКСР Президентінің Семей полигонын жабу туралы Жарлығы.
2003-2005 жж.	Қазақстандағы Ресей жылы
2004 жыл 19 қыркүйек	ҚР Президенті «Ауыл жылдары» деп жариялады
1997, 20 қазан	ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаттарын сайлау
2004 жыл	Ақмола ел астанасы болып жарияланды
1992 жыл 2 қаңтар	ҚР ОБСЕ мүшесі болды

1992 жыл 4 маусым	Ұлттық валюта енгізілді
1993 жыл 15 қараша	Мемлекеттік рәміздер туралы заңдарға қол қойылды
2004 жыл 19 наурыз	«Қазақстан экономика, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында» атты ҚР Президентінің Жолдауы
1999 жыл	«Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» атты ҚР Президентінің Жолдауы
2000 жыл	Ұлттық тарих жылы
2005 жыл 18 ақпан	Мәдениетті қолдау жылы
1999 жыл	Ұрпақтар сабақтастығы жылы
2003 жыл	Ұлттық бірлік және жаппай саяси репрессия құрбандарын еске алу жылы
1997 жыл	Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Астанадағы тұңғыш съезі
1992 жыл	ҚР Азиядағы өзара қарым-қатынас және сенім шараларына арналған Кеңесті ұйымдастыру бастамасы (СВМДА)

5. 1995 жылғы ҚР Конституциясы бойынша жазыңыз:

Тараулары:

Баптары:

Қай жылы және қандай жаңа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген?

6. 1993 жылғы және 1995 жылғы Конституциялардың айырмашылығын жазыңыз:

7. Кестені толтырыңыз.

Қазақстан нарықтық экономикаға барар жолда

Нарықтық экономика	
--------------------	--

Көп укладты экономика	
Ұлттық валюта	
Кредиттік қаржы жүйесі	
ҚР Валютасы	
Ауылшаруашылық реформалары	
Өнеркәсіптің шикізаттық бағыты	
Инфрақұрылым	

8. Сызбаны таратыңыз.



9. Қазақстандағы жекешелендірудің негізгі кезеңдері бойынша кестені толтырыңыз.

1 кезең	
2 кезең	
3 кезең	
4 кезең	

10. Халықаралық көрме «ЭКСПО–2017» бойынша жазыңыз.

ЭКСПО көрмесін өткізу еліміз үшін қаншалықты маңызды болды?

4. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қабылданған тарихи құжаттарды талдаңыз.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
әнұранының музыкалық редакциясы
туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы бекітілсін /қоса тіркеліп отыр/.

2. Осы Заң 1992 жылғы 6 маусымнан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ *Р. Назарбаев*

Алматы, 1992 жылғы 4 маусым.

№ ІЗ76-ХІІ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
елтаңбасы туралы" Қазақстан Республикасының
Заңын күшіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы" Заң 1992 жылғы 6 маусымнан бастап күшіне енгізілсін.

2. 4-бап, "6" тармағының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиялары өткізілетін залдарға орналастыруға қатысты бөлігін қоспағанда, 1992 жылғы 1-шілдеден бастап күшіне енгізіледі.

3. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының "Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы ережені бекіту туралы" 1981 жылғы 28 тамыздағы Жарлығының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары 1981 ж., N 36, 608-бап) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақ КСР Мемлекеттік елтаңбасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік музейіне мәңгі сақтап қояға берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Заңның қолданылуын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ел-

- 2 -

таңбасын дайындап шығаруды және оның үлгі нұсқасын сақтауды қамтамасыз ететін болсын.

6. Бейгеге түскен Мемлекеттік елтаңба жобаларының бейсендірілген жинағын әзірлеп, басып шығару Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік нысандарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы мен Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы
С.ӨБДІЛДИН *С.Обдильдин*

Алматы, 1992 жылғы 4 маусым.

№ ІЗ75-ХІІ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы *С.Обдильдин*

Алматы, 1992 жылғы 4 маусым.

№ ІЗ75-ХІІ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық архиві

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы құжаттар.

№14. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және рухани дамуы

1. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстандық білім беру жүйесіне SWOT талдау жасаңыз.

S (күшті жақтары)	
W (әлсіз жақтары)	
O (мүмкіндіктер)	
T (қауіп-қатерлер)	

2. Кестені толтырыңыз.

Соғысқа дейінгі Қазақстандағы білімнің жағдайы	Соғыстан кейінгі Қазақстандағы білімнің жағдайы	Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білімнің дамуы

3. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон саясатының ерекшеліктері туралы төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.

1. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы және отандастарымыздың елімізге оралудағы маңызы. Дүниежүзі қазақтары құрылтайын өткізу мен отандастарымыздың елге оралуының негізгі себептері мен алғышарттары қандай?

2. Қазақстан отандастардың елге жаппай қоныс аударуынан қандай жеңілдіктер мен артықшылықтар алды?

3. Қосымша деректерді пайдаланып, өздерің тұратын аймақтағы оралмандардың бейімделуі туралы айтып беріңдер.

4. Қазақстандағы қазіргі діни ахуалға SWOT талдау жасаңыз.

S Күшті/мықты жақтары	
W Әлсіз жақтары	
O Мүмкіндіктер	
T Қауіп-қатерлер	

5. Құжатпен жұмыс.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сау-ал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арна-лады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.


«Қазақстан–2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін, Елдігіміз Мәңгілік!».

«Қазақстан–2050» бағдарламасы.

Сұрақ: «Мәңгілік Ел»: идеясының біріктірушілік рөлі неде?

6. «Қазақстан – Мәңгілік ел!» тақырыбында 80–100 сөзден тұратын эссе жазыңдар. Тірек сөздер: Тәуелсіздік, ұлттық идея, автономия, мәңгілік ел, татулық, болашақ

7. Инфографиканы және тарихи білімдеріңізді пайдалана отырып, тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытудағы ұзақмерзімді стратегиялардың рөлін түсіндіріңіз.




8. Мәтінді және тарихи білімдеріңізді пайдалана отырып, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Қазақстан Республикасы 1990 жылдары күрделі нарықтық өзгерістерді басынан кеше отыра, экономикалық дербестікке ие болды, әлемдік және аймақтық үдерістердің белсенді қатысушысы атанды. 2000 жылдары дағдарысқа дейінгі кезеңде оның дамуының оң факторлары байқала бастады: ДЖӨ өсімі, төмен деңгейдегі инфляция, тұрақты банк жүйесі, дамыған инфрақұрылым, инвестиция мен өмір сүру деңгейінің өсуі. Бұның бәрі оң тәжірибе мен туындаған мәселелерді шешуге ықпал етті.

Қазіргі экономикалық шындықтар мынадай, экономика саласындағы мемлекеттің интенсивті қызметі нарықтық реформалар мен жекешелендіруді жүргізу үшін емес, ғаламдық экономикалық және қаржы дағдарысының салдары жағдайында ұлттық экономиканы күшейтуге бағыттталып отыр. Екіншіден, дағдарыстан кейінгі экономикалық дамуға тиімді жағдайлардың барлығы дерлік қалыптасқан.

Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): Ғылыми-танымдық басылым/ Б. Аяған, Ә. Ауанасова, А. Сүлейменов. – Алматы: Атамұра, 2014

9. Сторителлинг. Сторителлинг тәсілі арқылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі өзің куә болған тарихи оқиға туралы айтыңыз. Оқиғаның тарихи маңызын түсіндіріңіз.




№15. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

1. Сәйкестендіріңіз!

№ Сұрақтар	Қате жауаптар
1. Денонсация	1 Өз халқының, мемлекетінің мақсат мүддесін сезініп, біліп,оны іске асыруға тырысушылық
2. Жаңаша саяси ойлау	2 Бүкіл жер шарын қамтитын, әлемдік мәселелерді шешуге арналған ғылыми бағыт
3. Ассамблея ұғымы	3 Екі елдің жерін анық бөліп тұратын шекара
4. Ұлттық мүдде	4 Елдің ішкі, сыртқы саясатын белгілеп, жүргізгенде жалпыадамзаттық мұраттар мен қазыналарды жоғары қою
5. Глобальдылық	5 Келісілген екі жақты халықаралық шарттың бұзылғандығын мәлімдеу
6. Демаркация	6 Халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы
7 Интеграция	7. Халықаралық келісім
8. Пакт	8. Мемлекетаралық саяси экономикалық, әскери және т.б. одақтардың құрылуы
9.Ратификация	9. Мемлекеттер арасындағы жасалған шартты жоғарғы өкімет органдарының бекітуі

2. Сызбаны таратыңыз. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты.



3. Сәйкестендіріңіз.

1994 жылы сәуірде	Қазақстан мен Ресей арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды.
1991 жылы 25 желтоқсанда	Қазақстан президентінің Қытай Халық Республикасына алғаш сапары болды, нәтижесінде сауда байланыс жолдары ашылды.
1992 жылы 25 мамырда	Қазақстан мен Қытай арасында шегара аумағын заңдастырып белгілеу (делимитация) жөніндегі келісімге қол қойылды.
1997 жылы	алғашқы Шанхай келісімі жүргізіліп, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы құрылды.

Қосымша В.
«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыс тақырыптары тізімі

1. Тас дәуіріндегі тілдің, рационалды білімнің дамуы, діни түсініктердің қайта құрылуы.
2. Жетісу аумағында Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуы.
3. Ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы жағдайында ежелгі Қазақстан аумағындағы энеолит және қола дәуірін зерттеудегі жаңа көзқарастар.
4. Сақтардың Ахеменидтер державасымен қарым-қатынасы.
5. Сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысуы.
6. Сақтардың Александр Македонскийді жаулап алуына қарсы күресі.
7. Үйсіндердің көрші халықтармен және мемлекеттермен қарым-қатынасы.
8. Талас өзені бойындағы тарихи шайқас (751 ж.).
9. Түркілер арасында қожалардың этностық топтарының пайда болуы.
10. Қыпшақтардың тілі мен әдеби ескерткіштері
11. Түркі-ислам синтезінің қалыптасуындағы Қожа Ахмет Ясауи сопылық мектебінің рөлі.
12. Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр.
13. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмет Ясауи шығармаларының әлемдік маңызы.
14. Монғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы туралы ортағасырлық деректер мен зерттеулер.
15. Алтын Орда дәуірінің мәдени-өркениеттік мұрасы
16. Қазақ қоғамындағы билер институты.
17. XVII ғ - XVIII ғ.ғ. Қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты мен дипломатиясы
18. Қазақ хандығының рухани өмірі мен идеологиясындағы Ахмет Ясауи кесенесі мен қасиетті Түркістан қаласының рөлі.
19. Қойбағар Қобаяковтың дипломатиялық миссиясы
20. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруі
21. 1739-1741 жж. жоңғар-қазақ соғысы.
22. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресіндегі қазақ батырларының рөлі.
23. Жәңгір ханның ағартушылық саясаты
24. XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық жағдайы.
25. XX ғ. басындағы Қазақстандағы көші-қон саясаты және столыпиндік жаңғырту
26. Қаратай мен Арынғазы сұлтандардың қозғалысы (1816-1821 ж.).
27. Старшын Жоламан Тіленшіұлының (1822-1824 ж.) наразылық қозғалысы..
28. Тарихи әдебиеттегі Кенесарыхан
29. Сұлтандар Қасым Абылайханұлы, Саржан Қасымұлы бастаған Сібір ведомствосы қазақтары жеріндегі қозғалыс.
30. Орыс географиялық қоғамының бөлімдері мен бөлімшелерінің (Орынбор, Семей, Түркістан бөлімдері) қызметінің маңызы.
31. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар. «Қазақ», «Вақыт», «Шуро», «Ақмулла» газеттерінің, «Айқап» журналының қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастырудағы рөлі.
32. А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов және бүкілресейлік мұсылман қозғалысы.
33. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениетіндегі ағартушылық және реформаторлық бағыт.
34. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және оның қазақ фольклоры мен шежіресін жинақтауға қосқан үлесі.
35. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметі

36. Мұстафа Шоқай, оның қоғамдық-саяси қызметі
37. Мұсылман бюросы және Түрккомиссия: саяси билік үшін күрес.
- 38.1920-1930 жылдардағы Кеңестік жүйенің реформаларының қасіретті салдарларына байланысты тарихи зерттеулер.
- 39.1937-1938 жж. Қазақстандағы жаппай репрессиялау шаралары және оның салдары: ұлттық интеллигенцияның қиын тағдыры құжаттарда.
40. Фашистердің «Түркістан» легионын құру әрекеті. М.Шоқай және басқалар туралы бұрмаланған аңыз бен шынайы шындық.
41. Саяси сенімсіздік пен жекеленген халықтарды Қазақстанға еріксіз қоныс аудару
- 42.Тұңғыш қазақтың кәсіби тарихшысы Е.Б.Бекмахановтың К.Қасымұлы көтерілісін зерттеу жұмысының негізсіз айыпталуы.
- 43.1955, 1962 жылдарда шетелдік қазақтардың Қазақстанға оралуы.
- 44.Тоқырау жылдарындағы ғылым, әдебиет және өнер саласындағы жетістіктер мен олардың қайшылықты сипаты
- 45.Экологиялық дағдарыстар және Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зардаптары
- 46.1979 ж. Целиноград оқиғасы.
47. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ресми ақталуы және оның жартыкештігі
48. Ауған соғысы және оған қазақстандықтардың қатысуы (1979-1989 жж.).
49. Д.А.Қонаевтың қызметі.
50. «Жастұлпар» және студенттік жастардың басқа да бейресми ұйымдары, алғашқы қазақ диссиденттері
- 51.XXI ғасырдағы экономиканың қазақстандық үлгісі.
- 52.Нұрлы Жол» бағдарламасы Қазақстанның тұрақты экономикалық тірегі
- 53.Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар.
- 54.ҚР Білім және ғылым жүйелеріндегі реформалар.
- 55.Денсаулық сақтау ісінің нарықтық экономика жағдайына көшуі.
- 56.Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері.
57. Діни экстремизм мен терроризм қаупі және оған қарсы күрес.
- 58.Түркі әлемі интеграциясының бүгінгі бағыттары.
- 59.ҚР Адам құқықтары бойынша өкілдік институты(Омбудсмен).
- 60.Қазақстан және Солтүстікатлант альянсы (САКУ - НАТО).
- 61.Қауіпсіздіктің жаңа геосаяси мәселелері.
- 62.Қазақстан және ЕҚЫҰ
63. Тәуелсіз Қазақстанда халықтың ауызша тарих айту дәстүрінің, шежіренің, жазбаша тарихнаманың: жаңаша бағалануы.
64. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер және қазақ халқының қалыптасуының кезеңдері.
- 65.Түркі халықтарының ойшылдарының еңбектерінің тәуелсіз Қазақстанда бағалануы (Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, М.Қашқари, Ж. Баласағұни, М.Х.Дулати, Қ.Жалари).

Қосымша Г.

«Қазақстан тарихы» пәнінен сабақта және сабақтан тыс уақытта көрсетуге болатын тарихи фильмдер тізімі

1. «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясы (2021 ж., Режиссеры – Мұрат Есжан).
2. «Бауыржан Момышұлы» телехикаясы (2013 ж., Режиссеры – Ақан Сатаев).
3. «Мұстафа Шоқай» фильмі (2008 ж., Режиссеры – Сатыбалды Нарымбетов).
4. «Аманат» фильмі (2016 ж., Режиссеры – Сатыбалды Нарымбетов).
5. «Батырлар» фильмі (2021 ж., Режиссеры – Асқар Ұзабаев).
6. «Ұлы Дала таңы» фильмі (2022 ж., Режиссеры – Ақан Сатаев).
7. «Батыр Баян» фильмі (1993 ж., Режиссеры – Сламбек Тәуекел).
8. «Сардар» фильмі (2003 ж., Режиссеры – Болат Қалымбетов).
9. «Путь лидера» фильмі (2016 ж., Режиссеры – Сергей Снежин).
10. «Қаныш. Қазына» телехикаясы (2023 ж., Режиссеры – Ерлан Нұрмұхамедов).
11. «Мағжан. Мен жастарға сенемін» телехикаясы (2022 ж., Режиссеры – Дархан Сәркенов).
12. «Міржақып. Оян, қазақ» телехикаясы (2023 ж., Режиссеры – Мұрат Есжан).
13. «Ән-аға» телехикаясы (2017 ж., Режиссері – Жасұлан Пошанов).
14. «Қорқыт» фильмі (2023 ж., Режиссеры – Қанағат Мұстафин).
15. «Дулати» фильмі (2019., Режиссеры – Бақытас Санитас).
16. «Домалақ ана» фильмі (2021 ., Режиссеры – Батырхан Дәуренбеков).
17. «Сарай сыры» фильмі (2021 ж., Режиссеры – Құралай Зейнеғабдыдина).
18. «Абай жолы» фильмі (202 ж., Режиссеры – Мұрат Есжан).
19. «Дина. Күй құдірет» фильмі (2022 ж., Режиссеры – Батырхан Дәуренбеков).
20. «Әлкей. Ғұлама ғұмыр» фильмі (2023 ж., Режиссеры – Жасұлан Пошанов).
21. «Бұлбұл» фильмі (2021 ж., Режиссеры – Санжар Омаров).
22. «Полигон» фильмі (2020 ж., Режиссеры – Ахат Ибраев).
23. «Жамбылдың жастық шағы» фильмі (2001 ж., Режиссерлері – Н.Есімғалиев, Б.Сүлейменов, С.Текеев, Қ.Мерғазиев).
24. «Мәншүк туралы дастан» фильмі (1969 ж., Режиссеры – Мәжит Бегалин).
25. «Құнанбай» фильмі (2015 ж., Режиссеры – Досхан Жолжақсынов).
26. «Жау жүрек мың бала» фильмі (2012 ж., Режиссеры – Ақан Сатаев).
27. «Қазақ хандығы. Алмас қылыш» фильмі (2016 ж., Режиссеры – Рүстем Әбдіраш).
28. «Томирис» фильмі (2019 ж., Режиссеры – Ақан Сатаев).
29. «Амангелді» фильмі (1938 ж., Режиссеры – Моисей Левин).
30. «Артымызда Мәскеу» (За нами Москва) фильмі (1967 ж., Режиссеры – Мажит Бегалин).
31. «Мергендер» (Снайперы) фильмі (1985 ж., Режиссеры – болотбек Шамшиев).
32. «Көшпенділер» фильмі (2005 ж., Режиссерлері – Сергей Бодров, Талғат Теменов, Иван Пассер).
33. «Қыз Жібек» фильмі (1970 ж., Режиссеры - Сұлтанмахмет Қожықов).
34. «Балуан Шолақ» фильмі (2019 ж., Режиссеры – Нұргелді Садығұлов).
35. «Біржан сал» фильмі (2009 ж., Режиссеры – Досхан Жолжақсынов).
36. «Шоқан Уалиханов» фильмі (1957 ж., Режиссеры – Мәжит Бегалин).
37. «Сұлтан Бейбарыс» фильмі (1989 ж., Режиссеры – Булат Мансуров).
38. «Қараш қараш оқиғасы» фильмі (1968 ж., Режиссеры – Болотбек Шамшиев).

39. «Абай әні» фильмі (1946 ж., Режиссерлері - Ефим Арон, Григорий Рошаль).
40. «Отырардың күйреуі» фильмі (1991 ж., Режиссеры – Ардақ Әмірқұлов).
41. «Атаманның ақыры» фильмі (1970 ж., Режиссеры – Шәкен Айманов).
42. «Қан мен тер» фильмі (1978 ж., Режиссерлері – Әзірбайжан Мәмбетов, Юрий Мاستюгин) және т.б.

Қосымша Д.

Тарихи фильм мазмұнын талдауға арналған жұмыс қағазы

Аты-жөні.....

Тобы.....

Фильмнің аты.....

Режиссеры.....

Кезеңі.....

Фильммен байланысты сұралатын сұрақтар

1. Сіздің ойыңызша фильмге неге мұндай атау берілген?
2. Фильмде алғашқы көрініс қалай басталады? Алғашқы көріністе кімдер және нелер бар?
3. Фильм қандай уақыт аралығын қамтиды?
4. Фильмде қандай қалалар және жерлер бар?
5. Кейіпкерлер қандай тілде сөйлеседі?
6. Өзіңіз білетін қандай тарихи сипаттамалар фильмде орын алады?
7. Фильмде қандай әйел кейіпкерлер бар?
8. Фильмде қандай еркек кейіпкерлер бар?
9. Фильмде ұнатқан кейіпкеріңізді сипаттаңыз?
10. Фильмде ұнатпаған кейіпкеріңізді сипаттаңыз? Не үшін ұнатпағаныңызды түсіндіріңіз?
11. Фильмде қай кейіпкердің орнында роль ойнағанды қалар едіңіз?
12. Сіздің ойыңызша фильмдегі кейіпкерлердің киімі мен бүгінгі киім үлгісі арасында ерекшелік бар ма? Бар болса, ерекшеліктерін атаңыз?
13. Фильмдегі ғимараттар мен бүгінгі ғимараттардың арасында ерекшелік бар ма? Бар болса, мұның себебі неде?
14. Фильмдегі байланыс құралдарын атаңыз? Бүгінгі байланыс құралдарынан ерекше болса, себебін көрсетіңіз?
15. Фильмде кейіпкерлер қалай байланысады?
16. Фильмде ең көп қайсы эпизодты ұнаттыңыз? Не үшін?
17. Фильмнен естіген, үйренген ұғымдар мен терминдерді атаңыз?
18. Фильмде байқаған жағымсыз мінез-құлықтарды атаңыз? (өтірік айту, құрметсіздік, ұсқынсыздық т.б.)
19. Фильмнен мейірімділік, әділет, еңбексүйгіштік, тазалық т.б. байланысты оқиғалар көрдіңіз бе?
20. Фильмнің соңы немен бітуі мүмкін болжам жасаңыз?
21. Фильм қалай аяқталғанын қалар едіңіз?
22. Фильмнен не үйрендіңіз?
23. Фильм несімен сізді ойландырды? Фильмнен кейін қандай нәрсе сізді келешек үшін ойландырады?

Қосымша Е.

Интернет сілтемелері және электронды қосымшалар

№	3Д видеотур иесі	3Д видеотур Сілтемесі
1	М.О.Әуезовтың әдеби-мемориалды музей үйі	https://3d-maps.kz/ru_place_286-literaturno-memorialnyy-dom-muzey-mo-aezova#iframe
2	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі	https://elibrary.kaznu.kz/ru/virtualnyj-tur-muzeya-al-farabi
3	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі	https://csmrk.kz/index.php/mnu-exposition/mnu-virtual-obzor
4	Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі	https://nmrk.kz/ru/halls/
5	ҚР Ә.Қастеев атындағы өнер музейі	https://3d.gmirk.kz/index.php/ru/
6	«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы	http://dp.azretsultan.kz/
7	Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы	https://abai-museum.kz/?page_id=2904
8	«Танбалы» музей-қорығы	https://tanbaly.kz/3d-tur-po-tanbaly
9	«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы	https://saraishyq.kz/kk/3d1
10	«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы	https://www.ezhelgi-taraz.kz/karahan-daytbek/Karahan%20i%20Daytbek.html
11	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» Республикалық мемлекеттік мекемесі	http://www.cga.kz/index.php?module=kazakhstanika
12	Мемлекет тарихы институты	https://history-state.kz/?SHOWALL_1=1
13	Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві	https://www.ulttykarhiv.kz/
14	Отырар – мемлекеттік археологиялық қорық музей	http://otrar.rightbytes.kz/
15	Qazaqstan Tarihy порталы	https://e-history.kz
16	Қазақстан тарихын тереңдей білгісі келетіндерге арналған сайт	http://www.tarih-begalinka.kz/
17	Bilimland платформасының Қазақстан тарихы бойынша білім беру ресурсы	https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy
18	Тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанынан шығарылатын электронды ғылыми басылым «Asian Journal «Steppe Panorama»	http://ajspiie.com/index.php/history
19	Қазақстан Республикасы Президентінің архиві	https://archive.president.kz/

Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е.

Қазақстан тарихы
Жоғары оқу орнына арналған оқулық

Редактор: п.ғ.к., Т. Данияров
Техникалық редакторы: PhD А.Аманов

Формат: 70х100/16 (170х250),
Тығыздығы 90 гр./м²
Қағазы офсеттік. Көлемі 325 бет.
Тиражы 300 дана.